

І. Жансүгіров атындағы Жетісу Университеті

ОӘЖ 347.711(574)

Қолжазба құқығында

ЖҰМАДІЛОВА МИРА АСҚАРБЕКҚЫЗЫ

**Қазіргі жағдайдағы ҚР электрондық сауданы азаматтық - құқықтық
реттеу**

«6D030100-Құқықтану»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу
үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
з.ғ.д., профессор Е.Ш.Дусипов
з.ғ.к., профессор Б.А.Сериев

Шетелдік ғылыми кеңесші:
з.ғ.к., доцент Г.А. Дубов

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
	АНЫҚТАМАЛАР.....	4
	БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
	КІРІСПЕ.....	6
1	ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ.....	15
1.1	«Электрондық сауда» ұғымы және оның мәні.....	15
1.2	Электрондық сауданы жүзеге асыру саласындағы электрондық құжаттардың азаматтық – құқықтық мәні.....	28
1.3	Электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз ету (халықаралық - ұлттық аспект).....	42
2	ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА САЛАСЫНДАҒЫ МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТЕТІГІ.....	57
2.1	Электрондық мәмілелердің құқықтық сипаты және оның субъектілері.....	57
2.2	Электрондық мәмілелерді жасау тәсілдері мен тәртібі.....	73
2.3	Электрондық мәмілені жүзеге асыру кезіндегі коммерциялық құпияны қорғаудың құқықтық негіздері.....	85
3	ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	96
3.1	Электрондық шарттардың жарамдылығы және жарамсыздығы.....	96
3.2	Қазақстан Республикасындағы электрондық сауданы жетілдіру жолдары.....	110
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	121
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	127

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. ГОСТ 7.32-2017 «СИБИД. Ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы есеп. Құрылымы және рәсіндеу ережесі» (түзетулермен)
2. ГОСТ 7.88-2003 «Ақпараттар, кітапханалық және баспа ісі бойынша стандарттар жүйесі. Жарияланымдардағы тарау атауларын және тарау атауларындағы сөздерді қысқарту ережелері»

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық зерттеу жұмысына төмендегі анықтамалар мен терминдер қолданылады.

Электрондық коммерция – белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер мен онлайн платформа арқылы ақпараттық технологиялар арқылы жеке және заңды тұлғаларға тауарлар мен қызметтерді сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі.

Электрондық сауда – бұл белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер мен онлайн платформа арқылы ақпараттық технологиялар арқылы жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сатуға арналған кәсіпкерлік қызмет түрі.

Электрондық сауда алаңы – электрондық саудаға қатысушыларды, инфрақұрылыммен, оның ішіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, олардың арасында жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған шарттар жасасуды қамтамасыз ететін интернет – ресурс.

Электрондық саудаға қатысушылар – сатып алушы, сатушы және (немесе) электрондық сауда алаңы ретінде қатысатын жеке және заңды тұлғалар.

Электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

Электрондық хабарлама – ақпараттық жүйелердің ақпараттық-коммуникациялық желінің және электрондық рәсімдердің көмегімен дайындалатын, жіберілетін, алынатын және сақталатын ақпарат.

Электрондық құжат – ЭЦҚ куәландырылған және ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының талаптарына сәйкес келетін электрондық түрдегі мәліметтер.

Электрондық түрдегі мәліметтер – электрондық есептеу машиналарын пайдалана отырып, адамның қабылдауы үшін, сондай-ақ формат пен құрылымға белгіленген талаптарды сақтай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып беру және өңдеу үшін жарамды түрде ұсынылған ақпарат, мәліметтер, деректер.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
ҚР АҚ	Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі
РФ АҚ	Ресей Федерациясының Азаматтық кодексі
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ЮНЕСКО	Біріккен ұлттар ұйымының Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі мамандандырылған мекемесі
ЮНСИТРАЛ	United Nations Commission on International Trade Law – БҰҰ Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы
ЕДИ	(Electronic Data Interchange) электрондық деректермен алмасу
ДСҰ	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
ЦДИАӨМ	Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ЭЦҚ	электрондық цифрлық қолтаңба
АКИ	Ашық кілттер инфрақұрылымы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасындағы электрондық сауда саласындағы қатынастарды азаматтық-құқықтық реттеудің қазіргі жағдайдағы проблемаларын зерттеуге арналған. Жұмыста электрондық сауданың теориялық тұжырымдамалары зерделеніп, «электрондық сауда», «электрондық коммерция», «цифрлық сауда», «электрондық құжат», «электрондық хабарлама», «электрондық цифрлық қолтаңба», «электрондық мәміле» ұғымдарына салыстырмалы талдау жүргізілді; электрондық сауда мен электрондық мәміленің дәстүрлі сауда мен дәстүрлі мәміледен ерекшеліктері айқындалып, қазақстандық заңнаманың осы ерекшеліктерді құқықтық реттеу тәсілдеріне жіктеу жүргізілді. Сондай-ақ, азаматтық айналымдағы электрондық сауданы жүзеге асыру саласындағы электрондық құжаттарды және мәмілелерді құқықтық реттейтін халықаралық заңнамасы, Түркия, Үндістан, Жаңа Зеландия, Еуропалық одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ және оларға мүше мемлекеттердің озық тәжірибелері, ғылыми әдебиеттер зерттеліп, осы тәжірибе негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар жасалды.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы азаматтық-құқықтық қатынастар субъектілерінің өзара әрекеттесуінің жылдамдығын арттыруға, шығындарды азайтуға және географиялық шекараларын кеңейтуге, сондай-ақ осы қатынастардың санын көбейтуге ықпал етті. Мәселен, М.К.Сулейменов «цифрлық технологиялар біздің өмірімізге жылдам еніп жатыр. Интернет, жасанды интеллект, роботтар, элеуметтік желілер, Амосон, бұлтты технологиялар, киберқауіпсіздік және т.б. күнделікті өмірімізде кең қолданылуда», – деп орын алып жатқан өзгерістердің өзектілігін көрсетеді [1]. «Қазірдің өзінде әлемдік экономиканың төрттен бірі цифрландырылған және мемлекет, бизнес, қоғамның тиімді өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін экономикаға цифрландыру технологияларын енгізу барған сайын ауқымды және серпінді үдеріске айналуға» [2, 20 б.]. Нәтижесінде, іскерлік мәміленің жаңа формасы электрондық сауда қалыптасты.

Электрондық мәміленің дамуының ерекше маңыздылығы коронавирус пандемиясының кезінде көрініс тапты. 2020 жылы пандемиямен күресу шараларының әсерінен әлемдік сауданың жалпы құлдырауына қарамастан, эксперттер электрондық сауда бойынша бөлшектеп сатуда 20% ұлғайғандығын атап өтті [3, 8 б.]. Мәселен, 2020 жылы халықаралық сауданың көлемі 18,0 трлн АҚШ долларын құрады, оның ішінде 2,5 трлн доллар электрондық сауда арқылы жасалған. Осы жылдары жалпы әлемдік сауданың көлемі 5,3 % төмендегені байқалады, оның ішінде тауар саудасының ақшалай мәнде – 8 %, көрсетілетін қызметтер экспорты – 20 %, бұл негізінен экспорттың 63% - ға төмендеуі туристік саланың есебінен болды [4]. Алайда, «бөлшек сауданың

жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 13% – дан 17% – ға дейін өсті» және мұндай өсу «коронавирустық пандемиямен түсіндіріледі» [5, 8 б.].

2021 жылы электрондық сауда халықаралық сауда көлемінің 19,6% немесе 4,9 трлн АҚШ долларын құрады. Insider Intelligence бұл сандар 2025 жылға қарай 7,3 трлн долларға дейін өседі және халықаралық сауданың жалпы көлемінің 24,5%-ын құрайды деп болжайды [6].

Қазақстанда да аталған көлем 82%-ға өсті [5, 34 б.]. Онлайн тапсырыстар және қашықтықтан онлайн төлеу мүмкіндіктері оқшаулануға қатысты бойынша карантиндік шараларды сақтау мен әлеуметтік қашықтықта маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, пандемия ең алдымен еліміздің аймақтары деңгейінде электронды сауданы дамытудың ауқымы мен мүмкіндіктерін танытты.

2021 жылы Қазақстанда электрондық сауда көлемі 2 есеге, ал 2022 жылы үштен біріне өсіп, 2022 жылдың соңына қарай 1,3 трлн. теңгені құрады. PwC Kazakhstan атап өткендей, бұл жетістіктерге маркет-плейстерді қоса алғанда, осы саладағы бизнестің дамуы, тұтынушылардың тауарлар мен қызметтерді онлайн сатып алу қалауы, сондай-ақ елде цифрландырудың дамуы ықпал етті [7].

Сондай-ақ, тұтастай алғанда, елдің цифрландыруды дамыту және сауданы дамыту саласындағы мемлекеттік саясаты Қазақстанда электрондық сауданы дамытуға ықпал ететінін атап өту қажет. Мысалы, сауданы дамытудың ұлттық жобасы шеңберінде электрондық сауданың үлесін 2025 жылға қарай 15% - ға дейін арттыру жоспарлануда [8].

Электрондық сауданы дамыту мәселелеріне ел Президенті де ерекше көңіл бөледі. Мәселен, Н. Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында негізі цифрлық технологиялар мен коммуникацияларды кеңінен дамыту және оларға қол жеткізуге қатысты Үшінші жаңғыру туралы атап өтті [9].

Сондай-ақ, 2021 жылы Жоғары экономикалық кеңестің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Бүгінгі күннің басты тенденциясы – елдер арасындағы шекараны өшіріп, біртіндеп дәстүрлі дүкендерді ысырып шығарып жатқан онлайн-сауданың қарқынды дамуы болып отыр. Бізге де ұлттық және одақтық сауда алаңдарының дамуы үшін жағдай жасау қажет деп есептеймін. Халықтың онлайн-саудаға деген сенімін арттырудың маңызы зор», – деді. Мемлекет басшысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау және электрондық сауда аясындағы тауарлардың қауіпсіздігі мәселелерінің маңыздылығын атап өтті [10].

Бұдан басқа, электрондық сауда жеке бизнестегі адамдар санының өсуіне ықпал ететіндігін айта өту керек және «оның ішінде жеткізудің жаңа әдістерін, тұтынушылық аналитиканы пайдалану, тауар ассортиментінің кеңейтуі есебінен жеткізудің тиімділігінің артуы» сияқты сапалы өзгерістер нәтижесінде келесі онжылдықта электрондық сауданың тартымдылығы артады деп болжануда [5, 33 б.]. Осылайша, алдағы онжылдықта электронды саудадағы азаматтар мен кәсіпкерлердің қатары артады деп болжам жасалуда.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Электрондық сауданы дамыту осы салада қалыптасқан азаматтық-құқықтық қатынастарды тиімді құқықтық қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңдарды жаңартуды талап етеді. Құқықтық қатынастарды азаматтық-құқықтық тұрғыдан реттеудің жеткіліксіздігі әрекеттерді электрондық мәміле деп тану, оның ішінде жарамды және жарамсыз мәмілелер ретінде саралау проблемаларына, сондай-ақ осы құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтарын қорғау, оның ішінде коммерциялық ақпараттың құпиялылығын қорғау проблемаларына әкеледі. Қазақстандық ғалым М.К.Сүлейменов атап өткендей, «Цифрлық технологиялар жай ғана жыл сайын өзгермей, ай сайын және күн сайын өзгеріп, тез дамуда. Оларды реттеуге тырысу күтілетін пайда әкелудің орнына процесті тежеу түріндегі нақты зиян әкелуі мүмкін. Азаматтық кодекске тек уақыт сынынан өткен, құқықтық сауатты және қазіргі заманның шындығына сәйкес келетін нормалар енгізілуі керек» [1].

Неміс ғалымы Ганс Йоахим Шрамның «Платформалық экономиканың құқықтық мәселелері» мақаласында келтірілген пікірі М.К.Сүлейменовтың ғалымның пікірімен үйлеседі. Автор технологиялық прогрестің деректер операцияларының мүмкіндіктерін аса жылдамдықпен кеңейтеді. Осыған байланысты, әртүрлі құқықтық сұрақтар туындайды. Бұл тұрғыда заңгерлердің міндеті, ең алдымен, жаңа мәселелерді бұрыннан белгілі құралдардың көмегімен шешуге болатынын немесе жаңа ережелерді жасау қажеттілігін анықтау болып табылады. Жаңа нормативтік актілерге келетін болсақ, цифрландыру техникалық үдеріс ретінде реттеудің тиісті бастапқы нүктесі емес деген жалпы пікір бар» - деп жазады [11, 23 б.].

Осы бағыттағы алғашқы ғылыми диссертациялық зерттеулер Ж.К.Жетібаевтың «Электрондық мәмілелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде жасау және орындау ерекшеліктері», А.К.Құсаинованың «Қазақстан Республикасындағы электронды құжат айналымы аясындағы қатынастарды азаматтық құқықтық реттеу» атты жұмыстары бар.

Ж.К. Жетібаев жоғарыда аталған диссертациялық жұмысында қазақстандық және халықаралық заңнаманы электрондық мәміле ұғымын, ерекшелігін, оны жасау тәртібін, жарамсыз деп тануын және орындау ерекшеліктерін, сондай-ақ сот тәжірибесіне сүйене отырып, сот арқылы тараптар міндеттерін дәлелдеп орындату ерекшеліктерін айқындау бойынша зерттеу жасаған. Автордың еліміздің заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарында электрондық мәміле тараптарының өзара әрекеттерінің орын алғандығын тану және дәлелдеу, орындалуын құқықтық қамтамасыз ету сияқты мәселелерге басымдық берген.

Құқықтық әдебиеттерде электрондық мәмілелерді құқықтық реттеуге, сондай-ақ, электрондық мәмілелерді жасау және олардың орындалу ерекшеліктеріне қатысты жалпы мәселелер немесе оның кейбір тетіктері жайлы келесі отандық заңгерлердің ғылыми еңбектерінде қарастырылған: М.К.

Сулейменов, Е.Ш. Дусипов, С.С. Ыдырыс, Р.И. Ерманқұлова, А.Б. Омарова, С.П. Мороз, В.Т. Батычко, С. Саукенова.

Аталған мәселелер келесі ресейлік авторлардың ғылыми еңбектерінде зерделенген: И.Р. Салиев, Ю.А. Савинов, М. Алексеев, Л.К. Терещенко, А.Ю. Андреева, Н.В. Козинец, В.И. Даль, И.Б. Новицкий, П. Подрецьки, Т.Ю. Кулик, О.И. Макаревич, М.А. Денисенко, А.А. Диденко, Н. Дмитрик, С.И. Клишкин, Ю.П. Егоров, А.Г. Косарев, И.А. Шашкова, А.Ю. Рыков, А.В. Красикова, Р.А. Марченко, Д.Ф. Дюндюкова, Я.А. Карев, Ю.В. Ромель, Е.В. Нестерова, Г.Ф. Шершеневич, В.И. Синайский, Ф.С. Хейфец, И.В. Костюк.

Сонымен қатар бірқатар батыс және шығыс елдеріндегі авторлардың еңбектерінде ескерілген: Анкур Хурия, Хосе-Антонио Монтеро, В. Килиан, Роберт Те, Ганс Йоахим Шрамм.

Осыған сәйкес, электрондық сауданың өзектілігі мен қарқынды дамуын электрондық сауда саласындағы құқықтық қарым-қатынасты азаматтық-құқықтық реттеу мәселелерін зерттеу ғылыми жұмыстың өзектілігін танытады.

Диссертациялық зерттеудің теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негізі. Диссертацияның теориялық-әдіснамалық негізін кеңестік, ресейлік, батыс және қазақстандық ғалым заңгерлердің электрондық сауданы азаматтық-құқықтық реттеуге байланысты ғылыми еңбектері, сондай-ақ электрондық сауданы реттеу мәселелерін қозғайтын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының, ТМД Атқарушы комитетінің, Азия мен Тынық мұхиты экономикалық және әлеуметтік комиссиясының, ҚР заңнама институтының, СКОЛКОВО Мәскеу басқару мектебінің және өзге де ұйымдардың жарияланымдары, оның ішінде есептері құрайды.

Диссертациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында ғылыми зерттеудің жалпы және жеке әдістері: диалектикалық, тарихи, формальды-логикалық, салыстырмалы-құқықтық, лингвистикалық, нақты-әлеуметтік әдістер қолданылды.

Электрондық сауданы жүзеге асырудағы электрондық мәмілелердің заңнамалық дамуы мен одан әрі жетілуін қарастыруда жалпы танымдық диалектикалық әдіс, электрондық сауда саласындағы мәмілелерді жасау және орындауға қатысты құқықтық нормалардың өзара және тәжірибемен байланысын зерттеуде формальды-логикалық, талдау, синтез және хронологиялық әдістер, электрондық сауданы қамтамасыз етуге байланысты шетел заңнамасы мен тәжірибесін зерделеуде салыстырмалы-құқықтық әдістер, «электрондық сауда», «электрондық коммерция», «цифрлық сауда», «электрондық құжат» терминдерін тереңірек қарауда лингвистикалық әдістер қолданылды.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің мақсаты электрондық сауда жасау мен аталған қатынастың азаматтық-құқықтық реттеу кезінде туындайтын азаматтық – құқықтық қарым-қатынасты зерттеу мен жалпы саралау болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін зерттеудің келесі нақты шешімдері белгіленген:

- «электрондық сауда» ұғымын және оның мәнін зерттеу;

- электрондық сауда жасау кезінде электрондық құжаттардың азаматтық-құқықтық мағынасын анықтау;
- электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз ету аумағында халықаралық және отандық тәжірибеде салыстырмалы анализ жасау;
- электрондық мәмілені жасаудың тәртібі мен әдістерін ҚР заңнамаларына сәйкес сипаттау;
- электрондық мәмілені жүзеге асыру кезінде коммерциялық құпияның сақталуын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын зерделеу;
- электрондық шарттардың жарамдылық және жарамсыздық шарттарын талдау;
- Зерделеу негізінде электрондық коммерцияны реттеу саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Диссертациялық жұмыстың объектісі азаматтық айналымдағы электрондық сауданы жүзеге асыратын электрондық мәмілелерді құқықтық реттеуге байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың пәні ретінде электрондық сауданы азаматтық-құқықтық реттеудің теориялық негіздерін зерттейтін отандық және шетелдік ғалымдардың доктриналық ғылыми-теориялық тұжырымдары, сондай-ақ ақ қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасында электрондық сауда саласындағы мәмілелерді жасау мен орындауға байланысты ұлттық заңнамалар мен халықаралық сипатқа ие нормалар болып табылады.

Зерттеудің нормативтік негізін ҚР Конституциясы, ҚР Азаматтық Кодексі (жалпы және ерекше бөлім), ҚР Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Кодексі (Салық кодексі), ҚР Кәсіпкерлік Кодексі, ҚР Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Заңы, ҚР Сауда қызметін реттеу туралы Заңы, ҚР Ақпараттандыру туралы Заңы, ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңы, ҚР Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңы, сондай-ақ электрондық мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы істерді сотта қарауда туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін ҚР Азаматтық процесілік Кодексі, электрондық шарт тараптарының жауаптылығына қатысты туындайтын ҚР әкімшілік құқық бұзушылық және қылмыстық, ҚР Үкіметінің қаулылары, Жоғарғы Сотының нормативтік құқықтық қаулылары мен өзге де құқықтық актілер құрайды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстандағы электрондық мәмілелердің үрдістері мен проблемалары, оның ішінде электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде электрондық құжаттардың заңдылығына, қатысушыларға және электрондық тіркеуге, ақпарат пен деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуге байланысты кешенді теориялық-құқықтық зерттеу болып табылады.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар:

1. Электрондық сауданың мәні мен мағынасын талдау негізінде электрондық сауда мен электрондық коммерция кәсіпкерлік қызметтің түрі болып табылатындығы белгіленген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында «электрондық сауда» термині «электрондық коммерция»

терминінен кеңірек ұғым екенін тұжырымдай отырып, автор осы ұғымдарды Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 1-бабының 56) және 57) тармақшаларының редакциясы мен Ішкі сауда қағидаларының 1-тармағының 64) және 66) тармақшаларының (2015 ж.) осы терминдерге мынадай авторлық анықтама ұсынылады:

«электрондық коммерция – белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер мен онлайн платформаларда ақпараттық технологиялар көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарлар мен қызметтерді сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі»;

«электрондық сауда – бұл белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер мен онлайн платформада ақпараттық технологиялар көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сатуға арналған кәсіпкерлік қызмет түрі».

Сондай-ақ, ҚР Салық кодексінің 1-бабының 1-тармағының 65-тармақшасының бірінші абзацын жоғарыда «электрондық сауда» терминіне берілген редакцияда жазылуын ұсынамыз.

Сонымен қатар, ҚР Салық кодексінде «электрондық коммерция» терминіне анықтаманың жоқ екендігін ескере отырып, оны жоғарыда берілген мазмұндағы осы терминнің анықтамасын белгілейтін нормамен толықтыруды ұсынамыз.

2. Электрондық сауда мен электрондық коммерцияның мәні сауда қызметін интернет жүйесі арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жүзеге асыру екендігі дәлелденді. Осының негізінде, электрондық сауда мен электрондық коммерцияның спецификалық сипаттамалары анықталды және олар мыналардан тұрады:

- осы қызметті электрондық деректермен және электрондық құжаттармен алмасу арқылы жүзеге асыру;
- қашықтан әрекеттесу.

3. ESCATO, ЮНСИТРАЛ және Enhanced Integrated Framework (Расширенная интегрированная платформа) EIF әдісін қолдана отырып, Қазақстанда электрондық сауданың спецификалық сипаттамаларын заңнамалық реттеудің тәсілдерін жіктеу жүргізілді:

1) электрондық құжаттарды танудың бір режимді заңнама, яғни электрондық құжаттың қағаз құжатына «функционалдық баламалылығы» қағидаты танылады және электрондық құжаттарға тән элементтерді реттейтін жеке нормалар ғана әзірленеді. Ал баламасы екі режимді тәсіл бойынша электрондық құжаттарды қолданудың барлық элементтерін реттеу үшін нормалар әзірленетінін қосымша атап өтейік.

2) технологияларды қолдануды заңнамалық тұрғыдан реттеуге қатысты нақты тәсіл қолданылады: электрондық қолтаңбаларды әзірлеуге және сертификаттауға қойылатын нақты талаптар, жеткізушілердің белгіленген тізбесі, электрондық және қағаз құжаттың түпнұсқасы мен қағаз және электронды көшірмелерін нақты ажырату қажет.

Баламалы тәсілдер бойынша нақты бір белгіленген жағдайлардан басқа (бейтарап тәсіл жағдайында) және қауіпсіздік деңгейі бойынша іріктелумен

(гибридті тәсіл жағдайында) технологиялардың барлық түрлерін қолдануды қарастырады.

4. Электрондық мәміленің мәні, әдеттегідей, құқықтық салдардың бағытталғаны жайлы дәлелденген. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 151-бабында мәміленің ауызша және жазбаша нысанымен қатар электрондық нысанын бөліп көрсетуді және оның мазмұнын былайша анықтауды ұсынамыз: «Электрондық мәміле дегеніміз электрондық құжатты және/немесе электрондық хабарламаны электрондық ақпаратты тасымалдағыштың көмегімен алмасу арқылы жасалатын мәміленің нысаны».

Сонымен қатар осы электрондық нысанның мына белгілерін көрсету ұсынылады:

- мәміленің мазмұнын өзгеріссіз түрде материалдық тасымалдағышта жаңғыртуға мүмкіндік беретін электрондық немесе басқа техникалық құралдардың көмегімен жасалған мәміле;

- қолтаңбаның орнына ерік білдірген тұлғаны сенімді түрде анықтауға мүмкіндік беретін әдісті қолданумен жасалған мәміле.

5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде электрондық мәміленің субъектілері бірдей құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігімен айқындалған дәстүрлі мәміле субъектілері болып табылатыны негізделді. Алайда, мәміле қатысушыларына келсек, электрондық мәмілеге қатысушылар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дәстүрлі сатып алушы мен сатушыдан басқа, сондай-ақ:

- ЭЦҚ түпнұсқалығын куәландыратын сертификаттаушы провайдердің;

- мәміленің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуде рөлі маңызды болып табылатын электрондық хабарламалардың алмасуын қамтамасыз ететін байланыс қызметтерінің провайдері болып табылады деп есептейміз.

6. Қазақстанның заңнамасымен үш тәсілді көздейтін электрондық мәміле жасау тәртібі реттелгені негізделген: бір электрондық құжат жасау, электрондық құжаттармен алмасу, офертаға жауап ретінде іс-қимыл түріндегі акцепт.

Бұдан басқа, ҚР АҚ және ҚР Сауда қызметін реттеу туралы Заңын зерделеп, бұл заңдар электрондық офертаға сілтеме жасап, бірақ акцепт нысанына дәл нұсқау бермегенін атап өтіп, ҚР Сауда қызметін реттеу туралы Заңының 29-бабының 1-тармағына мынадай мазмұнда толықтыру енгізуді ұсынамыз: «Офертаны электрондық нысанда алған сатып алушы электрондық нысанда электрондық мәміле жасасуға өз келісімін беруі тиіс, бұл офертаға акцепт болып табылады».

7. Жарнаманы жария офертадан ажырату ұсынылады. Жарнама – тек оферта жасауға шақыру. Жария оферта – қол қойылған электрондық құжатпен әзірленген белгісіз тұлғалар шарт жасасу туралы ұсыныс. Ал жарнама қол қойылмаған құжат, сондықтан әлеуетті сатып алушының жарнамаға жауабы электрондық мәміле жасасу фактісі болып табылмайды. Бұл ретте әлеуетті сатып алушының электрондық мәміле жасасуға ерік білдіруі және сол арқылы

электрондық мәміле жасасу фактісі қосымша мәліметтермен - тауар немесе қызмет үшін ақы төлеу туралы құжатпен дәлелденуі мүмкін.

8. Талдау негізінде заңнамада нотариустың қашықтықта жасалатын электрондық мәмілені куәландыру тетігінің және мұндай мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы норманың жоқтығы туралы қорытынды жасалады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі «Нотариат туралы» Заңда 44-1-баптың екінші абзацы мынадай мазмұндағы нормамен толықтыру ұсынылады: «Мәміле тараптары мен нотариус келіскен жағдайда, электрондық мәміле жасау кезінде нотариустың қатысуы бейнебайланыс арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін».

9. Электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде және адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін контрафактілік тауарларды болдырмау үшін коммерциялық құпияның қауіпсіздігінің маңыздылығын атап өте отырып, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық құпия туралы» Заңын қабылдау қажет.

10. Бүгінгі күні Қазақстанда тұрғын үй құрылысы саласында электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде электрондық шарттар, сондай-ақ цифрлық қолжазба қолтаңбалар негізінде құқықтарды электрондық мемлекеттік тіркеуді кеңінен қолдану үрдісі байқалады. Осыған байланысты, осы процестерді заңнамалық реттеу мақсатында нормативтік-құқықтық актілерге мынадай сипаттағы толықтырулар мен өзгерістер енгізуді ұсынамыз:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 шілдедегі «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңының 1-бабының 31) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «Электрондық тіркеу – құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесі арқылы тіркеуші органға келіп түсетін электрондық нысанда жасалған құқық белгілейтін құжат немесе оның электрондық көшірмесі негізінде жүзеге асырылатын мемлекеттік тіркеу».

Сондай-ақ, ҚР АҚ 152-бабы 2-тармағының екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «Мәміле жасау кезінде қолды факсимильді көшіру құралдарын, электрондық цифрлық қолтаңбаны, цифрлық қолжазба қолтаңбаны пайдалануға, егер бұл заңнамаға немесе қатысушылардың бірінің талабына қайшы келмесе, жол беріледі».

11. Мәміленің жазбаша нысаны сақталмаған жағдайда мәмілені жарамсыз деп танытын ҚР АҚ нормаларына сүйене отырып, мәміленің электрондық нысаны сақталмаған кезде оны жарамсыздығын тану заңнамада жеке көрсету және ҚР АҚ 153-бабының 4-тармағының мынадай редакциясы ұсынылады: «Мазмұны электрондық немесе басқа техникалық құралдардың көмегімен материалдық тасымалдағышта жаңғыртылмаған немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық мәміле маңызсыз деп есептелсін. Мәміле мемлекеттік тіркеуге жататын және/немесе цифрлық қолжазба қолтаңбасының түпнұсқалығы дәлелденуі мүмкін жағдайларда цифрлық қолжазба қолтаңбасын пайдалануға жол беріледі».

Сондай-ақ, «Электрондық құжат және ЭЦҚ туралы» Заңның 10-бабын мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтыруды ұсынамыз: «осы баптың 1

және 3-тармақтарының нормаларын бұза отырып жасалған электрондық мәміле маңызсыз деп танылсын».

Диссертациялық зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Бұл жұмыстың теориялық маңыздылығы электрондық сауданың жекелеген аспектілерінің құқықтық табиғатын жан-жақты талдауда. Мысалы, электрондық мәмілелер және оның субъектілері, мәмілелер жасау кезіндегі ақпараттың құпиялылығы және тұтынушылардың құқықтарын қорғау, электрондық мәмілелердің жарамдылығы мен жарамсыздығы және электрондық сауданың басқа аспектілері туралы терең түсінуге ықпал етеді.

Диссертацияның тәжірибелік маңыздылығы мынада: қорытындылар мен ұсыныстар азаматтық, кәсіпкерлік және халықаралық құқық бойынша, семинарлардың дәрістерін оқуда, электрондық сауда және электрондық мәмілелер саласында ғылыми зерттеулер жүргізуде, сондай-ақ қолданыстағы ұлттық заңнаманы қолдану мен жетілдіруде қолданыла алады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық жұмысты жазу кезінде анықталған ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар, ережелер

Халықаралық, республикалық, ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, апробациялаудан өтті.

Зерттеу барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен зерттеудің нәтижесі 13, оның ішінде 1 Scopus деректер базасында халықаралық рецензияланатын журналда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған 5 ғылыми басылымдарда, ТМД және басқа да шетелдерде өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3, Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында 4 мақала жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс белгіленген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

1.1 «Электрондық сауда» ұғымы және оның мәні

Электрондық технологиялардың дамуы іскерлік мәмілелердің жаңа нысанын – электрондық сауданы қалыптастыруға ықпал етті. Ақпараттық технологиялар, интернет транзакциялардың жылдамдығы мен тиімділігін арттырды, шығындарды одан әрі төмендетіп, географиялық қашықтықты азайтты. Бүгінгі таңда, географиялық орналасуына қарамастан, сатып алушы мен сатушы интернет арқылы мәмілені қысқа мерзімде жүзеге асыра алады. Сатып алушы сатушының веб-сайтында тауар немесе қызмет туралы қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша ақпарат ала алады, сол жерде сұрақтар қойып, оларға жауап алады, тапсырысты рәсімдеуге немесе электрондық платформадағы тиісті батырманы басу арқылы мәміле жасауға келісім бере алады. Сатушы өз кезегінде барлық қажетті ақпаратты интернет кеңістігінде орналастырады және өз тауарына немесе қызметіне қызығушылық танытқан тұтынушыларға жедел әрекет етеді.

Жылдамдық пен тиімділіктің артықшылықтары интернет арқылы жүзеге асырылатын ішкі және халықаралық онлайн сауданың өсуіне жол ашты. Сонымен қатар сауда инстаграм және ватсап сияқты әлеуметтік желілер арқылы жасалады. Осы жұмыстың кіріспесінде келтірілген электрондық сауданың халықаралық нарығында да, Қазақстанда да өсу үрдісі, әсіресе көптеген елдердің шекаралары пандемия уақытында жабылған кезде, электрондық сауданың маңыздылығын растайды. Сонымен қатар, пандемия бірінші кезекте ел мен оның өңірлері деңгейінде электрондық сауданы дамытудың дәрежесі мен қажеттілігін көрсетті. Онлайн тапсырыстар мен қашықтықтан онлайн төлем жасау мүмкіндігі өзін-өзі оқшаулау және әлеуметтік қашықтық бойынша карантиндік шараларды сақтауда маңызды рөл атқарды [12, 45 б.].

Сонымен қатар, электрондық сауданы дамыту қолданыстағы заңнамаларды өзектендіруді талап етеді. Күн тәртібінде электрондық мәмілелердің шынайылығы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау және киберқауіпсіздік сияқты құқықтық мәселелер бар. Олар:

- электрондық мәмілелер немесе электрондық тапсырыстар жасау кезінде екінші тарапқа қаншалықты сенуге болады?
- электрондық құжаттарды растайтын мәмілелер қаншалықты заңды?
- сатушыны да, сатып алушыны да алаяқтықтан қалай қорғауға болады?
- электрондық дауларды қалай реттеуге болады?

Мұндай мәселелерді шешу электрондық сауданы одан әрі дамыту үшін қажет.

«Электрондық сауда» термині ұғымын және электрондық сауданың мәнін талдаудан бастайық. Қазіргі таңда халықаралық ұйымдар электрондық сауда саласында модельдік тәсілдерді әзірледі. Олар электрондық сауда саласындағы ұлттық заңнамалардың құқықтық тәсілдерін әзірлеу және біріздендіру кезінде

басшылыққа алуға арналған, бұл әлемдік сауданы дамытуға мүмкіндік береді [13, 147 б.].

Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан «әрі – БҰҰ») Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (ЮНСИТРАЛ) дамыған, сондай-ақ дамып келе жатқан құқықтық және экономикалық базасы бар елдер үшін қолайлы, елдер ішінде де, елдер арасында да өсіп келе жатқан электрондық сауданы құқықтық реттеуде бірыңғай тәсілді әзірлеу және енгізу мақсатында, сондай-ақ электрондық сауданы одан әрі дамытуға ықпал ету үшін 1996 жылы ЮНСИТРАЛ-дың электронды сауда туралы үлгілік заңын әзірлеп, қабылдады.

Осы құжаттың 1-бабында оны қолдану аясы «сауда қызметі контексінде пайдаланылатын деректерді хабарлама түріндегі ақпараттың кез келген түрін» анықтайды. Бұл ретте, осы контекстегі сауда қызметі «шарттық және шарттық тауарларды/қызметтерді жеткізу немесе айырбастау, «коммерциялық өкілдік, өнеркәсіптік объектілердің құрылысы», банктердің қызметтері, кәсіпкерлік ынтымақтастық және т. б. аталады [14, 3 б.].

Алайда, электрондық сауда туралы үлгілік заңда «электрондық сауда» терминінің өзіне анықтама берілмейді. Осыған байланысты БҰҰ-ның халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының шешімі бойынша ЮНСИТРАЛ-дың электрондық сауда туралы үлгілік заңын қабылдау жөніндегі нұсқаулықта (1996 ж.) «саудаға байланысты EDI (электрондық деректермен алмасу) қолданудың алуан түрлерін қамту үшін» қабылдағанын айтады [14, 17 б.]. Әрі қарай, электрондық сауда туралы үлгілік заңның баптарына берілген түсініктемелерде бұл терминге анықтаманың айқындап бекітілмегендігі әзірлеушілер мемлекеттердің өздерінің ұлттық заңнамаларында «коммерциялық саладан тыс жерлерде электрондық сауданы пайдалану түрлерін қамту» мүмкіндігін шектемейтіндігімен түсіндіріледі [14, 24 б.]. Бұдан шығатыны, электрондық сауда - бұл сауда қызметі болып табылады, электрондық деректер алмасуды пайдаланумен байланысты және коммерциялық және коммерциялық емес саланы қамтиды.

Халықаралық деңгейдегі құжаттардың тағы бір түрі сауда келісімдері – аймақтық (өңірлік) деңгейдегі құжаттар болып табылады. Олар тиісті өңір мен қатысушы елдер үшін сауданы, оның ішінде электрондық сауданы жүзеге асырудың бірыңғай тәсілдерін айқындайды.

Дүниежүзілік сауда ұйымының (бұдан әрі – ДСҰ) Экономикалық зерттеулер және статистика департаментінің қызметкерлері Хосе-Антонио Монтеро және Роберт Те өздерінің «Provisions on electronic commerce in Regional Trade Agreements» атты зерттеу жұмысында 74 өңірлік сауда келісімдерін талдау және олардағы «электрондық сауда» терминінің анықтамалары негізінде айқын және жасырын түрде келесі тұжырымдама жасайды. Бұл келісімдерде «электрондық сауда» және «электрондық құралдармен жүзеге асырылатын сауда» терминдері қолданылады. Бұл терминдер коммерция немесе сауда, «коммерциялық мақсаттар үшін келісім, мәміле немесе ақпарат алмасу» деп түсініледі. Сонымен бірге олар жүзеге асырылады:

- «телекоммуникациялардың көмегі арқылы, жеке немесе басқа АКТ-мен бірге»;

- «интернетті немесе басқа да ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы»;

- «электронды құралдарды қолдану», яғни компьютерлік, сондай-ақ сандық өңдеу арқылы;

- «электрондық технологияларды қолдану», оның ішінде электрондық құжат арқылы [15, 70 б.].

ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы қабылдаған және 2008 жылғы 25 қарашадағы №31-12 қаулымен бекітілген «Электрондық сауда туралы» Үлгілік Заңы (бұдан әрі – ТМД-ның электрондық сауда туралы үлгілік заңы), электрондық сауда деп «ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желіні және электрондық рәсімдерді пайдалана отырып жүзеге асырылатын сауда» деп түсінділеді [16]. Сонымен бірге, электрондық саудаға қатысушылардың анықтамасынан мынандай қорытынды жасауға болады: «осы үлгі заңдағы электрондық сауданың аясы тауарларды сату, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету процестерін, қызмет көрсету саласындағы делдалдық байланыстарды, сауда-саттықтарды және аукциондарды ұйымдастыру, тауарлар, жұмыстар, қызметтерге ақы төлеу мәмілелердің орындалуына ілеспе процестер, оларды орындауға дейін, ең соңында, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді нақты сатып алу процестерін қамтиды».

Өңірлік деңгейдегі басқа құжатта – Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 21 мамырдағы «Тұтынушылардың жекелеген санаттарының құқықтары мен мүдделерін қорғаудың ерекше шараларын белгілеуге қойылатын жалпы тәсілдер туралы» ұсынымдарда электрондық сауда дегеніміз – «тұтынушымен төлем нысанына және тауарды жеткізу тәсіліне қарамастан, «Интернет» ақпараттық-телекоммуникациялық желісі арқылы тұтынушымен шарт жасасу арқылы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сату (егер мүше мемлекеттердің заңнамасында басқаша көзделмесе) [17]. Бұл анықтама өңірлік деңгейдегі бұрынғы құжаттарда берілген анықтамамен салыстырғанда жетілдірілген болып табылады:

- электрондық сауда ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желіні және электрондық өзара іс-қимыл регламенттерін пайдалана отырып, жүзеге асырылатын сауда болып табылады, (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 430 «Ұлттық нарықтарға тауарлар мен қызметтерді ілгерілету үшін ақпараттық-маркетингтік орталықтардың мемлекетаралық желісін құрудағы, пайдаланудағы және дамытудағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы» Қаулысы) [18];

- электрондық сауда «электрондық технологияларды пайдалана отырып сауда жасауды» білдіреді «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Вьетнам Социалистік

Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімі» (Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 мамырдағы №33 Жарлығымен мақұлданды) [19].

Ж.К. Жетібаевтың «Германия мемлекетінің тәжірибесі бойынша электрондық мәмілелердің құқықтық жағдайы» атты мақаласында атап өткендей, Германияның азаматтық-құқықтық заңнамасының жинағында электрондық сауда деп тауарларды немесе қызметтерді жеткізу жөніндегі келісімдер тек ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жасалатын мәмілені таниды. Бұл ретте, мұндай технологияларға сатып алушы мен сатушы арасындағы келісімді дайындау немесе жасасу кезінде тараптардың қатысуынсыз қолданылуы мүмкін байланыс құралдары: хаттар, телефон қоңыраулары, факстар, электрондық пошта, сондай-ақ медиа-қызметтер жатады. Егер мәміле осындай технологияларды пайдаланбай жасалса, онда ол электрондық сауда шеңберінде жасалған болып саналмайды [20, 205 б.].

Ғылыми әдебиеттерде берілген анықтамаларға жүгінейік. И.В. Костюк өзінің зерттеу жұмысында электрондық саудаға мынадай анықтама береді: «бұл шарттар жүйесі арқылы рәсімделетін тауарларды сатуды білдіретін кәсіпкерлік қызмет тәсілін іске асырылатын қоғамдық қатынастар саласы: үнемі жасалатын сатып алу – сату мәмілелері (негізгі мәмілелер), сондай-ақ электрондық коммерциялық айналымды ұйымдастыруға және негізгі мәмілелерді (ұйымдастырушылық мәмілелерді) қамтамасыз етуге бағытталған мәмілелер [21, 9 б.]. Автор ұйымдастырушылық мәмілелердің мысалы ретінде бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу және оған қол жеткізу және электрондық төлемдерді жүзеге асыру қызметтерін келтіреді. Сонымен қатар, бұл мәмілелердің ерекшелігі оларды қашықтан және электронды механизмдер арқылы жүзеге асыру екенін айтады.

Осындай пікірде автор А.Ю. Андреева өзінің «Электрондық сауда: мәселелері және перспективалары» атты еңбегінде бұл электрондық сауда шеңберіндегі қатынастар «экономикалық қызметтің алуан түрлерінің мазмұнын құрайды, оның ішінде кәсіпкерлік» деп тұжырымдайды, ол тек «тиісті экономикалық қызметті жүзеге асыру кезінде қолданылатын электрондық құжаттар формасының айырмашылығымен» ерекшеленеді [22, 56 б.].

И.Р. Салиев та осы ерекшеліктерге тоқталып, электрондық құжаттармен алмасу «жалпы желілерде (атап айтқанда, ғаламдық интернетте)» жүзеге асырылатынын нақтылайды [23, 21-22 б.]. И.Р. Салиевтің диссертациялық жұмысында «электрондық сауда – бұл ақпараттық-коммуникациялық желілерді пайдалана отырып жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметтің ерекше түрі» деген тұжырым жасайды [24, 11 б.]. И.Р. Салиев «электрондық коммерциялық қызметті ақпараттық коммуникациялық желілерді пайдалана отырып, тауарлардың, қызметтердің, ақпараттардың сыртқы және ішкі саудасы саласында келісімдер жасау қызметіне байланысты кәсіпкерлік сауда қызметінің түрі ретінде» анықтайды [24, 12 б.]. Бұл ретте «электрондық коммерция қызметі» терминін И.Р. Салиев «электрондық сауда» терминімен

салыстырады, мұндай қызметті «сауда қызметінің нысаны ретінде тануды» ұсынады [24, 13 б.].

И.Р. Салиев «электрондық сауда» мен «электрондық коммерцияның» ұқсастығы туралы пікірде Ю.А. Савинов [25, 12 б.], М. Алексеев [26, 44 б.], және Л.К. Терещенко [27, 41 б.] сияқты авторларды қолдайды. Сонымен қатар, Ю.А. Савинов өзінің «халықаралық электрондық сауда үшін Интернетті пайдалану мәселелері» атты мақаласында: «электрондық сауда (коммерция) деп ақпарат алмасуда электрондық құралдардың көмегімен қызметтерді көрсетуге, жұмыстарды орындауға, тауарларды жеткізуге байланысты шарттарды дайындауды және жасасуды ұйымдастыруды білдіреді», деп атап өтеді [25, 3 б.].

С.С.Ыдырыс, Р.И.Ерманқұлова және Бюлент Шен «Қазақстандағы электрондық сауданың қазіргі таңдағы даму тенденциялары мен келешегі» атты бірлескен мақаласында электрондық сауда деп «сатып алу-сатуға тікелей байланысты» және «электрондық тәсілмен өткізілген тауар-ақша алмасуының барлық процестерін қамтиды» осындай тұжырым жасай келе, «телекоммуникациялық желілер мен электрондық қаржы-экономикалық құралдарды пайдалану негізінде тауар өндірушілер, сауда, логистикалық және басқа да делдалдар қызметінің тұтас кешені» болып табылады. Осылайша «электрондық коммерция өз ішінде электрондық сауда, электрондық төлемдер жүйесін, интернет-банкинг, интернет-трейдинг, интернет-сақтандыру, заң қызметтері, медициналық қызметтер және т.б қамтиды» [28, 125-126 б.]. Басқаша айтқанда, авторлардың пікірінше, электрондық коммерция ұғымының аясы электрондық саудаға қарағанда кеңірек. Осылайша, электрондық сауда тек тауарды ғана қамтиды, ал электрондық коммерция мұнымен қоса қызметтерді де қамтиды.

Н.В. Козинец өзінің «Трансшекаралық электрондық сауданы құқықтық реттеудің ерекшеліктері» атты зерттеуінде «электрондық сауда тауарларды сатып алу-сатудың және қызмет көрсетудің электрондық тәсілдерін ғана емес, сондай-ақ электрондық құралдарды пайдалана отырып, қашықтықтан жүзеге асырылатын кез келген коммерциялық қызметті де қамтиды» деген тұжырым жасайды [29, 15 б.]. Бұдан әрі автор «Электрондық коммерция және электрондық сауда ЮНСИТРАЛ «Электрондық сауда туралы» үлгілік Заңының контекстінде анықталатын мазмұны жағынан ұқсас ұғымдар, ал Ресей құқығының контекстінде сауда қызметін жүзеге асырудың электронды тәсілдерінен басқа, электрондық тәсілмен жүзеге асырылатын кез келген кәсіпкерлік қызметке «электрондық коммерция» ұғымы енгізеле отырып, жалпы және жеке ретінде қабылдануы керек», - деп қорытындылайды [29, 23 б.].

Бұл жерде біз Н.В. Козинецтің «электрондық сауда» және «электрондық коммерция» терминдерінің мазмұны жағынан жақын екендігі туралы пікірімен келіспейтінімізді атап өтеміз. Жоғарыда атап өткендей, Электрондық сауда туралы үлгілік заң мемлекеттерге электрондық сауданы реттеу кезінде коммерциялық емес саланы қамтуға мүмкіндік береді. Бұл осы

Үлгілік заңның контексінде электрондық сауда коммерциялық емес салаға да қолданылады деп болжайды.

Анкур Хурия «Facilitating Trade and Logistics for E-Commerce. Building Blocs. Challenges and Ways Forward» атты еңбегінде электрондық сауда (e-trade) электрондық құралдар арқылы тауарлар мен қызметтердің барлық нысандарын (дәстүрлі және цифрлық) халықаралық сатуды қамтитынын, электрондық коммерцияны «цифрлық құралдар арқылы дәстүрлі тауарлар мен қызметтерді» сату және сатып алу екендігін. Осылайша цифрлық тауарлар мен қызметтерді сату - сатып алу цифрлық саудаға жатады. Әрі қарай автор «Электрондық коммерция және цифрлық сауда электрондық сауданың бөлігі болып табылады» деп қорытындылайды. Осылайша, әдебиеттерде «электрондық сауда» және «электрондық коммерция» терминдерінен басқа, «цифрлық сауда» термині қолданылады [30, 9 б.].

«Цифрлық сауда» термині, мысалы, 2019 жылғы ЕАЭО цифрлық (интернет) саудасын дамыту туралы баяндамасында да кездеседі. Алайда, бұл термин «электрондық сауда» терминімен сәйкестендіріледі. Баяндамада «цифрлық (электрондық) сауданың келесі ұғымы қолданылады: «бұл электронды арналар арқылы тауарлар мен қызметтерді өндіру, тарату, маркетинг, сату немесе жеткізу» деген ДСҰ 2016 жылғы анықтамасын қолданады [31, 6 б.]. Айта кету керек, бұл анықтама жоғарыда келтірілген ЕАЭО аймақтық құжаттарында берілген анықтамаға қарағанда кеңірек, себебі сатудың өзінен басқа маркетинг пен өндірісті де қамтиды.

Жалпы, ғылыми әдебиеттерде «электрондық сауда» термині де, «электрондық коммерция» және «цифрлық сауда» терминдері де қолданылады деп қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге, бұл терминдер кейбір авторлар үшін бірдей болса, басқалары үшін әртүрлі терминдер. Сондай-ақ, авторлар электрондық сауданы экономикалық қызметке, кәсіпкерлік қызметке, коммерциялық қызметке жатқызып, электрондық құралдарды/механизмдерді ерекше сипаттама ретінде пайдалануды көрсетеді [32, 132 б.].

Сонымен қатар, «электрондық коммерция» термині халықаралық және ұлттық құқықтық құжаттарда жиі кездеседі. Оларда «электрондық коммерция» терминіне берілген анықтамаларын талдап көрейік.

ДСҰ-да электрондық коммерцияны «электрондық құралдар арқылы тауарлар мен қызметтерді өндіру, тарату, маркетинг, сату немесе жеткізу» деп түсіндіріледі [33]. Бұл анықтама «цифрлық сауда» терминін айқындау үшін ЕАЭО цифрлық (интернет) саудасын дамыту туралы 2019 жылғы баяндамада алынғанын атап өтеміз. Сондай-ақ, сауда процесі өзінде тар мағынада ДСҰ электрондық коммерцияны «компьютерлік желілер арқылы осы мақсат үшін әзірленген әдістерді пайдалана отырып, тауарлар мен қызметтерді сатуға немесе сатып алуға мүмкіндік беретін процесс» ретінде анықтайды [34, 10 б.].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) электрондық коммерцияны «мәтінді, дыбыстық және визуалды бейнелерді қоса алғанда, деректерді электрондық өңдеуге және беруге негізделген ұйымдардың да, жеке

тұлғалардың да қатысуымен жасалатын коммерциялық мәмілелердің барлық нысандары» деп түсініледі [35, 11 б.].

Еуропалық Одақта (ЕО) Еуропалық электрондық сауда бастамасы электрондық коммерцияны «тараптардың физикалық алмасу арқылы емес, электронды түрде өзара әрекеттесетін коммерциялық мәміленің кез келген нысаны» ретінде анықтайды. Сонымен бірге, бұл бастама екі түрге бөлінеді. Біріншісі, мәміленің нысанасы материалдық тауарлар болған кезде онлайн тапсырыс жасалады, ал жеткізу дәстүрлі түрде пошталық және коммерциялық курьерлік қызметтер арқылы жүзеге асырылады. Екінші түрі – мәміленің нысанасы материалдық емес тауарлар мен қызметтер болған кезде онлайн тапсырыс, онлайн төлем және онлайн жеткізу жүзеге асырылады [36, 15б.].

Жоғарыда аталған мәмілелердің бірінші түрі бойынша автор Анкур Хурия берген анықтамада, электрондық коммерциямен, ал екіншісі цифрлық саудамен бірдей. Сондықтан, ЕО электрондық коммерцияны кеңірек түсінеді.

Қарастырылып отырған терминді талдаудың тағы бір көзі – жекелеген елдердің нормативтік – құқықтық құжаттары болып табылады. Осылайша, ЕО заңнамасына бейімделген Түрік Республикасының «Электрондық коммерцияны реттеу туралы» 6563 заңнамасында электрондық коммерция деп «электрондық ортада жүзеге асырылатын барлық онлайн қаржылық және коммерциялық қызметтер» ретінде анықтайды [37]. Осылайша, электрондық коммерцияны реттеудегі электрондық сауда туралы типтік заңға ұқсас Түркияның заңнамасы коммерциялық саланың шегінен шығып кетеді.

Егер біз бұл мәселенің Ресейде қалай шешіліп жатқанын талдайтын болсақ, онда ресейлік ғалымдар «электрондық сауда» және «электрондық коммерция» терминдерін ғылыми әдебиеттерде кеңінен талқылауына қарамастан, бұл терминдер заңнамалық түрде анықталмаған. Заңға тәуелді деңгейде, Ресей Федерациясының «Сауда. Терминдер мен анықтамалар туралы» №51303-2013 Ұлттық стандартының 77-тармағында, «электрондық сауда – ақпараттық жүйелерді, Интернеттің ақпараттық-коммуникациялық желісін және электрондық рәсімдерді пайдалана отырып жүзеге асырылатын сауда нысаны» ретінде түсініледі [38].

Ал, заңнамалық деңгейде «тауарды қашықтықтан сату тәсілі» терминінің анықтамасы «каталогтер, брошюралар, буклеттер, фотосуреттер, байланыс құралдары (теледидар, пошта, радиобайланыс және т.б.) арқылы сатушы ұсынған тауардың сипаттамасымен сатып алушының танысу негізінде жасалған бөлшек саудада сату-сатып алу шарты бойынша тауарды сату немесе осындай шарт жасасу кезінде тұтынушының тауармен немесе тауар үлгісімен тікелей танысу мүмкіндігін жоққа шығаратын өзге де тәсілдер» ретінде белгіленген (РФ Азаматтық Кодексінің 497-бабының 2-тармағы [39], РФ «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» 1992 жылғы 7 ақпандағы №2300-1 Заңының 26.1-бабының 1-тармағы [40]).

Бұл анықтамада электрондық сауда элементтерінің бірі ретінде ақпараттық – коммуникациялық құралдар арқылы қашықтықтан тауарларды сату-сатып алу болып табылады. Осыған байланысты, тауарды қашықтықтан сату тәсілі

электрондық сауданың бір бөлігі немесе тәуелді түрі болып табылады, оның ішінде келтірілген анықтамада сауда нысанасынан көрсетілетін қызметтер мен жұмыстар алып тасталатындығына байланысты қорытынды жасауға болады [41, 244 б.].

«Электрондық коммерция» терминінің анықтамасы РФ Үкіметінің 2017 жылғы 28 тамыздағы №1837-р «Ресей Федерациясының 2030 жылға дейінгі кезеңдегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат стратегиясы туралы» өкімінде берілген. Осыған сәйкес құжатта, «бұл Интернет желісі арқылы жүзеге асырылатын, тұтынушыларға тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) көрсету бойынша барлық мәмілелерді қамтитын экономика саласы болып табылады» [42].

Осылайша, Ресейде тек электрондық сауданың тәуелді түрлері ғана заңнамалық деңгейде реттеледі, ал электрондық сауда және электрондық коммерция заңға тәуелді деңгейде реттеледі. «Электрондық сауда» және «электрондық коммерция» терминдері бірдей мағынаны білдіреді.

Қазақстан Республикасының нормативтік – құқықтық және құқықтық актілерінде «электрондық сауда» термині ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігінің тұжырымдамасы және оны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 1998 жылғы 29 шілдедегі № 715 Қаулысында кездеседі (әрі қарай – Бірыңғай ақпараттық кеңістік тұжырымдамасы). Аталған құжат электрондық сауданы «бұл көптеген нысандарда жүзеге асыратын» және оны «ең жалпылама түрде электрондық деректер алмасудың арқасында орындалатын, жеңілдетілетін немесе мүмкін болатын коммерциялық транзакция ретінде айқындалуы мүмкін» деп түсіндіреді [43].

Электрондық сауда нысандарының ішінде «өнімдерге электрондық тапсырыс беру және қоймалардағы тауарлардың оңтайлы қорларын қолдау жүйелері», «смарт карталар», «электрондық әмияндар», магниттік жолағы бар картамен жол жүру ақысы, жарнама, өнімді жеткізу және т.б. келтіріледі. Осылайша, мұнда электрондық сауда қор жинауды қалыптастырудан бастап, жарнамадан тауарға немесе қызметке ақы төлеуге және оны жеткізуге дейінгі өндіріс процесінің бүкіл тізбегін қамтиды.

Біртұтас ақпараттық кеңістік тұжырымдамасы электрондық сауданың негізгі принциптері қарапайым саудамен бірдей екенін және тауар үшін төлем кепілдігі мен алаяқтықтан қорғану екенін атап өтеді.

Электрондық сауда принципі:

- мемлекеттің қаржы жүйелерінің тұтастығын, оның ішінде электрондық сауда жүйелерінің сенімділігін қорғауы;

- тұтынушылардың мүддесі үшін бәсекелестікті қамтамасыз ету және желілік қосымшаларды дамыту үшін ғаламдық электрондық сауда желісінің ашықтығының жоғары дәрежесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 «Сауда қызметін реттеу туралы» заңы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы

(2015) «электрондық коммерция» және «электрондық сауда» ұғымдарын қамтиды [44]:

«электрондық коммерция» – электрондық саудадағы, сондай-ақ көрсетілетін қызметтерді сатудағы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет;

«электрондық сауда» – тауарларды өткізу жөніндегі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет (1-бап).

Осылайша, электрондық коммерция да, электрондық сауда да кәсіпкерлік қызмет болып табылады. Олардың анықтамаларынан электронды сауданың нысаны тек тауар, ал электрондық коммерцияның нысаны тауар мен қызмет болып табылады. Мәмілелер электрондық сауда алаңында жасалады, бұл ақпараттың өзгермейтіндігіне, құпиялылығына және сатып алушының оларға қатысты міндеттемелерді орындауына кепілдік беруі тиіс [45, 112 б.].

Бұдан әрі, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI ҚРЗ «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінде (бұдан әрі – Салық кодексі) «тауарлармен электрондық сауда» терминінің анықтамасын белгілейді [46]. Бұл термин «бір мезгілде мынадай шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкен және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялар көмегімен жүзеге асырылатын, жеке тұлғаларға тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет» ретінде айқындалады:

- тауарларды өткізу жөніндегі мәмілелерді ресімдеу электрондық нысанда жүзеге асырылса;

- тауарлар үшін ақы қолма-қол төленбесе;

- тауарларды сатып алушыға (алушыға) жеткізетін өз қызметі болса не жүктерді тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді, курьерлік және (немесе) пошталық қызметті жүзеге асыратын тұлғалармен шарттар болса (1 баптың 1-тармағының 65) тармақшасы).

Бұл ретте, Салық кодексі бойынша интернет алаңы деп интернет кеңістігінде осы қызметті ұйымдастыратын делдалдық – ақпараттық жүйені атайды. Осылайша, Салық кодексі тек тауарлармен электрондық сауданы реттейді, бұл жоғарыда аталған екі актіде (заңда және қағидаларда) «электрондық сауда» терминімен көрсетілген. Бұл жағдай Салық кодексінің тек тауарлармен электрондық сауданы реттеуі – электрондық интернет алаңында сауданы жүзеге асыру процесі үшін заңнамада екі терминді регламенттеу қажеттілігінің түсіндірмесі болып табылады:

- тек тауарлармен сауда жасау;

- тауарлар мен қызметтердің саудасы.

Сонымен қатар Салық кодексі арқылы реттелетін электрондық сауда тараптарының бірі жеке тұлға болып табылатынын атап өтеміз, яғни кодекс тек электрондық сауданы ғана реттейді, онда негізінен тұтыну тауарларын сатып алу жүзеге асырылады. Аралық қорытындыларды зерделей келе, жоғарыда қарастырылған құжаттарда «электрондық коммерция» және «электрондық

сауда» деген екі негізгі термин қолданылады. Атап айтсақ, негізінен «электрондық коммерция» «электрондық сауда» терминіне қарағанда кең мағынадағы түсінікке ие, дегенмен, кейбір авторлар электрондық коммерция электронды сауданың құрамдас бөлігі болып табылады деп мәлімдейді. Сонымен қатар, осы терминдердің жоғарыда қарастырылған барлық анықтамаларында олардың электрондық құжаттармен, сондай-ақ ақпараттық технологиялар және телекоммуникациямен алмасу арқылы жүзеге асырылатындығы көрсетілген.

Жүргізілген талдаулардың негізінде электрондық сауданың қандай қызметке жататындығы туралы да біраз пікірлер айтылды. Кейбір авторлар (мұнда біз нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді де айтамыз) электрондық сауданы экономикалық қызметтің бір түрі ретінде, оның ішінде кәсіпкерлікке, екіншілері – сауда қызметіне, ал үшіншілері – коммерциялық қызметке жатқызады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында кәсіпкерлік қызмет, сауда қызметі, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар терминдері кездеседі.

Сонымен, ҚР Азаматтық кодексінің 10-бабы және ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 2-бабында: «Кәсіпкерлік дегеніміз азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыс түрлерін орындау, қызмет көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашылық қызметі [47]. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады», – деп атап көрсетілген [48]. Осы нормадан кәсіпкерлік қызмет кіріс алу үшін тауарларды, жұмыс түрлерін және қызметтерді жасаумен өндірумен және сатумен, сондай-ақ осы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіруші мен сатушының тәуекелі мен мүліктік жауапкершілігімен байланысты екендігі шығады.

Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 1-бабында сауда қызметі «ішкі және сыртқы сауданы қамтитын қызмет» ретінде айқындалады. Заңда Сыртқы сауда сыртқы сауда қызметі ретінде түсіндіріледі, бұл «сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тауарларды Қазақстан Республикасынан әкетуге және (немесе) Қазақстан Республикасына әкелуге байланысты қызметі», ал ішкі сауда дегеніміз бұл «жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы аумағында тауарларды сатып алуды-сатуды жүзеге асыруға бағытталған кәсіпкерлік қызметі» деп көрсетілген. Сауда қызметі бұл ішкі және сыртқы нарықтарда тауарларды сатып алу және сату бөлігіндегі кәсіпкерлік қызмет болып есептеледі.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, С.П.Мороз өзінің «Кәсіпкерлік құқық» оқулығында «кәсіпкерлік қызмет» ұғымын ашып, оның негізгі белгілерін бөліп көрсетеді [49, 206.]. Осылайша, автор кәсіпкерлік қызметті «кәсіпкерлікті ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша шаруашылық қызмет ретінде»

түсінеді. Бұл ретте, мұндай қызмет «пайда (кіріс) алуға бағытталған кәсіпкерлік қызмет субъектісінің дербес, бастамашыл қызметін білдіреді». С.П. Мороз экономикалық қызметті мемлекеттік органдар мен басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілерге сәйкес экономикалық жүйе шеңберінде жүзеге асырылатын кез келген қызмет ретінде анықтайды; мұндай қызмет тауарларды өндіруді, ақылы жұмыстарды орындауды немесе осы органдар мен шаруашылық жүргізуші субъектілер белгілеген заңдарға сәйкес қызметтер көрсетуді қамтиды. Сонымен қатар С.П. Мороз «экономикалық қызмет өндірістік немесе тұтыну қызметтерін ұйымдастыру, дамыту немесе ұсыну және т.б. мақсатында жүзеге асырылатын кез келген қызмет түріне жатады» деп осы анықтама бойынша түсіндіруді қамтиды.

Зерттеуші В.Т. Батычконың пікірі С.П. Мороздың пікірімен сәйкес келеді, В.Т. Батычко өзінің «Кәсіпкерлік құқық. Лекциялар жинағы» атты еңбегінде кәсіпкерлік қызмет ретінде, сондай-ақ кәсіпкердің тұлға ретінде дербес табыс алуға бағытталған қызметі түсініледі. Ол «заңда белгіленген тәртіппен тіркелген тұлғалардың мүлікті пайдаланудан, тауарларды өткізуден, жұмыстарды орындаудан немесе қызметтер көрсетуден жүйелі түрде пайда табуға бағытталған өз тәуекелімен жүзеге асырылатын дербес қызмет» деп жазады

В.Т. Батычко С. П. Мороздың пікірімен келісіп, өзінің «Кәсіпкерлік құқық. Лекциялар жинағы» кітабында кәсіпкерлік қызмет мүлікті сату немесе пайдалану, жұмысты орындау немесе қызмет көрсету арқылы өзіне тәуелсіз табыс табуға бағытталған жеке және бірлескен күш-жігерді қамтиды деп жазады. Оның айтуынша, «кәсіпкерлік – бұл қолданыстағы құқықтық рәсімдерге сәйкес тіркелген адамдар өз тәуекелімен жүзеге асыратын тәуелсіз қызмет; оның мақсаты-мүлікті пайдалану немесе сату, тауарларды сату, жұмыстарды орындау немесе қызмет көрсету арқылы жүйелі түрде пайда табу» [50, 326.].

С.П.Мороз кәсіпкерлік қызметтің негізгі белгілерін былайша бөледі:

1) мұндай қызметтің бастамашылығы мен тәуелсіздігі, бұл кәсіпкердің өзі нені және қалай өндіріп, сататынын таңдайтынын, оның қызметіне ешкім ерікті түрде араласпауы керек және оның құқықтары заңмен қорғалатындығын болжайды;

2) кәсіпкердің өз мүлкінің болуы;

3) ақшалай, материалдық және материалдық емес құндылықтар түріндегі кіріс;

4) бұл белгі алдыңғы үш бөліктен туындайды - бұл мүлікті жоғалтуға, кіріс алмауға, нені және қалай өндіруге және сатуға болатынын таңдау кезінде қате шешім қабылдауға байланысты тәуекел;.

5) кәсіпкерлік қызмет жүйелі негізде жүзеге асырылады, яғни оның ұзақ уақыт аралығы бар;

б) заңдастырылған сипат - кәсіпкер ретінде ресми тіркелу [49, 52б.].

Бұл белгілер В.Т. Батычконың анықтаған белгілерімен сәйкес келеді. Олар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталып бекітілген белгілермен

ұқсас келеді. В.Т.Батычко кәсіпкерлік қызметтің жүйелі, тәуелсіз, тәуекелді және заңдастырылған сипатын, оның кәсіпкердің жеке мүлкіне негізделуін және кіріс пен пайда алуға бағытталғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, В.Т.Батычко тағы бір қосымша белгіні кәсіпқойлықты атап көрсетеді. Бұл белгінің астарында ғалым кәсіпкердің тиісті білім мен дағдыларға ие болуын білдіреді [50, 45б.].

Жоғарыда қарастырылған ғылыми әдебиеттер мен құқықтық құжаттарда «электрондық сауда» кейбір жағдайларда экономикалық қызмет, ал басқа жағдайларда кәсіпкерлік қызмет түрі ретінде анықталғаны атап өтілді. С.П.Мороздың деректерінен экономикалық және кәсіпкерлік қызметтің анықтамаларынан электрондық сауданы кәсіпкерлік қызметке жатқызуға болады, ол өз кезегінде экономикалық қызметке жатады. Осыған байланысты, бұдан әрі қарай осы жұмыста электронды қызметті талдау кезінде, біз «Экономикалық қызмет» анықтамасына кең сілтеме жасаудың қажеттілігі жоқ деп есептейміз.

Осылайша, диссертацияның осы тармағында жүргізілген талдау негізінде ғылыми әдебиеттер мен заңнамалық тәжірибеде «электрондық сауда», «электрондық коммерция» және «цифрлық сауда» терминдері қолданылады деген қорытынды жасауға болады. Қолданылуы бойынша олар бірдей немесе өзара құрамдас болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының заңнамаларында «электрондық коммерция» және «электрондық сауда» ұғымдары да қолданылады. Электрондық коммерция құрамына электрондық сауда кіреді [51, 45 б.].

Электрондық сауданың, сондай-ақ электрондық коммерцияның спецификалық сипаттамалары ақпараттық – коммуникациялық құрамдас бөліктен туындайды: бұл қызметті электрондық деректермен және электрондық құжаттармен алмасу арқылы жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық құралдар арқылы қашықтықтан өзара әрекеттесу негізінде жүзеге асырылады. Нәтижесінде электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз ету және саудаға қатысушыларды қажетсіз сыртқы араласулардан (алаяқтық, киберқауіпсіздік) қорғау мәселелері өзекті болып отыр.

Зерттеу жұмысында электрондық сауда термині қолданылатын болады және одан әрі талдау интернет арқылы жүзеге асырылатын электрондық сауданы қарастырумен шектелетін болады.

Сонымен, халықаралық құжаттарды, кейбір шет елдердің нормативтік құқықтық құжаттарын, ресейлік қазақстандық заңнаманы, ресейлік және отандық ғалымдардың пікірлерін зерттей отырып, келесі қорытындыға келдік:

1. «Электрондық коммерция» да, «электрондық сауда» да экономикалық, шаруашылық және кәсіпкерлік қызмет түрлері болып табылады.

Кәсіпкерлік құқық саласын зерттеген ғалым С.П. Мороздың пікірімен келісе отырып, экономикалық қызмет өз негізінде экономика саласындағы жалпы пайдалы қызметтің бір түрі болып табылады, оның субъектілері кез келген әрекетке қабілетті тұлғалар, мемлекет және заңды тұлғалар материалдық

және рухани игілікті жасау, адам мен қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бола алатындығын атап өтеміз.

Экономикалық қызмет – бұл өндірісті, бөлуді, айырбастауды және тұтынуды қамтитын материалдық және рухани байлықты ұдайы өндіру процесі.

Шаруашылық қызмет – экономикалық қызмет түрлерінің бірі, мемлекеттік билік және басқару органдары белгілеген ережелерге сәйкес экономикалық қызметті ұйымдастыру, басқару және тікелей жүзеге асыру тәртібі.

Кәсіпкерлік қызмет – бұл кәсіпкерлік тәуекелдермен, басқарудың жаңа тәсілдерімен, инновациялық жетістіктерді пайдаланумен байланысты және осының барлығы пайда табуға бағытталған экономикалық, шаруашылық қызмет түрі.

Кәсіпкерлік – бұл шаруашылық қызмет бағыттарының бірі, оның ерекшеліктерінің бірі пайда табу және оның басты субъектісі – кәсіпкер болып табылады.

Коммерциялық қызмет – бұл тауар айналымымен байланысты кәсіпкерлік, шаруашылық, экономикалық қызметтің түрі.

Демек, бұл ұғымдардың өзара арақатынасы келесідей: экономикалық қызмет – шаруашылық қызмет – кәсіпкерлік қызмет – коммерциялық қызмет.

2. Біз «электрондық сауданы» кәсіпкерлік, демек экономикалық қызметтің бір түрі деп санаймыз. «Электрондық сауданың» нысаны – тауар, ал «электрондық коммерцияның» нысаны – тауар және қызмет екендігін ескере отырып, «электрондық коммерция» термині «электрондық сауда» терминіне қарағанда кең ұғым болып табылатынын және құқықтық реттеуді талап ететінін атап өтеміз.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 1-бабының 56) және 57) тармақшаларын және «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» Бұйрықтың (2015) 1-тармағының 64) және 66) тармақшаларын мынадай редакцияда жазуды ұсынамыз:

«электрондық коммерция – бұл белгілі бір шарттар сақталған кезде интернет-дүкендер және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сату мен қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметтің түрі»;

«электрондық сауда – бұл белгілі бір шарттар сақталған кезде интернет-дүкендер және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сату бойынша кәсіпкерлік қызмет түрі».

Сондай-ақ, ҚР Салық кодексінің 1-бабының 1-тармағының 65) тармақшасының бірінші абзацын келесі редакцияда жазылуын ұсынамыз: «электрондық сауда – бұл белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сатуға арналған кәсіпкерлік қызмет түрі».

Сонымен қатар, ҚР Салық кодексінде «электрондық коммерция» терминіне жататын норма жоқ екендігін ескере отырып, ҚР Салық кодексін

келесі мазмұндағы нормамен толықтыруды ұсынамыз: «электрондық коммерция – белгілі бір шарттарды сақтай отырып, интернет-дүкендер және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарлар мен қызметтерді сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрі».

3. Электрондық сауда мен электрондық коммерцияның мәні интернет желілері арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен сауда қызметін жүзеге асыру болып табылады. Электрондық сауданың бірқатар артықшылықтары бар:

- электрондық сауда сатушыға да, сатып алушыға да ыңғайлы, яғни уақытты үнемдейді және сатып алушы үшін өте қолжетімді (уақытты үнемдеу, тауарларға ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы тапсырыс беру, ыңғайлы төлем әдістерін қолдану, тауарлармен егжей-тегжейлі танысу);

- электрондық сауда тауар өндірушілер арасындағы бәсекеге қабілеттілікті дамытады;

- электрондық сауда сатушы тарапынан сұранысқа тез жауап беруге мүмкіндік береді.

1.2 Электрондық сауданы жүзеге асыру саласындағы электрондық құжаттардың азаматтық – құқықтық мәні

Жұмыстың алдыңғы бөлігінде электрондық сауданың дәстүрлі саудадан айырмашылығы – сауда процесі электронды нысанда жүретіні, яғни ақпараттың қағаз тасымалдағыштардан электрондық тасымалдағыштарға ауысуымен сипатталады деп негізделеді.

Егер дәстүрлі саудада ақпарат тараптар арасында жеткізіліп, ауызша және жазбаша нысанда жасалса, ал электрондық саудада ол коммуникациялық құралдар арқылы ауызша нысанда немесе электрондық нысанда берілді. Бұл ретте ақпаратты беру және тіркеу нарықтың маркетингтік зерттеулерінен бастап мәмілені рәсімдеуге және тауарды немесе қызметті тұтынушыға жеткізуге дейінгі сауданың барлық кезеңдерін сүйемелдейді. Дәл осы электрондық сауданы құқықтық анықтау мен реттеудің ерекшелігін анықтайтын электрондық құрамдас бөлік болып табылады. Ақпарат тасымалдаушы ретіндегі электрондық құжат электрондық сауданың осы ерекшелігін анықтаушылардың біріне айналады. Бұдан өз кезегінде электрондық құжаттардың заңдылығы туралы, электрондық құжаттардың қағаз құжаттармен баламалылығы туралы келесі сұрақтар туындайды:

- электрондық құжаттар қаншалықты тауарды сатушыны да, сатып алушыны да қорғай алады?

- электрондық құжаттар қаншалықты сатып алушыға тауардың немесе қызметтің оларда жазылған сипаттамаларға сәйкестігіне кепілдік бере алады?

- электрондық құжаттар қаншалықты осы міндеттемелерді қабылдаған барлық тараптардың оларда жазылған құқықтары мен міндеттемелердің орындалуына кепілдік бере алады?

- электрондық құжаттар, мемлекеттік органдардың алдында, мысалы, салық комитеттері сияқты, осы құжаттың иесі тарапынан белгілі бір іс-әрекеттің жасалғанын растау ретінде пайдалануы мүмкін бе?

- электрондық құжаттар бизнес серіктестіктер арасындағы сот дауларында пайдаланылуы мүмкін бе және шағым беру үшін негіз бола ала ма?

Мұндай мәселелер электрондық сауданы дамытудың және электрондық саудаға тартылған тараптар арасындағы қатынастардың табиғи салдары болып табылады. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін осы бөлімшеде электрондық сауданы жүзеге асыру саласындағы электрондық құжаттардың азаматтық-құқықтық мәнін толығырақ қарастырамыз.

Халықаралық тәжірибеде, атап айтқанда, электрондық сауда саласындағы ұлттық заңнамаларды қалыптастыру кезінде мемлекеттер үшін нұсқаулық ретінде әзірленген халықаралық ұйымдардың құжаттарында «электрондық хабарламалар» немесе «деректер хабарламалары» термині қолданылып, бұл кең ауқымды қамтамасыз етеді және электрондық құжаттармен шектелмейді.

1996 жылғы электрондық сауда туралы ЮНСИТРАЛ үлгілік заңында «деректер хабарламасы» сауда қызметінде орталық элемент ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, аталған құжаттың ережелерінің құрылымы мен мазмұнына талдау жасай келе, электрондық сауданы құқықтық регламенттеу негізінен «деректер хабарламаларын» құқықтық регламенттеуге дейін азаяды деген қорытында жасауға болады. Құжаттың құрылымы екі бөліктен, 17 баптан және 53 ережеден тұрады. Құжаттың бірінші бөлігінің 15 бабы және 45 ережесі «Жалпы электрондық сауданың» мазмұнын ашады, ал оның ішінде 2 және 3-тараулары 16 бабымен және 39 ережесі «деректер хабарларына қатысты заң талаптарын қолдану» және «деректерді беру» туралы қамтиды.

«Деректер хабарламасы» терминін «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңында «электрондық деректер алмасуды, электрондық поштаны, жеделхатта, телекс немесе телефаксты қоса алғанда, электрондық, оптикалық немесе ұқсас құралдар арқылы дайындалған, жіберілген, алынған немесе сақталған, бірақ олармен шектелмейтін ақпарат» ретінде айқындалады (2-бап).

Осы анықтамаға сәйкес, «деректер хабарламасы» – бұл ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы мақсатты ықпалға ұшырайтын ақпарат болып табылады. Сонымен қатар, «электрондық хабарламалар туралы» үлгілік заңында келесідей ережелер, «деректер хабарламасы» нысанындағы ақпараттың заңды күші бар екенін, сондай-ақ оны дайындау, сақтау, жіберу, оның тұтастығын қамтамасыз ету, оны құрастырушыны және басқа да белгіленген факторлар сәйкестендіру тәсілінің сенімділігіне қойылатын талаптар сақталған кезде қағаз құжаттармен тең дәрежеде сот дауларында пайдалануы мүмкін екенін регламенттеледі (5, 8, 9 және 12-баптар).

Бұдан басқа, деректер хабарламасын қолдану арқылы жасалған келісімшарт (оферта және акцепт) заңды күшке ие болады (11-бап). Осылайша, ақпараттық технологиялардың көмегімен, оның ішінде адамның тікелей қатысуынсыз жасалған оферта мен акцепттің құқықтық айқындылығы

енгізіледі. Осыған сәйкес, мысалы, компьютер арқылы жасалған оферта мен акцепт тараптардың құқықтары мен міндеттемелеріне алып келеді және тараптар арасындағы дауларда дәлелді күшке ие болады.

Деректер хабарламасын сақтауға қойылатын талаптар «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңның 10-бабында жазылған. Біріншіден, оны пайдалану қолжетімді болуы тиіс. Басқаша айтқанда, ақпараттық технологияны қолдана отырып жасалған ақпарат табиғи түрде жасалғанына немесе танымал бағдарламалық жасақтама пакеттерімен кодталғанына қарамастан қол жетімді болуы керек; қалай болғанда да, оны осы білімге мұқтаж адамдар одан әрі оқу үшін сақтауы керек. Екіншіден, бастапқы форматты немесе ақпараттың дұрыстығын растайтын форматты сақтау қажет. Үшіншіден, шыққан және баратын жерін, жөнелту/алу күні мен уақытын белгілеу мүмкіндігі болуы тиіс. Осылайша, деректер хабарламаларын сәйкестендіру үшін барлық қажетті ілеспе (қосымша) ақпарат алдағы уақытта пайдалану үшін сақталуы керек.

Бұл ретте хабарламаны алу уақыты мен орнын айқындау туралы ережелер 15-бапта егжей-тегжейлі көрсетілген. Бұл ережелер диссертацияның осы тармағының кейінгі бөліктерінде қаралатын болады, себебі олар 2005 жылғы Халықаралық шарттарда электрондық хабарламаларды пайдалану туралы БҰҰ Конвенциясының (бұдан әрі – Электрондық хабарламалар туралы Конвенция) ережелеріне ұқсас [52].

Сонымен, Электрондық сауда туралы үлгілік заңы тұтастай алғанда электрондық саудада жекелеген деректер хабарламаларын және жаңа ақпараттық технологияларды қолдану үшін құқықтық негізді қамтамасыз ету мүмкіндіктерін, тараптардың құқықтық қорғалуын және деректер хабарламалары арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекеттерден туындайтын міндеттемелерді орындау міндетін жүктейді, сөйтіп электрондық сауданың дамуына ықпал етеді. Мұнда біз бұл құжаттың қамтамасыз ету мүмкіндіктерін ашатынын айтамыз, оның құқықтық негізін регламенттемейді, өйткені ол елдер үшін бастамашы болып табылады. Ондағы ережелер ұлттық заңнамаға енгізілген жағдайда деректер хабарламаларын немесе электрондық құжаттарды қолдану үшін құқықтық негізді қамтамасыз етеді.

БҰҰ-ның тағы бір құжаты – «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенциясы электрондық хабарламалардың заңдық күші мәселелерін тікелей регламенттеуге арналған. Конвенцияның мақсаты – «жеке өзіне, отбасылық мақсаттарға», банктік төлемдер және тауарға билік ету құжаттарын қоса алғанда, қаржы активтері/құралдары болып табылатын шарттарды қоспағанда, әртүрлі елдердің өкілдері – тараптар арасында шарттар жасау және орындау кезінде электрондық хабарламаларды пайдалану мәселелерін реттеу. Бұл ретте, Конвенция тараптардың дербестігін сақтап (3-бап), Конвенция ережелерінен өзгеше шарттарды қолдану мүмкіндігін көздейді. Бұған қарамастан, Конвенция электрондық саудада электрондық құжаттарды пайдалануды реттеудің ұлттық құқықтық тетіктерін қалыптастыру кезінде жетекші құжат ретінде қызмет етуге арналған.

Талданған «Электрондық құжат» терминіне қатысты осы Конвенцияда қолданылатын үш терминді қарастырамыз. Конвенцияның 4-бабында «хабарлама», «электрондық хабарлама» және «деректер хабарламасы» терминдеріне анықтамалар берілген. Хабарлама – бұл «тараптардың шарт жасасуына немесе орындалуына байланысты жасауы талап етілетін немесе жасауға шешім қабылдайтын кез келген арыз, декларация, талап, ескерту немесе өтініш, соның ішінде оферта мен оферта акцепті» деп түсініледі. Электрондық хабарламалар, сондай-ақ деректер хабарламалары деп аталады, бұл деректер пакеттері арқылы жіберілетін хабарламалар және электронды, магниттік, оптикалық немесе электронды байланыс, электрондық пошта, жеделхаттар мен телекстер немесе тіпті факс сияқты ұқсас құралдарды қамтуы мүмкін». Осылайша, электрондық хабарлама шартты жасасу және іске асыру шеңберінде ақпараттық-коммуникациялық құралдардың көмегімен дайындалған немесе берілетін ақпарат болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды, электрондық хабарлама электрондық сауданы жүзеге асырудың құралы/тәсілі болып табылады.

Осы құжаттың 8-бабына сәйкес электрондық хабарламаларды қолдану міндетті болып табылмайды, бірақ «хабарлама немесе шарт олардың электрондық құжат нысанында жасалғандығының негізінде ғана оның жарамдылығын немесе талап қою күшінен айыра алмайды».

Электрондық хабарламалар туралы Конвенция нысандарға арнайы талаптарды белгілемейді, сонымен қатар, электрондық хабарламаға немесе қағаз тасымалдағыштағы шарттарға заңмен белгіленген талаптар қолданылатынын белгілейді. Мәселен, 9-бапқа сәйкес, егер заңнамада хабарламалардың/шарттардың жазбаша нысаны, сондай-ақ мұндай талап сақталмаған жағдайда құқықтық салдарлар көзделген болса, норма хабарламаларды/шарттарды электрондық нысанда ресімдеу кезінде олардың мазмұнын құрайтын ақпаратты одан әрі пайдалану мүмкіндігінің талаптарын сақтай отырып орындалды деп есептеледі. Бұл бап хабарламалардың немесе шарттардың таңдалған нысаны оларды жарамсыз деп тануға негіз бола алмайтындығын белгілейді. Бірақ олар хабарламалар мен шарттардың қағаз нысандары үшін заңнамада талап етілетін ақпаратты қамтымаса, жарамсыз деп танылуы мүмкін, яғни «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенция электрондық хабарламаларға немесе шарттарға легитимдік беру арқылы электрондық сауданы жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді, осы арқылы электрондық қатынастар шеңберінде жүзеге асырылатын процестердің құқықтық және коммерциялық айқындылығы болады.

Бүгінгі күні келіссөздер мен мәмілелер жасау процесінде ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы әртүрлі электрондық хабарламалар мен құжаттар немесе ауызша ақпарат алмасу кең таралған. Мысалы, бұл курьерлік қызмет көрсететін бизнес-серіктеске жіберілген межелі жерге келу күнін көрсете отырып, жүкті жөнелту туралы ақпарат болуы мүмкін. Егер жүк порттағы қоймадан қабылданбаса, жөнелтілмесе және тапсырыс берушіге уақытында жеткізілмесе, бұл қосымша шығындарға және тапсырыс берушінің

жүкті уақытылы жеткізбегені үшін талап қоюына әкелуі мүмкін. Демек, мұндай электрондық хабарлама алушыға – бизнес серіктеске белгілі бір міндеттемелер жүктейді.

Бұдан бөлек, осы мысалда электрондық құжаттың тағы бір түрі – жүкті алушының – курьердің құқығын куәландыратын құжат қолданылуы мүмкін, оның ұсынылуы порттағы қоймадан жүкті тиіп жөнелту үшін қажет. Аталған құжат арқылы электрондық хабарламаны алушыға тиісті құқықтар беріледі.

Электрондық хабарламалармен және шарттармен алмасудың тағы бір мысалы – франчайзинг шарты болуы мүмкін. Авторлық құқық иесінің оны пайдалануға рұқсат бергені туралы куәліксіз пайдалану құқықтық салдарға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, франчайзинг шарттары бизнес ортаға және халықтың күнделікті өміріне жаңа технологияларды енгізуге ықпал етеді.

Аталған және басқа да осындай жағдайларда хабарламалардың немесе құжаттардың электрондық нысандарын жарамды және орындалуға жататын нысандарды пайдалану мүмкіндігін құқықтық қамтамасыз ету географиялық және уақыттық арақашықтықты қысқартуға мүмкіндік береді. Электрондық хабарламалар туралы Конвенцияның жоғарыда қаралған ережелері заңнамада қағаз нысандарда қойылатын талаптардың электрондық нысандары сақталған кезде хабарламалардың/шарттардың электрондық және қағаз нысандарының баламалылығын декларациялайды. Конвенция хабарламалардың/шарттардың электрондық нысандарын кемсітпеушілік қағидатын көздейді.

Электрондық саудада айналымды реттеу мен электрондық хабарламаларды қолданудағы келесі маңызды мәселе – оның қашан және қайда жіберілгені және алынғаны болып саналады. Мысалы, жоғарыда қарастырылған мысалда, келу орны мен уақыты көрсетілген жүктің жөнелтілгені туралы электрондық хабарламаны алу уақыты – оның серіктестің электрондық поштасына түсу уақыты ма? Немесе серіктестің оны оқуға уақыты бола ма? Бұл сұрақтың жауабы тапсырыс берушіге жүкті уақытылы жеткізбеген жағдайда оның салдары үшін кім жауап беретініне байланысты.

«Электрондық хабарламалар туралы» Конвенцияның 10-бабы электрондық хабарламаны жіберу уақыты «оны құрастырушының немесе оны құрастырушының атынан жіберген тараптың бақылауындағы ақпараттық жүйеден шыққан сәт», яғни ол өзінің ақпараттық жүйесіне қызмет көрсететін серверден кеткен немесе жіберуші де, алушы да «электрондық хабарламаны алған сәтінде» бір ақпараттық жүйеде болған кезде деп айқындайды.

Электрондық хабарламаны алу уақыты деп ол көрсеткен электрондық мекенжай бойынша, яғни оның ақпараттық жүйесіне қызмет көрсететін серверге келіп түскен кезде «адресат оны алу үшін мүмкіндік жасалған сәт» болып саналады. Егер хабарлама адресат көрсетілген мекенжайға жіберілмесе, онда хабарлама осы мекенжайға жіберілгені туралы оған белгілі болған және ол «оның» серверіне түскен уақыт та қабылдау уақыты деп танылады.

Шарттар жасасу кезінде, сондай-ақ әртүрлі елдердің серіктестері арасында электрондық хабарламалар алмасу кезінде «қашан» және «қайда» сұрақтары ерекше мәнге ие болады. Егер «қашан» сұрағы салдардың басталу уақытын

белгілеумен байланысты болса, онда «қайда» қай елдің қолдану құқығын анықтайды. Электрондық хабарламалар туралы Конвенцияның сол 10-бабында электрондық хабарламаны жіберу орны жіберуші кәсіпорынның орналасқан жері, ал алу орны – адресат кәсіпорынның орналасқан жері болып танылатыны айтылған. Электрондық хабарламаны кәсіпорынның орналасқан жерінен әр түрлі географиялық нүктелерде жіберу және алу мүмкіндігін ескере отырып, электрондық хабарламаларды жіберу және алу орнын тиісінше жіберуші мен алушы атынан әрекет ететін кәсіпорынның орналасқан жерімен байланыстырады. Бұл ретте, орналасқан жері деп кәсіпорынның ақпараттық жүйесіне қызмет көрсететін сервердің орналасқан жеріне қарамастан, кәсіпорынның заңды мекенжайы қарастырылады. Егер жөнелтуші және (немесе) алушы белгілі бір кәсіпорынның атынан емес, тек өз атынан әрекет етсе, электрондық хабарламаны жіберу және (немесе) алу орны деп тиісінше жөнелтушінің және (немесе) алушының тұрғылықты жері танылады. Сондай-ақ, «Электрондық сауда туралы» Үлгілік заңда және «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенцияда құжаттардың қолтаңбасын ауыстыру мүмкіндігі қарастырылғанын атап өткен жөн. Егер заңнамада құжаттың қағаз форматына тараптардың қол қоюы талап етілсе, осы деректер хабарламасын тағайындау мақсатына сәйкес сенімді және тиісті деректер хабарламасына қол қоятын тұлғаны сәйкестендіру және оның хабарламадағы мәліметтермен келісімін верификациялау әдісі болса, онда деректер хабарламасы қол қойылған болып саналады. Демек, электронды құралдарды қолдана отырып, қолтаңбаның екі сипаттамасы бар:

- қол қоюшы тұлғаны сәйкестендіру;
- оның деректер хабарламасының мазмұнымен келісімін тексеру (верификациялау).

Бұл ретте сәйкестендіру және тексеру (верификациялау) тәсілі деректер хабарламасының мақсатына, яғни деректер хабарламасында қамтылған ақпараттық маңыздылық дәрежесіне де, растаудың «қажеттілік» дәрежесіне де байланысты сенімді болуға тиіс. Мысалы, жалпы сомасы 50 млн теңге және 50 мың теңге болатын шарттар үшін қажетті сенімділік дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Бірінші жағдайда, қол қоюшының ерік білдіруін анықтау және тексеру (верификациялау) әдісінің сенімділігі екінші жағдаймен салыстырғанда жоғары болуы керек. Сонымен қатар, «Электрондық сауда туралы» Үлгілік заңы және «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенция сәйкестендіру және тексеру (верификациялау) тәсілінің сенімділігі туралы осы Ережені «деректер хабарламасын құрастырушы мен адресат арасындағы кез келген уағдаластықты қоса алғанда» деп толықтырады. Бұдан бұрын, осы тараудың алдыңғы тармағында бизнес қатынастар тараптары, оның ішінде мемлекеттер сауда қатынастарын жүргізудің жалпы «ережелерін» белгілейтін келісімдермен реттелуі мүмкін екендігі айтылған. Келісімдерде ақпараттың түпнұсқалығын растау әдістерін қоса алғанда, деректер хабарламаларының ережелері көрсетілуі мүмкін. Осыған байланысты «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңы және «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенцияда, мысалы,

офертаға немесе келісімшартқа қол қоюшыны сәйкестендіру және оның ерік білдіруін верификациялау тәсілін белгілеу кезінде осындай келісімдердің ережелерін есепке алу мүмкіндігін көздейді. Кейбір жағдайларда, мысалы, тараптардың келісімінде мұндай сәйкестендіру мен верификация деректер хабарламасын құрастырушы мен жіберушінің фирмалық бланкісінің болуымен ғана шектелуі мүмкін, басқа жағдайларда электрондық құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылатын қол қоюшы тараптың бірінші басшысының қолы болуы тиіс, үшіншіден, оның өкілі қол қойса жеткілікті. Электрондық цифрлық қолтаңбаларға қойылатын талаптарды реттеу үшін жеке үлгілік құжат әзірленді. Бұл талаптар осы жұмыстың келесі бөлімдерінде толығырақ қарастырылады. Бұл жерде құжаттың түпнұсқалығын растау, электрондық құжаттың қол қоюшы тарапының ерік білдіруін растау тәсілдерінің бірі болып табылатынын ғана атап өтеміз.

Ұлттық заңнамаларда, деректер хабарламалары немесе электрондық құжаттар қалай реттейтінін қарастыруға көшейік. Түркия заңнамасында «электрондық коммерциялық хабарлама» термині қолданылады. Мысалы, «Электрондық коммерцияны реттеу туралы» № 6563 Заңы (бұдан әрі - 2015 жылғы 1 мамырда күшіне енген Түркияның «электрондық коммерция туралы» Заңы) осы термин бойынша телефон, факс электрондық пошта және басқа да электрондық құралдар арқылы коммерциялық мақсатта жіберілетін электрондық түрдегі деректер, дыбыс немесе суреттер бар барлық хабарламаларды айқындайды (2-бап).

Түркияның «Электрондық коммерция туралы» Заңы электрондық коммерциялық хабарламаларды құрастырушыларға/жіберушілерге қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды қаржылық тұрғыдан орындамаудың салдарын (айыппұлдар) белгілейді. Хабарламалардағы ақпарат келесідей болуы керек:

1) «хабарлама жіберетін жеке немесе заңды тұлғаны нақты сәйкестендіру» үшін жеткілікті болуы тиіс. Атап айтқанда, коммерциялық электрондық хабарламада жіберушінің аты-жөні, телефон нөмірі, байланыс деректері (факс, коммерциялық электрондық хабарламаның тіркеу нөмірі, электрондық пошта мекен-жайы) болуы керек.

2) олардың ерекшеліктері мен қатысу шарттарын айқындау үшін хабарламаның мақсаты және өткізілетін акциялар (жеңілдіктер және басқалар) бөлігінде анық және түсінікті болуы жеткілікті. Заң коммерциялық электрондық хабарламада, оның мақсаты және алушының хабарламаны қабылдау құқығын қамтуы тиіс екенін реттейді. Бұл ретте шарттың талаптары нақты айқындалуға тиіс.

3) алушы қабылдауға келіскен ақпаратты ғана қамтуы керек. Қарастырылып отырған заң алушы – бизнес бірлігін қоспағанда, оларға электрондық коммерциялық хабарламалар жіберуге алушының – жеке тұлғаның алдын ала келісімін алу міндеттілігін белгілейді. Мұндай келісім жазбаша түрде немесе электрондық байланыс құралдары арқылы берілуі мүмкін. Бұл ретте, осы хабарламаларды алушылар кез келген уақытта оларды алудан «оңай және тегін» бас тарта алады, ал жіберушілер жіберуді тоқтатуы

тиіс. Сондай-ақ, бұл нормаларды сақтамаудың салдары айыппұл түрінде белгіленеді. Сонымен, Түркия заңнамасында «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенцияға ұқсас электрондық хабарлама термині қолданылады, ол электрондық құралдармен қалыптасқан және берілген кез келген хабарламалар ретінде түсініледі. Электрондық хабарламалардың мазмұндық бөлігіне және деректемелеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ хабарламаның «меншік иесін» сәйкестендіру жөніндегі талаптар заңнамалық түрде айқындалған. Сонымен қатар бұл нормалар негізінен маркетинг саласын қамтиды. Бұл жерде диссертацияның осы тармағы аясында электрондық шарттарды реттеу жөніндегі нормалар қарастырылмайды, электрондық хабарламаларды (электрондық құжаттарды) реттеуді талдаумен шектеледі, ал электрондық шарттар осы жұмыстың екінші тарауында қаралатын болады.

Қазақстан заңнамасында «электрондық хабарлама» термині қолданылады. Ол ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы №218 «Операторы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі не оның еншілес ұйымы болып табылатын төлем жүйелерінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қаулысында кездеседі [53]. Осы қаулының 1-тарауының 4-тармағының 7)-тармақшасында «электрондық хабар – белгілі бір форматтағы және электронды түрде ұсынылған ақпараттың жиынтығы» делінген. Тура осы жерде «электрондық ақпараттық хабар – төлем хабарларына жатпайтын және ақпараттық сипаттағы, электрондық цифрлық қолтаңбасы бар, электрондық хабар, оның ішінде үзінді-көшірмелері» деген анықтама берілген. Демек, бірінші термин электрондық түрдегі ақпарат туралы болса, екіншісі ақпарат туралы, бірақ қандай да бір әрекетті жүзеге асыру үшін «тапсырмалары» жоқ, бірақ цифрлық қолтаңбамен қол қойылған ақпарат. Сонымен «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенцияда, ЕАЭО құқықтық құжаттарында, Түркия заңнамасында, сондай-ақ Қазақстан заңнамасында пайдаланылатын «электрондық хабарлама» терминінің анықтамаларының баламалылығы байқалады: біріншіден, бұл қызмет процесінде пайдаланылатын ақпарат; екіншіден, оны тараптар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы береді.

Қазақстан мүшесі болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасында төменде келтірілген кестеде «электронды хабарлама» деп электронды түрде берілетін/алынатын ақпарат түсініледі (1-кесте).

Кесте 1.

ЕАЭО құжаттарындағы «электрондық хабарлама» терминінің анықтамасы

ЕАЭО құжаты	термин және оның анықтамасы
1	2
ТМД Парламент аралық Ассамблеясының 2008 жылғы 25 қарашадағы №31-12 «Электрондық сауда туралы» үлгілік заң Қаулысы	«электрондық хабарлама - ақпараттық жүйелердің, ақпараттық-коммуникациялық желінің және электрондық рәсімдердің көмегімен дайындалатын, жіберілетін, алынатын және сақталатын ақпарат»

Кестенің жалғасы

<p>ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 4 қазандағы №1136 «Ұлттық нарықтарға тауарлар мен қызметтерді ілгерілету үшін ақпараттық-маркетингтік орталықтардың мемлекетаралық желісін құрудағы, пайдаланудағы және дамытудағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы туралы келісімді бекіту туралы» Қаулысы [18].</p>	<p>«электрондық хабар – ақпараттық-телекоммуникациялық желіні пайдаланушы жіберген немесе алған ақпарат»</p>
<p>Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №17 «Кеден одағына мүше мемлекеттің ұлттық сегментіне және Кеден одағының сыртқы өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің бірыңғай экономикалық кеңістігіне үлгілік жеке техникалық тапсырма туралы» Ұсынымы [54].</p>	<p>«электрондық хабарлама – ақпараттық-телекоммуникациялық желі не деректерді берудің өзге де арналары арқылы жіберушіден алушыға берілетін ресми ақпарат»</p>
<p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 қаңтардағы №30 «Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердегі жалпы кедендік үдерістер шеңберінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы келісімді бекіту туралы» Қаулысы [55].</p>	<p>«электрондық хабарлама – ақпараттық-телекоммуникациялық желіні пайдаланушы берген немесе алған ақпарат</p>
<p><i>Ескертпе: автор деректер бойынша құрды</i></p>	

ЕАЭО бойынша серіктес елдерді қарастырайық. Осы елдердің заңнамасында «электрондық құжат» термині қолданылатындықтан, оны Ресей, Беларусь және Қырғыз Республикасының заңнамасындағы анықтамасына бірден көшейік.

Беларусь Республикасының 2009 жылғы 28 желтоқсанындағы №113-3 «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңында бұл термин оның түпнұсқалығы мен дұрыстығын егжей-тегжейлі анықтауға мүмкіндік беретін электрондық құжатты білдіреді [56].

Қырғыз Республикасының 2017 жылғы 19 шілдедегі «Электрондық қолтаңба туралы» Заңында «квалификацияланған электрондық қолтаңбамен қол қойылған электрондық нысандағы ақпарат, заңдарда немесе басқа да нормативтік құқықтық актілерде көзделген құжатты электрондық нысанда жасауға тыйым салынған жағдайдан басқа, қағаз жеткізгіштегі құжатқа баламалы электрондық құжат болып танылады» делінген [57].

Ресей Федерациясының 2011 жылғы 6 сәуірдегі №63-ФЗ «Электрондық қолтаңба туралы» Федералдық Заңында «Федералдық заңдарда немесе оларға сәйкес қабылданған нормативтік-құқықтық актілерде құжаттар тек қағаз түрінде жасалуы керек деп көзделмеген жағдайларда, электрондық қолтаңбамен қол қойылған кез-келген ақпарат физикалық түрде жасалған, өз

қолымен қол қойылған құжаттардың баламасы ретінде қарастырылуы мүмкін және Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес заңды түрде қолданылуы мүмкін» делінген [58].

Сонымен, осы ЕАЭО аталған елдерінде электрондық құжаттарды қолдану заңды түрде айқындалған. Бұл ретте, осы терминнің анықтамасында электрондық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжаттың өз қолымен қол қойылған қағазға, құжатқа (Ресей және Қырғыз Республикасы) баламалылығы белгіленген.

Енді Қазақстандағы электрондық құжаттардың азаматтық-құқықтық маңыздылығын талдауға кірісейік. Бұл термин заңнамада жоғарыда аталған «электрондық хабарлама» терминіне қарағанда жиі қолданылады. «Электрондық құжат» терминінің анықтамасы, мысалы, келесі актілерде кездеседі:

- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370 «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы (бұдан әрі – Электрондық құжат және ЭЦҚ туралы Заң) [59].

- Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 25 мамырдағы №258 «Көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесін ұйымдастыру және пайдалану қағидалары, көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркеуге, есепке алуға, өңдеуге және сақтауға жататын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Бұйрығы [60];

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Соты аппараты) басшысының 2020 жылғы 29 шілдедегі №18 «Электрондық құжатқа қойылатын техникалық талаптар және оның соттың автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде айналыс қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі - ЖС №18 қағидалары) [61].

- Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 28 қыркүйектегі №352/НҚ «Цифрлық құжаттар сервисінде электрондық құжаттарды көрсету және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Бұйрығы (бұдан әрі - ЦДИАӨМ №352/НҚ) [62].

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 16 тамыздағы №212 «Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қаулысы (бұдан әрі - ҰБ №212 қағидалары) [63].

Оларда электрондық құжат «ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат» деп түсініледі. Демек, «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңнан айырмашылығы, заң шығарушы электрондық-цифрлық нысанда цифрлық қолтаңбасы қойылған ақпаратты жеке топ ретінде белгілейді. Басқаша айтқанда, электрондық цифрлық қолтаңбаның көмегімен қол қойылған электрондық жазбалар, деректер хабарламалары ғана заңнамалық реттеуді алады (бұдан әрі -ЭЦҚ).

Біз электрондық цифрлық қолтаңба сипаттамаларына келесі тармақтарда толығырақ тоқталамыз. Мұнда тек оның сертификатталуы қажет екенін, сондай-ақ электрондық құжатқа қол қою кезінде оның түпнұсқалығы ашық кілтпен – осы мақсаттарға арналған криптографиялық құралмен тексерілетінін ескереміз (ҚР Электрондық құжат және ЭЦҚ туралы Заңның 1 және 10-баптары).

«Электрондық құжат» термінің сәл өзгеше, нақтырақ анықтамасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 16 тамыздағы №212 «Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қаулысының ережесінде берілген. Онда «электрондық құжат - ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және сәйкестендіру құралдарымен куәландырылған қағидаларда көзделген тәртіппен жөнелтуші жасаған және бұрмалаушылықтар және (немесе) жасалғаннан кейін оған енгізілген өзгерістер жоқ электрондық құжат» делінген. Мұнда әзірлеуші құжатты бір тұлға құрастырып жіберуі және белгіленген талаптарға сай болуы, сондай-ақ құрастырушының бастапқы ақпаратын қамтуы керек екенін түсіндіреді.

Сондай-ақ, заңнама электрондық құжаттың түпнұсқасын және электрондық құжаттың қағаз көшірмесін айқындайды. Түпнұсқа – бастапқыда электрондық форматта қалыптастырылған және цифрлық қолтаңбамен қол қойылған құжат. (Электрондық құжат айналымы қағидаларының 17)-тармақшасы). Электрондық құжат деп санау үшін құжаттың электрондық нұсқасы бастапқы құжат болуы керек екенін ескеру қажет. Егер құжат бастапқыда қағаз тасымалдағышта ресімделген болса және дәл осы құжат форматы дереккөз болып табылса, онда ол алынған электрондық форматқа көшірілген жағдайда құжаттың электрондық нұсқасы құжаттың электрондық көшірмесі болып табылады. (Қағаз құжаттың электрондық көшірмесін білдіреді). Электрондық құжаттың қағаз көшірмесі – ақпаратты (деректеме мәліметтерін) электрондық түпнұсқадан шығару арқылы алынған, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін пайдаланып жасалған электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, түпнұсқа электрондық құжаттағы ақпаратты және барлық деректемесін немесе олардың бір бөлігін толық сипаттайтын осы құжатты растауға өкілеттігі бар адам растаған қағаз тасымалдағыштағы құжат (Электрондық құжат айналымы қағидаларының 16)-тармақшасы).

Сондай-ақ заң шығарушы мемлекеттік органдардың халыққа ұсынатын мемлекеттік және өзге де қызметтерін көрсету кезінде алынатын электрондық құжатты да ерекше атап өтті. Мұндай құжат цифрлық құжат ретінде айқындалған (ЦДИАӨМ №352/НҚ қағидаларының 2-тармағы). Сонымен бірге, ол ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы тікелей және қашықтықтан мемлекеттік орган өкілдерінің және халықтың байланысын қалыптастырады.

Цифрлық құжаттарды қалыптастыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық құралдарға цифрлық құжаттар сервисі және «электрондық үкіметтің» мобильді қосымшасы жатқызылады. Цифрлық құжаттар сервисі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне интеграцияланған және тиісті ақпаратқа қол жеткізу негізінде мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде электрондық/цифрлық құжаттарды жасайды, сақтайды және пайдаланады (№352/НҚ ЦДИАӨМ қағидаларының 4-тармағы). Мобильді қосымша «электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізуді ұсынатын» бағдарламалық өнім болып табылады. (ЦДИАӨМ №352/НҚ қағидаларының 2-тармағы). Цифрлық құжатқа функцияларына тиісті мемлекеттік қызмет көрсету кіретін мемлекеттік орган қол қояды (ЦДИАӨМ №352/НҚ қағидаларының 8-тармағы).

Электрондық құжат және ЭЦҚ туралы заң Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайтын мемлекеттік құпияларды қамтитын электрондық құжаттарды қоспағанда, электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда электрондық құжаттарды пайдалануды белгілейді. Заң шығарушы электрондық құжат айналымын бір жүйемен, оның ішінде электрондық құжатты бір ақпараттық жүйеден екіншісіне жіберу мүмкіндігін шектемейді. Электрондық құжаттар пайдалануы мүмкін қызмет салалары да шектелмейді.

Сондай-ақ электрондық құжат қол қойылған қағаз құжатқа теңестіріледі. Заңның бұл нормасында электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжат туралы нақтылау бар (7-баптың 1-тармағы). Алайда, терминнің анықтамасына сәйкес электрондық құжат деп ЭЦҚ-мен қол қойылған құжат түсініледі, осыған байланысты мәтін бойынша бұдан әрі «электрондық құжат» терминін қазақстандық заңнаманы қолдану контексінде оған ЭЦҚ-мен қол қойылуы тиіс деп түсініледі.

Электрондық құжат және ЭЦҚ туралы Заңы электрондық құжатты жіберу уақыты мен алу уақытын реттейді (7-баптың 2-3 тармақтары). Сонымен, электрондық құжатты жіберу уақыты – «оны телекоммуникациялар желісі арқылы берген кезден бастап», ал алу уақыты – оны «жолданым иесінің ақпараттық жүйесінде оның тіркелу» сәті болып табылады. Алайда, тіркелу туралы ашылып айтылмайды. Бұл ретте алғаны туралы хабарламада электрондық құжатты алу фактісі мен уақыты туралы және оның жөнелтушісі туралы деректер болуға тиіс. Мұндай хабарламаның болмауы жолданым иесінің құжатты алмағанының белгісі болып саналады (7-баптың 4-тармағы). «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы электрондық құжаттарды және электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдануға байланысты туындайтын дауларды сотта шешу мүмкіндігін көздейді (25-бап). Сөйтіп, электрондық құжаттардың, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбалардың заңды күші бар және дәлелді тәжірибеде қолданылуы мүмкін.

ЖС №18 Ережесі соттың қарауына ұсынылатын электрондық құжаттарға қойылатын талаптарды регламенттейді. «Электрондық құжаттар және ЭЦҚ туралы» Заңында көзделген талаптарға қосымша, барлық берілетін

электрондық құжаттар Азаматтық процестік кодексінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Мұнда «Электрондық құжаттар туралы» үлгілік заңның ережелеріне сәйкестігі байқалады, онда қағаз және электрондық нысандардың функционалдық сәйкестігі, соның ішінде оларға қойылатын талаптар әдісі де қолданылады.

Бұл ретте талап арыздың өзі (апелляциялық шағым, өтінішхат және т.б.) электрондық құжаттың түпнұсқасы ретінде қарастырылады. Қарастырылып отырған нормалардың мазмұнынан өтінішке қоса берілетін және ақпараттық жүйеге жүктелген құжаттар әрқайсысы жеке файл – электрондық құжат, оның көшірмесі не құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ресімделеді. Сондай-ақ рұқсат етілген өлшем (10 мегабайттан аспайды) және құжаттың формасы (doc, docx, pdf, jpeg және xls) оның қолжетімділігі мен тұтастығын қамтамасыз етуі керек. Бұл ретте, құжаттың электрондық көшірмесі «барлық деректемелердің және түпнұсқалық белгілерін, атап айтқанда: тұлғаның графикалық қолы, бланктің мөрін және бұрыштық мөртабаны (бар болса) сақтай отырып» 1:1 масштабта сканерлеу арқылы жүзеге асырылады. (ЖС №18 қағидаларының 11-тармағы). Барлық құжаттар топтамасы өтініш берушінің немесе оның өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Сондай-ақ электрондық құжаттың жіберілгенін растау нысаны белгіленген. Бұл «жөнелту күні мен уақыты, бірегей нөмірі, сондай-ақ жөнелтуші мен алушының деректемелері «жөнелту туралы талон» (ЖС №18 Ережесінің 23-тармағы).

ЕАЭО-ның электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасына сәйкес ЕАЭО елдерінде электрондық құжаттардың түпнұсқалығы мен тұтастығы «ұлттық криптографиялық әдістер мен құралдарды қолдану арқылы» қамтамасыз етіледі, оның көмегімен ЭЦҚ жасалады және тексеріледі. Әр елде «ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әр түрлі тәсілдері» қолданылатындығына және нәтижесінде криптографиялық әдістер әр түрлі болатындығына байланысты бұл тұжырымдамада ЕАЭО мүшелерінің электрондық құжаттардың заңдық күшін өзара тануын және олардың өзара қарым-қатынаста кедергісіз қолданылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрал енгізіледі.

Бұл ЕАЭО-ға мүше басқа елдердің электрондық құжаттарының ЭЦҚ-сын тексереді және сол арқылы бір мемлекеттің электрондық құжатын ЕАЭО басқа мемлекетінде заңдастыратын «сенімді үшінші тарап» (бұл норма «Электрондық құжат және ЭЦҚ туралы» Заңның 13-бабында да көрсетілген).

ЕАЭО заңнамасына жүгінейік. Мұнда электрондық форматта жасалған және электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыратын құжат (2-кесте) электрондық құжат болып танылады. Бұл ретте, электрондық құжаттың заңды күші ретінде оның құзырлы тараппен/ұйыммен түпнұсқалылығы мен тұтастығын растауы және мақсаты бойынша сот ісін жүргізуде қолдану қабілеті қарастырылады.

Анықтамадан шығатыны электрондық құжаттың түпнұсқалығы мен тұтастығы, сондай-ақ осы сипаттамаларын растау оның заңды күшін тануға негіз болып табылады.

Кесте 2. ЕАЭО құжаттарындағы «электрондық құжат» және «электрондық құжаттың заңды күші» терминдерін айқындау

ЕАЭО құжаты	термин және оның анықтамасы
<p>Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №73 «Мемлекетаралық өзара іс-қимыл кезінде сервистерді және заңды күші бар электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасы туралы» шешім (бұдан әрі – ЕАЭО электрондық құжаттарды пайдалану тұжырымдамасы) [64]</p>	<p>«электрондық құжат – ЭЦҚ-мен куәландырылған және ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының талаптарына сәйкес келетін электрондық түрдегі құжаттар»;</p> <p>«электрондық құжаттың заңды күші – ұсынылуы мен айналым нысандарын (оның түпнұсқалығы мен тұтастығы) сенім білдірілген үшінші тараппен расталған және электрондық құжаттармен халықаралық (трансшекаралық) алмасуды жүзеге асыру кезінде электрондық құжаттарды мақсаты бойынша және сот даулары мен талқылауларында тікелей дәлелдемелер ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін қорғалған электрондық құжаттың қасиеті».</p>
<p>Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2014 жылғы 2 желтоқсандағы №17 «Кеден одағына мүше мемлекеттің ұлттық сегментіне және Кеден одағының сыртқы өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесінің Бірыңғай экономикалық кеңістігіне үлгілік жеке техникалық тапсырма туралы» Ұсынымы [54]</p>	<p>«электрондық құжат» – ЭЦҚ куәландырылған және ақпаратты электрондық түрде құжаттаудың жалпы инфрақұрылымының талаптарына сәйкес келетін электрондық түрдегі мәліметтер»;</p> <p>«электрондық түрдегі мәліметтер – электрондық есептеу машиналарын пайдалана отырып, адамның қабылдауы үшін, сондай-ақ формат пен құрылымға белгіленген талаптарды сақтай отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып беру және өңдеу үшін жарамды түрде ұсынылған ақпарат, мәліметтер, деректер»;</p> <p>«электрондық құжаттың заңды күші – ұсынылуы мен айналым нысандары (оның түпнұсқалығы мен тұтастығы) сенім білдірілген үшінші тараппен расталған және электрондық құжаттармен халықаралық (трансшекаралық) алмасуды жүзеге асыру кезінде электрондық құжаттарды мақсаты бойынша және сот даулары мен талқылауларында тікелей дәлелдемелер ретінде пайдалануға беретін қорғалған электрондық құжаттың қасиеті».</p>
<p><i>Ескертпе: автор деректер бойынша құрды</i></p>	

Келтірілген талдаудан келесі қорытынды жасауға болады. Қазақстанның және осы тармақта қарастырылған елдердің заңнамасы «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңға және «Электрондық хабарламалар туралы» конвенцияға

ұқсастығы бойынша электрондық құжаттардың қағаз нұсқасындағы құжаттармен функционалдық сәйкестігін мойындайды. Бұл ретте, ЕАЭО елдерінде, оның ішінде Қазақстанда заң шығарушылар цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық-цифрлық нысандағы ақпарат ретінде электрондық хабарламалардан «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңмен салыстырғанда электрондық құжатты бөлек ажыратып қарастырады. Бұл ретте ЭЦҚ бірнеше функцияларды орындайды. Біріншіден, қол қоюшының анықтау және оның ерік білдіруін растау. Екіншіден, бұл құжаттың тұтастығы мен түпнұсқалығын қамтамасыз ету. Сонымен қатар ЭЦҚ үшінші сенімді тараппен расталады, осылайша электрондық құжаттарды қолдан жасаудан екі есе қорғауды қамтамасыз етеді. Үшінші сенімді тарап институты өңіраралық электрондық сауданы дамыту үшін де маңызды рөл атқарады.

«Электрондық сауда туралы» үлгілік шарттағы және «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенциядағы сияқты Қазақстанда заңнамалық регламенттелген электрондық құжаттардың басқа да міндетті элементтері – электрондық құжаттарды жіберу және алу уақыты болып табылады. Бұл ретте, Қазақстан заңнамасы электрондық құжаттың түпнұсқасы мен оның электрондық көшірмесі арасындағы айырмашылықты анық көрсетеді; электрондық және қағаз ақпарат тасығыштардағы түпнұсқалар мен көшірмелер (электрондық құжаттың түпнұсқасы немесе қағаз құжаттың электрондық көшірмесі, сондай-ақ электрондық құжаттың қағаз көшірмесі және қағаз құжаттың электрондық көшірмесі) арасындағы нақты айырмашылықты қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, Қазақстан заңнамасы меншік нысанына қарамастан, барлық ұйымдарда, экономиканың барлық салаларында және кез келген ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжатты қолдану мүмкіндігін, сондай-ақ электрондық құжаттарды соттарда дәлелдеме ретінде пайдалану мүмкіндігін белгілейтін факт.

Осыған орай, ҚР Азаматтық процессуалдық кодексіне кейбір толықтыруды енгізуді ұсынамыз. Мысалы, электрондық дәлелдемелерді сотқа ұсыну нысаны бойынша белгілі бір талаптарды көздейтін бапты, электрондық құжаттардың шынайлығы жөнінде құқықтық кепілдіктерді белгілейтін бапты (нотариус, экспертиза), ЭЦҚ-ның шынайлығын растайтын мүмкіндікті қамтамасыз ету туралы бап.

1.3 Электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз ету (халықаралық -ұлттық аспект)

Осы тараудың алдыңғы тармақтарынан электрондық сауданың дәстүрлі саудаға қатысты ерекшелігін сипаттайтын негізгі элемент ақпараттық-коммуникациялық байланыс құралдарын, электрондық хабарламалар мен құжаттарды қолдану, сондай-ақ кейбір жағдайларда тараптардың өзара іс-қимылын «тұлғасыздық» болып табылатынын көруге болады. Өз кезегінде, электрондық құжаттарға қолданылатын «функционалдық баламалылық»

қағидатынан электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз етуді талдау кезінде оның жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерінен туындайтын электрондық сауданың элементтерін реттеу қызығушылығын тудырады. Осыған байланысты, бұл тарауда негізінен осы мәселелерге назар аударылады.

Аталған мәселелердің өзектілігі өңірлік сауда келісімдерінің тәжірибесімен расталады. Мәселен, ТМД Атқарушы комитетінің соңғы он жылдықтағы талдауы бойынша 2020 жылдың төртінші тоқсанының басында қолданылып жүрген келісімдердің үштен бірінен астамы электрондық сауда мәселелерін қамтиды. Бұл ретте, олардың басым бөлігі кедендік баждар туралы мәселелермен қатар дербес деректерді қорғау, электрондық аутентификация, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін қарастырады. Осылайша, талданған 304 өңірлік сауда келісімдерінің 66 келісімі электрондық саудаға жәрдемдесу мәселелерін, 56 келісімде өзара саудада кедендік баждарды жою туралы ережелер, 49 келісімде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы ережелер, 48 келісімде электрондық сәйкестендіру туралы, 44 келісімде дербес деректерді қорғау туралы, 38 келісімде мемлекеттік деңгейінде электрондық сауданы заңнамалық реттеу міндеттемелері туралы, 25 келісімде келісім бойынша ішкі тауарлармен және басқалармен салыстырғанда серіктестердің тауарларын кемсітпеу туралы мәселелер қарастырылды [65, 16 б.]. Атап айтқанда, ТМД Атқарушы комитетінің осы есебінде атап өтілгендей, серіктес елдер электрондық сауданы реттеу қажеттілігін мойындайды және өз заңнамаларын «Электрондық сауда туралы» үлгілік Заңы мен «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенция негізінде құруға келіседі. Осы келісімдер шеңберінде электрондық сәйкестендіру мәселелерінде тараптар халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ұлттық криптографиялық әдістер мен электрондық сәйкестендіру тәсілдерін өзара тану мүмкіндігі туралы бірыңғай ұстанымға келеді. Алайда, транзакциялар үшін «қауіпсіздіктің жоғары деңгейін» қамтамасыз ету қажет болған жағдайда, келісімдерде «аккредиттелген органның белгілі бір өнімділік стандарттарына немесе сертификаттауға сәйкестігі» түрінде қосымша қорғау көзделеді [65, 21 б.]. Осы тараудың алдыңғы тармағында көрсетілгендей, электрондық құжаттардың түпнұсқалығы мен құндылығын қосымша сәйкестендірудің дәл осындай тәсілі ЕАЭО шеңберінде қолданылатынын атап өткен жөн.

Өз кезегінде, есепте қаралған өңірлік сауда келісімдеріндегі дербес деректерді қорғау мәселелері дәстүрлі саудадағы тұтынушыларды қорғау деңгейінен төмен емес деңгейде «тұтынушыларды алаяқтықтан және жаңылыстыратын коммерциялық қызметтерден қорғауды» қамтиды. Бұл жерде біз кейбір келісімдер тұтынушылардың электрондық саудаға деген сенімін арттыру үшін қажетсіз хабарламалардан қорғау қажеттілігін мойындайтынын да ескереміз [65, 21-22 б.]. Бірінші тараудың алдыңғы тармағында келтірілген Түркия тәжірибесінен еріктен тыс хабарламалар туралы мұндай норма ұлттық деңгейде де енгізілген.

ТМД-ға қатысушы елдердің ұлттық заңнамаларын қалыптастыру және үйлестіру үшін басшылық болып табылатын «Электрондық сауда туралы»

ТМД-ның үлгілік заңы ТМД-ға мүше елдердің электрондық сауданы ұлттық деңгейде де, халықаралық деңгейде де кедергісіз жүзеге асыруын, электрондық саудаға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін, оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау және осы құқықтарды сот арқылы қорғауды көздейді. Бұл ретте, осы үлгілік заңның 4-бабына сәйкес электрондық сауданы құқықтық реттеу қағидаттарының арасында:

- қатысушылардың теңдігі;
- шарт еркіндігі;
- мәмілелер мен хабарламалардың электрондық нысанын кемсітпеу;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ұлттық заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ақпараттық технологияларды кемсітпеу;
- тұтынушыға тауарлар, қызметтер және жұмыстар туралы ақпарат нысаны, оның ішінде олардың бағасы мен сатып алу шарттары, сондай-ақ «электрондық сауданы жүзеге асыратын тұлғаның құқықтық ережелері» туралы мәліметтердің қолжетімділігі нысаны.

Үлгілік заңда электрондық сауда саласындағы «электрондық сауда», «электрондық сауданы жүзеге асыратын тұлға», «электрондық қолтаңба», «электрондық мәміле», «электрондық шарт», «ақпараттық делдал» және т.б сияқты негізгі терминдерге анықтама берілген. Сондай-ақ, электрондық саудаға қатысушылар: сатушы, сатып алушы және ақпараттық және өзге де делдалдар (мысалы, шарттарды мемлекеттік тіркеуді, ЭЦҚ сертификаттарын тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен басқалар) ұғымы беріледі.

Қарастырылып отырған құжат мәмілелерді рәсімдеу, оның ішінде электрондық шарттар жасасу тәртібін, сондай-ақ халықаралық электрондық мәміленің нысандарын айқындайды. Мұнда мәміле деп электрондық нысандағы кез келген мәміле түсініледі, ал электрондық шарт деп электрондық және ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы жүзеге асырылатын азаматтық-құқықтық шарт, «шарт талаптарына келісу нәтижесі» түсініледі (2 және 6-баптар).

Қарастырылып отырған үлгілік құжатқа сәйкес мәміле бойынша барлық операциялар мен шарттың өзі ұлттық заңнамаға және тараптардың келісімдеріне сәйкес келуі тиіс екенін ескеріңіз (6-бап). Халықаралық шарттарға қатысты құқықты қолдану жағдайлары анықталды (24-бап).

ТМД-ның «Электрондық сауда туралы» үлгілік Заңы серіктестерінің заңнамалық бекітілуі болмаған кезде белгілі бір процестерді жүргізу тәртібі мен тәсілдерін дербес белгілеу мүмкіндігін регламенттейтіні назар аудартады (6-баптың 3-тармағы және 16-баптың 1-тармағы). Бұл ретте, осы процестердің тізімі электрондық сауданың негізгі сипаттамаларын қамтиды: хабарламалармен алмасу, шарт жасасу, ЭЦҚ, оферта/акцепт, ақпараттың дұрыстығы және ақпараттық жүйені пайдалану. Демек, заңнамалық деңгейде осы саланы заңнамалық реттеу ұлттық деңгейде «жетілдірілмеген» жағдайда электрондық сауда процестерін өзін – өзі реттеу мүмкіндігі көзделген.

Талданатын құжат қатысушылардың, оның ішінде сатып алушының, сатушының және барлық тартылған делдалдардың ақпаратты ұсынуына

қойылатын талаптарды, тиісті құжаттардың қағаз нысандары үшін белгіленген мерзімдерде ақпаратты сақтауға қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл ретте, сатушы туралы ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, оның ішінде ұйымның толық атауын не жеке кәсіпкердің тегі, аты және әкесінің аты, мекен-жайы, тіркеу мәліметтері, рұқсат беру құжаттары туралы мәліметтер, егер бар болса, төлем үшін деректемелер мен төлем тәртібі қамтиды (8-баптың 2-тармағы). Бұл сатып алушының сатушыны сәйкестендіру үшін жеткілікті ақпаратпен, оның құқықтық мәртебесімен қамтамасыз етілуіне байланысты көзделген.

Сатып алушы туралы ақпаратқа келетін болсақ, ТМД-ның «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңында осындай ақпарат сұратуға және ұсынуға, оның ішінде тұтынушының дербес деректерін қорғауды қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды қарастырады. Онда былай бекітілген:

- электрондық саудаға қатысушылардың мәміле мақсаттарына сәйкес қажетті және жеткілікті деректерді ғана сұратуын жүзеге асыру;
- тұтынушылардың дербес деректерін заңды пайдалану, қорғау және сақтау жөніндегі міндеттеме;
- мұндай деректерді заңсыз пайдаланғаны үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік (21-баптың 2-тармағы).

Бұдан бөлек, электрондық саудадағы делдалдардың дербес шоттарының сақталуын қоса алғанда, электрондық саудаға қатысушылардың деректерін қорғау және сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін қарастырады (23-бап). Электрондық мәмілелердің барлық қатысушылары заңнамада көзделген шеңберінде өздерінің ақпараттық жүйелері мен дерекқорларының қауіпсіздігі үшін тікелей міндеті жүктеледі (21 және 22-баптар).

ЭЦҚ-ға қатысты осы үлгілік заң қол қоюшы тұлғаны сәйкестендіру үшін оның сипаттамаларын, оның қол қойылған ақпаратпен келісімін, сондай-ақ оның тұтастығы мен өзгермейтіндігін нақтылай отырып, өз қолымен жасалған электрондық қолтаңбаны сәйкестігі бөлігіндегі нормаларды ғана регламенттейді (6-баптың 6-тармағы).

2001 жылғы ЮНСИТРАЛ «Электрондық қолтаңбасы туралы» үлгілік заңы электрондық саудада электрондық қолтаңбаларды қолдануға арналған нұсқаулықты белгілейді [66, 26.]. Бұл құжат электрондық қолтаңбаларға қойылатын талаптарды белгілейді. Бұл ретте, электрондық қолтаңбалар деп өз қолтаңбасының аналогтерінің барлық түрлері білдіреді. Мәселен, 2-бап «электрондық қолтаңба» терминіне «деректер хабарламасында қамтылған, оған қоса берілген немесе онымен логикалық түрде байланыстырылған және деректер хабарламасында байланысты қол қоюшыны сәйкестендіру үшін пайдалануы мүмкін және қол қоюшының деректер хабарламасында қамтылған ақпаратпен келісетінін көрсету үшін электрондық нысандағы деректер» ретінде анықтама береді. Бұдан әрі, келесі 3-бапта көрсетілген «Осы Заңда 6-баптың 1-тармағында көрсетілген талаптарды қанағаттандыратын немесе қолданылатын құқықтың талаптарына өзге де түрде жауап беретін электрондық қолтаңбаны жасаудың кез келген әдісін алып тастайтындай, шектейтіндей немесе заңды

күшінен айыратындай ештеңе қолданылмайды» делінген. Мысалы, оларға электрондық цифрлық қолтаңбалар да, смс кодтар мен биометриялық қолтаңбалар жиынтығы (өз қолымен қол қою, мысалы, компьютер экранында) арқылы қойылған қолтаңбалар да кіруі мүмкін.

Электрондық қолтаңбалардың сенімділігіне қойылатын талаптар 6-баптың 3-тармағында көрсетілген:

- Біріншіден, бұл қол қоюшы тұлға мен электрондық қолтаңбаның өзі, дәлірек айтқанда оны жасау үшін деректер арасындағы байланыс. Бұл ретте, белгілі бір жағдайларда мұндай байланысты растау құралы сертификат болып табылады (2-бап).

- Екіншіден, бұл деректер «қол қоюшының бақылауында болуы» керек. Басқаша айтқанда, қол қоюды қол қоюшының өзі және оның еркімен ғана жүзеге асырады.

– Үшіншіден, қол қойылғаннан кейін электрондық қолтаңбадағы өзгерістерді анықтау.

- Төртіншіден, қол қойылғаннан кейін ақпарат мәтініндегі өзгерістерді анықтау. Басқаша айтқанда, электрондық қолтаңба қол қойылған мәтіннің тұтастығы мен өзгермейтіндігін қамтамасыз етуі керек.

Бұдан басқа, «Электрондық қолтаңбалар туралы» үлгілік заңы электрондық қолтаңба иесінің өзіне мынадай жауапкершілік жүктейді:

- «қолтаңба жасау үшін оның деректерін рұқсатсыз пайдалануға жол бермеу»;

- тиісті тарапқа – іс-әрекеттері құжатқа қол қойылғанына негізделген электрондық саудаға қатысушыға, яғни сенім білдірген екінші тарапқа - электрондық қолтаңбаны жасау үшін оның (бірінші тараптың) деректерін заңсыз қолдану жағдайлары мен тәуекелдері туралы ескерту;

- ол қолданылған жағдайда сертификаттың дұрыстығы мен толықтығына (8-баптың 1-тармағы).

Сондай-ақ сенім білдірген тарап қол қойған тұлғаның электрондық қолтаңбасын заңсыз қолдану тәуекелдері туралы ескертулеріне және сертификаттың заңдылығы мен шектеулерін тексеруге тиісті дәрежеде жауапты болады. Ол сертификаттарды беретін және тексеретін тұлғаларға да қатысты.

Сертификаттарға келетін болсақ, қарастырылып отырған үлгілік заңда сертификаттың сипаттамалары және оны жасау кезінде пайдаланылатын сертификатты жеткізуші құралдарының сенімділігі туралы ережелер де регламенттелген.

Сонымен қатар, «Электрондық қолтаңба туралы» үлгілік заңда шетелдік сертификаттар мен электрондық қолтаңбаларды тану туралы ережелер көзделген. Мұндай тану географиялық орындарға тәуелді болмауы керек, бірақ олардың сенімділік деңгейінің баламалылығын және танылған халықаралық стандарттарға сәйкестік дәрежесіне, сондай-ақ серіктестік келісімдер негізінде электрондық қолтаңбаларды пайдалану жағдайларында ұлттық заңнамаларға қайшы келмейтініне негізделуі керек.

Үлгілік құқықтық актілер мен құжаттар «халықаралық консенсустың көрінісі» болып табылады, ал олардың ұлттық заңнамалық бастамаларға қосылуы көптеген елдердің өз заңдарын басқа елдердің заңдарына сәйкестендіруге деген ұмтылысын көрсетеді [66, 5-9 б.].

ESCATO, ЮНСИТРАЛ және Enhanced Integrated Framework (Расширенная интегрированная платформа) EIF (бұдан әрі - Дайындықты бағалау жөніндегі нұсқаулық) әзірлеген Заңдық дайындықты бағалау жөніндегі нұсқаулық трансшекаралық электрондық сауданы жүзеге асыруға дайындық бойынша өзін-өзі бағалауға көмектесетін түсіндірме ақпаратты қамтиды [67]. Бұған қоса, бұл нұсқаулық электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз ету бойынша елдердің тәжірибесіне талдау жасайды. Мұнда электрондық сауданың негізгі элементтерін сипаттайтын негізгі мәселелерді келтірейік.

Дайындықты бағалау жөніндегі нұсқаулық электрондық құжаттарды тану және технологиялық бейтараптық бөлігінде электрондық сауда туралы заңдардың түрлеріне түсініктеме береді. Осылайша, осы нұсқаулықтың авторлары электрондық құжаттарды тану келесі жолмен жүзеге асырылуы мүмкін деген қорытындыға келеді:

- «бір режимді» тәсіл;
- «екі режимді» тәсіл.

Бір режимді тәсілде «функционалдық баламалық» қағидаты қолданылады, яғни егер электрондық хабарламада қағазға қойылатын барлық заңнамалық талаптар сақталған жағдайда, электрондық хабарламалар қағаз хабарламалар сияқты бірдей заңдық күшке ие болады. Басқаша айтқанда, «Электрондық сауда туралы» үлгілік заңның және «Электрондық хабарламалар туралы» Конвенцияның тиісті ережелерін қарастыру кезінде, құжат тек электрондық форматта жасалғаны деген негізде ғана заңды күшінен айырылмауға тиіс. Екі режимді тәсілде электрондық құжаттар үшін бөлек құқықтық режим жасалады [66, 9-10 б.].

Осы салыстыру контексінен шығатыны, ұсынылған екі жағдайдың арасындағы негізгі айырмашылығы электрондық және қағаз құжаттардың функционалдық баламалылығын қолдану кезінде тек электронды құжаттарға тән элементтерді реттейтін ережелер бөлек әзірленеді (мысалы, ЭЦҚ), ал «екі режимді» заңнамада электрондық құжаттарды қолданудың барлық элементтерін реттеу үшін нормалар әзірленеді.

Технологиялық бейтараптық бойынша заңдар келесіге бөлінеді:

- бейтарап;
- нақты.

Бейтарап заңдар - электрондық сауданы, оның ішінде транзакцияларды жүзеге асыру үшін технологияның барлық түрлерін қолдануға мүмкіндік береді. Нақты заңдар тек белгілі бір технологияларды қолдануды көздейді [67]. Осы құжатта «нақты» заңдардың мысалы ретінде ашық кілттер инфрақұрылымы (АКИ) негізінде ЭЦҚ транзакциясын міндетті растау келтіреді.

Көптеген елдер электрондық қолтаңбаларды өз қолымен қойылған қолдармен қатар қолдануды заңды түрде мойындағанын атап өтіп, қарастырылып отырған нұсқаулықта электрондық қолтаңбаларға және қызмет көрсетушілердің мәртебесіне қатысты әртүрлі технологиялық тәсілдер бар деген қорытындыға келеді.

Бұл ретте белгілі бір елде электрондық қолтаңбаны заңнамалық реттеу осы елде немесе шетелде жасалған электрондық қолтаңбаларға қатысты нормаларды қамтитынын атап өту қажет. Мұндай бөлудің себебі, қолтаңбаларды жасау, беру және қолдануға қойылатын заңнамалық талаптар, мысалы, түпнұсқалығын тексеру қажеттілігі мен тәсілі әртүрлі елдерде әрқалай болуы мүмкін. Шет мемлекеттерде жасалған және берілген электрондық қолтаңба шетелдік электрондық қолтаңба деп аталады. Мәселен, «Дайындықты бағалау жөніндегі нұсқаулықта» келесі анықтама берілген: «шетелдік электрондық қолтаңба – бұл оның заңды танылуын қажет ететін юрисдикциядан тыс берілетін немесе қолданылатын электрондық қолтаңба. Ол сондай-ақ шетелде жасалған АКИ негізіндегі сертификатты пайдалану сияқты басқа шетелдік элементтерді қамтуы мүмкін» [67].

Жалпы, электрондық қолтаңбалар бойынша технологиялық тәсілдер:

- нақты;
- технологиялық бейтарап;
- гибридті деп бөлінеді [67].

Осылайша, заң шығарушы электрондық қолтаңбаларды жасауға және сертификаттауға қойылатын белгілі бір талаптарды, сондай-ақ жеткізушілердің тізімін және оларға қойылатын талаптарды (лицензия, сертификаттау қажеттілігі және т.б) белгілей алады. Нақты технологиялық тәсіл қолданылатын елдің мысалы ретінде Армения келтірілген. Мұнда 2005 жылы қабылданған «Электрондық құжаттар және электрондық қолтаңба туралы» заңында электрондық цифрлық қолтаңбаны жасаудың криптографиялық әдісі белгіленген [68].

Шетелдік электрондық қолтаңбаларға келетін болсақ, заңнамада оларды мойындамауы мүмкін. Бұл жерде заңнамада шетелдік электрондық қолтаңбалар туралы нормалардың болмауы оларды мойындамау емес, өйткені құқықтық тұрғыдан олар жарамсыз емес, керісінше, жанама түрде танылған. Осыған байланысты, бұл жағдайда шетелдік электрондық қолтаңбалар танылмайтындығы заңды түрде жазылады.

Технологиялық бейтараптықта белгілі бір жағдайлар үшін ерекшеліктерді қоспағанда, электрондық қолтаңбаның барлық түрлерін қолдануға жол беріледі. Мұнда мысал ретінде Австралия келтірілген. Австралияның 1999 жылы қабылданған «Электрондық транзакциялар туралы» заңының 10-бабында қол қоюдың баламасы ретінде екі фактінің болуын мойындау мүмкіндігін қарастырады:

- «қол қойылатын» электрондық хабарламадағы ақпаратқа қатысты қол қоюшы тұлғаның ниетін көрсету;
- қол қоюшы тұлғаны сәйкестендіру [69].

Бұл ретте, олар электрондық хабарламаның мақсаттарына сәйкес сенімді әдісті немесе оларды қалауы бойынша орындалу дәлелдерін пайдалана отырып орындалуы тиіс. Мұнда электрондық хабарламаның маңыздылығына байланысты сәйкестендіру әдісінің сенімділік дәрежесі өзгеруі мүмкін екенін атап өтеміз.

Сондай-ақ осы заңда электрондық хабарлама алушының қол қоюшы тұлғадан жоғарыда көрсетілген екі фактінің ақпараттық технологияның белгілі бір талаптарына сәйкестігін талап ету мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл ретте, қол қоюдың баламалылығы туралы заңның қарастырылып отырған нормасын қолдану үшін, егер бұл алушы шет мемлекеттің субъектісі болып табылған жағдайда қол қойылған электрондық хабарламаны алушының келісімін талап етеді.

Шетелдік электрондық қолтаңбаларға қатысты келісімдер негізінде тану немесе заңнамалық тану болуы мүмкін. Бұл ретте, мемлекет шетелдік электрондық қолтаңбаларды тану үшін жалпы талаптарды белгілеуі мүмкін, соған сәйкес уәкілетті ұйым шетелдік электрондық қолтаңбаларды тануды жүзеге асырады.

Мысал ретінде Үндістанның тәжірибесі келтірген. Шетелдік электрондық қолтаңбаларды тану туралы нормалар ретінде негізгі құжат 2000 жылғы Үндістанның «Ақпараттық технологиялар туралы» Заңы болып табылады. Осы заңның 19 және 89-баптарына сәйкес «Бақылаушы» деп аталатын тиісті ұйым шетелдік электрондық қолтаңбаны, атап айтқанда шетелдік куәландырушы органды тану үшін талаптарды көздейтін ережелерді әзірлейді. Бұл ережелер Кибер реттеу комитетінің талаптарын ескере отырып және Үкіметтің келісімімен әзірленеді, сондай-ақ ресми жариялануға жатады. Осыған уәкілетті ұйым шетелдік куәландырушы органды тануды, сол арқылы осы куәландырушы орган куәландырылған электрондық цифрлық қолтаңбаларды тануды жүзеге асырады [70].

Сонымен қатар, заңнама өздерінің шыққан елдерінде берілген қолтаңбалардың стандарттарын қанағаттандыратын шетелдік электрондық қолтаңбаларды тани алады. Уәкілетті ұйым мұндай шетелдік қолтаңбалардың басқарушы органдар белгілеген талаптарға сәйкес олар үшін белгіленген барлық өлшемдерге сәйкес келетіндігін үнемі тексеріп отырады.

Гибридті тәсілде белгілі бір қауіпсіздік шараларына сәйкес келетін электрондық қолтаңбалардың барлық түрлері қолданылуы мүмкін; ал оларды тексеру әдістері құжаттарда (немесе тараптар арасындағы келісімдерде) белгіленген талаптарға негізделген заңды мәнге сәйкес келуі керек. «Қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін» электрондық қолтаңбалардың түпнұсқалығын тексеру әдістері жоғары құқықтық мәртебеге ие болуы мүмкін [67, 15б.]. Мысал ретінде Жаңа Зеландияның тәжірибесі келтірілген. Мысалы, Жаңа Зеландияның 2017 жылғы «Келісім-шарт және коммерциялық құқық туралы» заңына сәйкес электрондық қолтаңба келесі талаптарға сай болса, өз қолымен алмастыра алады:

а) қол қоюшыны дәлме-дәл сәйкестендіреді және қол қоюшының қол қойылған ақпаратты мақұлдауын дәлме-дәл көрсетеді;

ә) қол қоюды қажет ететін мақсатты және ол талап етілетін жағдайларды ескере отырып, қаншалықты орынды болса, соншалықты сенімді болады (осы Заңның 226-бабы) [71].

Бұдан әрі осы 226-бапта: «Алайда, тұлғаға заң бойынша берілуі тиіс ақпаратқа қатысты қол қоюға қойылатын заңды талаптар, егер ол тұлға электрондық қолтаңбаны алуға келісім берген жағдайда ғана электрондық қолтаңба арқылы қанағаттандырылады», ал 228-бап сенімділікке қатысты «технологиялық бейтараптықты» белгілейді. Электрондық қолтаңба келесі шарттармен «қаншалықты орынды болса, соншалықты сенімді болады»:

- қол қоюшының деректері пайдаланылады;

- бұл деректер қол қоюшының бақылауында болды;

- электрондық қолтаңбаның өзіне де, қол қойылған ақпаратқа да қол қойылғаннан кейін өзгерістер енгізілетіні анықталады.

Алайда, оған қол қойылғаннан кейін ақпарат мәтініне өзгерістер енгізу туралы соңғы талап «қол қою туралы заңды талаптың мақсаты ақпараттың тұтастығына кепілдік беру болып табылатын жағдайларда» міндетті болып табылатынын атап өтеміз (228-баптың (1) – тармағының d) тармақшасы) [71].

Шетелдік электрондық қолтаңбаларға тура сол тәсілдер қолданылады: барлығы, соның ішінде екі және көпжақты келісімдер негізінде жасалғандары танылады және қауіпсіздікті көбірек қамтамасыз ететіндеріне жоғары мәртебе беріледі [71].

Дайындықты бағалау жөніндегі нұсқаулықта сонымен қатар, құпиялылық және деректерді қорғау мәселелері де қарастырылады. Дегенмен, осы нұсқаулықтағы құпиялылық «деректерді беруге шектеулер» дегенді білдіреді, ал деректерді қорғау «дерекқорды қорғау: кеңседе электрондық поштаға қол жеткізу үшін менде көп факторлы аутентификация бар ма?» деп түсініледі [67]. Бұдан шығатын қорытынды құпиялылық деректерді қорғау арқылы мүмкін болады, яғни деректерді беру кезінде берілетін деректерге қол жеткізу талаптарын сақтау қажет.

Олардың маңыздылығы электрондық сауда кезінде деректерді берудің ерекше талаптарымен анықталады. Бұл талаптар әр елдерде әртүрлі болуы мүмкін және «деректерді жинау, қол жеткізу, пайдалану және беру және сақтау шарттарын» реттейді. Сондай-ақ, құпиялылық және деректерді қорғау мәселелері заңнамалық түрде реттелетін елдердің көпшілігінде осы заңнамалық нормалардың орындалуына жауапты арнайы орган бар екені атап өтіледі.

Құпиялылықты және деректерді қорғауды заңнамалық қамтамасыз етуді қалыптастыру кезіндегі басшылыққа алынуы мүмкін халықаралық құжаттар: «2013 жылғы жеке өмірді қорғау және дербес деректермен трансшекаралық алмасу жөніндегі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) басшылық қағидаттары» (бұдан әрі-ЭЫДҰ-ның дербес деректерді қорғау жөніндегі нұсқаулықтары) [72], «2015 жылғы Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығының (АТЭС) құпиялылығының негіздемелік

бағдарламасы» [73], ЕО-ның жеке өмірге қолсұғылмаушылық және электрондық коммуникациялар туралы директивасы 2002/58/ЕО және басқалар болуы мүмкін [74].

Бұл құжаттар бір елдің шеңберінде жиналатын, пайдаланылатын және сақталатын, сондай-ақ шетелдерге, яғни оларды экспорттау кезінде берілетін дербес деректерді және деректердің құпиялылығын қорғау жөніндегі қағидаттар мен ережелерді белгілейді. Мысалы, деректерді экспорттау импортталатын ел жіберілетін деректерді тең қорғауды қамтамасыз еткен жағдайда мүмкін болады.

Мысал ретінде, ЭЫДҰ-ның дербес деректерді қорғау жөніндегі нұсқаулықтарын қарастырайық. Олар бір мезгілде жеке өмірді және жеке адамның бостандығын қорғау, бір жағынан ақпаратпен еркін алмасу және экономикалық-әлеуметтік даму мақсатында әзірленген, мемлекеттік және жеке секторға да қолданылады (кіріспе және 2-тармақ). Негізгі мәселелерді бөліп көрсетейік.

Бұл құжат тиісті дербес деректерді жинауды жүзеге асыруда мыналарды көздейді:

- заң талаптарына және осындай алымның мақсаттарына сәйкес, сондай-ақ субъектінің келісімімен ғана жүзеге асырылуы тиіс;
- жинау мақсаттары жинау басталғанға дейін нақтылануы керек;
- тек көрсетілген мақсатты іске асыру үшін қажет [72].

Сонымен бірге, алынған дербес деректер «жоғалтудан, санкцияланбаған қолжетімділіктен, жоюдан, пайдаланудан, өзгертуден немесе жария етуден» қорғалуға тиіс (11-тармақ). Бұл ретте, деректерді басқарушы – ол «дербес деректердің мазмұны мен пайдаланылуы туралы шешім қабылдайтын орган», яғни жеке тұлға туралы қандай деректерді жинау керектігін және оларды қалай пайдалану керектігін шешетін орган кез келген нақты сәтте сәйкестендіру тиіс (1-тармақтың а) тармақшасы және 12-тармақ). Басқаша айтқанда, кез келген уақытта жеке тұлғаның жеке деректері кімде бар, қандай деректер бар, олар не үшін пайдаланылады және деректердің иесі/сақтаушысы қайда орналасқанын анықтау мүмкіндігі болуы керек. Бұдан бөлек, жеке тұлғаның басқарушыда оның дербес деректерінің бар-жоғын растауға, оларға «ақылға қонымды мерзімде», қолжетімді бағаға және «түсінуге ыңғайлы нысанда» қол жеткізуге, сондай-ақ оларға наразылық білдіруге және оларды жоюды талап етуге құқығы бар (13-тармақ).

Елдер арасындағы деректерді беруге қатысты ЭЫДҰ-ның дербес деректерді қорғау жөніндегі талданатын басшылық қағидаттары шетелге берілген дербес деректерді қорғау үшін жауапкершілікті деректердің басқарушысына жүктейді (16-тармақ). 17-тармақтың мазмұнынан дербес деректерді басқа елге беру келесі жағдайларда болуы керек:

а) басқа ел осы нұсқаулықты белгіленген дәрежеде басшылыққа алады немесе

б) қауіпсіздіктің елеулі және маңызды шаралары, сондай-ақ оларды іске асыру тетіктері бар, ал деректер басқарушысы осы Нұсқаулыққа сәйкес

деректерді қорғаудың тұрақты деңгейін қамтамасыз ету үшін елеулі шаралар қабылдады [72].

Осылайша, осы нақты жағдайда ЭЫДҰ елдерінен дербес деректерді беру талданып жатқан нұсқаулықтың ережелері қолданылатын елге немесе дербес деректерді қорғау деңгейі осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келетін елге мүмкін болады.

Құпиялылық және деректерді қорғау мәселелері бойынша барлық халықаралық актілерде дербес деректерді қорғау маңызды құрамдас бөлік болып табылатынын атап өтеміз. Дербес деректерді қорғау мәселелері ұлттық деңгейдегі құжаттарда да маңызды орын алады. 2012 жылғы «Дербес деректерді қорғау туралы» [75], 2012 жылғы «Дербес деректерді қорғау туралы» Заңның 26-бабына сәйкес деректерді алушы ұйым оларды осы заңда белгіленген стандартқа сәйкес қорғауға кепілдік берген жағдайларды қоспағанда, Сингапурдан тыс жерлерде дербес деректерді беруге тыйым салынады деп белгілейді.

Құпиялылық коммерциялық ақпаратты да қамтитынын ескеру керек. Осыған байланысты ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ететін заңнамалық актілер коммерциялық құпия болып табылатын және қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қорғауды көздейді. Мысалы, Ресейде коммерциялық құпия Азаматтық кодекспен қорғалған.

Заңнамалық реттеуді қажет ететін және ТМД Атқарушы комитеті талданған өңірлік сауда келісімдерінде жиі кездесетін электрондық сауданы дамытудың тағы бір маңызды аспектісі – тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады. Мұны Ресей заңнамасының мысалында қарастырайық. Ресейдегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы негізгі құжат – 1992 жылғы 7 ақпандағы № 2300-1 «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңы болып табылады (бұдан әрі – РФ Тұтынушыларды қорғау туралы заңы). Ол тұтынушылардың жалпы құқықтарын белгілейді, оның ішінде мынадай құқықты қамтиды:

- тауардың сапасы (жұмыстардың, қызметтердің): шартқа сәйкес – шарт жасасу кезінде, тауардың мақсатына сәйкес – шарт жасасу қажеттілігі болмаса (4-бап);

- тауардың қауіпсіздігі (жұмыстың, қызметтің): денсаулық, өмір, қоршаған орта үшін қауіпсіз болуы (7-бап);

- тауар туралы ақпарат (жұмыс, қызмет): сатып алушының тауарға қатысты дұрыс шешім қабылдауы үшін уақытылы, қажетті, сенімді болуы керек (10-бап);

- жоғарыда аталғандарды, сондай-ақ осы заңда көзделген тұтынушының басқа да құқықтарын сақталмаған жағдайда келтірілген зиянды өтеу (13-бап);

- тұтынушының белгіленген құқықтары бұзылған жағдайда оларды сот арқылы қорғау (17-бап) [76].

Қарастырылып отырған заңның 26.1-бабында қашықтықтан сауда жасау кезінде тұтынушының құқықтарын қорғауды реттейді. Диссертациялық жұмысымыздың осы тарауының бірінші тармағында біз Ресейде бөлшек сауда

шарты бойынша тауарларды сатудың қашықтықтан әдісі реттелгенін анықтадық. Осылайша, бұл бап төмендегілерді белгілейді:

- тұтынушы шарт жасасқанға дейін алуы тиіс тауар туралы қажетті ақпараттың тізбесі;

- тауарды жеткізу кезінде сатып алушыға ол туралы ақпаратты және оны қайтару тәртібі мен мерзімдерін жазбаша ұсыну қажеттілігі;

- сатушының сатып алушының төлеген ақшалай қаражатын қайтару мерзімдерін қоса алғанда, сатып алушының тауарды қайтару мерзімдері мен шарттары.

Тұтынушылардың да, тауарлар мен қызметтерді жеткізушілердің де құқықтарын қорғау бойынша ЕЭО тәжірибесі қызықты. Ж.К. Жетібаев өзінің «Германия мемлекетінің тәжірибесі бойынша электрондық мәмілелердің құқықтық жағдайы» атты мақаласында ЕО-ның 13.06.2014 ж. 2011/83/ЕО директивасын талдау негізінде құжатта тұтынушыларды жасырын шығындардан қорғау тәртібі, оның ішінде шарт жасасу кезінде тауар бағасын көрсету қажеттілігі қарастырылғанын және сатушының бұл бағаны негізсіз көтеруіне тыйым салынғанын атап өтті. Сондай-ақ, телефонмен хабарлау арқылы сатып алу-сату шартын бұзу мүмкіндігі бекітілгенді атап өту қажет. Бұл ретте төленген соманы қайтару тауардың қайтарылғаны дәлелденгеннен кейін ғана жүзеге асырылады [20, 203 б.].

Енді Қазақстан Республикасында электрондық сауданың заңнамалық жұмыс істеуі қаншалықты қамтамасыз етілгенін қарастырайық. Мұнда біз ең маңызды мәселелерді көрсетеміз, ал келесі тараулар электрондық сауданың заңнамалық реттелуін егжей-тегжейлі талдауға арналады.

Қазақстан Республикасында электрондық сауданың жұмыс істеуінің заңнамалық негізі бірінші кезекте еліміздің Конституциясымен регламенттеледі. Онда кәсіпкерлік қызмет бостандығына кепілдік беріледі (26-бап) [77]. Электрондық сауда кәсіпкерлік қызметке, атап айтқанда сауда қызметіне қатысты болғандықтан, біз сауда қызметін ұйымдастыруды және жүзеге асыруды оның электрондық формасына қатысты нормалардың болуы тұрғысынан реттейтін заңнаманы қарастырамыз. Тауар-ақша қатынастарын қоса алғанда, мүліктік және мүліктік емес қатынастарды регламенттеу жөніндегі негізгі заңнамалық акт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі – АК) болып табылады. Бұл құжатта электрондық сауданың анықтамасы жоқ. Дегенмен ҚР АК «Мәмілелер» деп аталатын 4-тарауында заң шығарушы біздің елімізде электрондық сауданың жұмыс істеуін заңнамалық қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды енгізеді. Осылайша, ҚР АК 151-бабында мәміленің ауызша және жазбаша екі нысанын белгілей отырып, 152-бап мәміленің электрондық нысаны жазбаша нысанға жататынын мойындайды (осы баптың 1-1 – тармағы). Сөйтіп, Азаматтық кодекс мәміленің электронды формасын қағаз формасымен теңестіреді. Сондай-ақ электрондық және өз қолымен қол қоюдың баламалылығы танылады (152-баптың 2-тармағы).

152-баптың 3-тармағында: «Хат, жеделхат, телефонжазба, телетайпжазба, факс, электрондық құжаттар, электрондық хабарлар немесе субъектілерді және

олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар алмасу, егер заңдармен немесе тараптардың келісімімен өзгеше белгіленбесе, жазбаша түрде жасалған мәмілеге теңестіріледі» делінеді. Бұдан осы тараудың алдыңғы тармақтарында жүргізілген талдау көрсеткендей, электрондық сауданың ерекшелігін айқындаған электрондық сауда элементтерін пайдалану Қазақстан Республикасында заңды түрде танылады деп қорытынды жасауға болады. Бұл мәміле жасасу кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, бұл мәміле жасау кезінде құжаттарға қол қою кезінде, электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану және ең соңында бұл мәміленің электрондық нысанының өзі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен басқа электрондық сауда төмендегі заңдармен құқықтық регламенттеледі:

- Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі №544 «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы №370-ІІ «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі №11-VI «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңы және т.б. [78].

Жоғарыда аталған тізімде төлемдер мен төлем жүйелері туралы нормативтік – құқықтық акт келтірілгенімен, бұл диссертацияда электрондық төлемдер мәселелерін ашу және талдау міндеті қойылмағанын атап өтеміз.

Ақпаратты, оның ішінде дербес деректерді қорғау мәселелері келесі құжаттарда регламенттелген:

- Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі;

- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V «Ақпараттандыру туралы» Заңы [79].

- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы және т.б. [80].

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексі азаматтық істер бойынша электрондық сот өндірісін жүргізу мүмкіндігін көздейді [81]. Заң шығарушы талап қоюшының таңдауы бойынша осындай мүмкіндік береді (133-1-баптың 1-тармағы). Іске қатысатын адамдардың сот отырысына өздері мәлімдеген өтінішхат бойынша немесе соттың бастамасы бойынша техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы қатыса алады, олар «төрағалық етушінің іске қатысатын адамның жеке басын анықтау, сондай-ақ өкілдің өкілеттіктерін тексеру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс (133-3-баптың 1 және 2-тармақтары).

Сөйтіп, электрондық сауданы құқықтық реттеу негізінен біз жоғарыда қарастырған халықаралық құжаттармен қамтамасыз етіледі. Жоғарыда қарастырылған халықаралық құжаттар электрондық сауда саласында ұлттық заңнама нормаларын қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасында ҚР Азаматтық кодексінен басқа электрондық сауданы құқықтық регламенттеуді 2004 жылғы 12 сәуірдегі ҚР «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңы, 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚР «Электрондық

құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңы, ҚР 2016 жылғы 26 шілдедегі «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Заңы және басқада заң актілері жүзеге асырады. Егер электрондық сауда электрондық мәміле арқылы жүзеге асырылатын болса, онда электрондық мәміле – бұл ҚР АҚ-де көрсетілген мәміле нысаны екенін мойындау қажет.

Бірінші тарау бойынша тұжырымдар:

Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында жүргізілген талдау негізінде электрондық сауданың дамуының осы кезеңінде оны құқықтық реттеу негізінен халықаралық құжаттармен қамтамасыз етіледі, ал ұлттық заңнамалардың дамуы оларды халықаралық құжаттармен үйлестіруге негізделген.

Алайда, заңнамалық тәжірибеде ғылыми әдебиеттердегідей, «электрондық сауда», «электрондық коммерция» және «цифрлық сауда» терминдері пайдаланылады. Алайда бұл терминдер мағыналық жағынан дербес әрі өзара бір-бірін алмастырып қолданыла береді. Қазақстан заңнамасында «электрондық коммерция» және «электрондық сауда» терминдері қолданылады. Бұл ретте, осы терминдер ұғымдарына, экономикалық, шаруашылық, кәсіпкерлік және коммерциялық қызмет ұғымдарына диссертация шеңберінде жүргізілген талдаудың нәтижелері негізінде, сондай-ақ үлгілік заңда қолданылған «электрондық коммерция» термині «электрондық сауда» терминіне қарағанда кеңірек ұғым ретінде тану тәсіліне сүйене отырып, ҚР «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңына және ҚР Салық кодексіне мына авторлық редакциялар ұсынылады:

«электрондық коммерция – бұл белгілі бір шарттар сақталған кезде интернет-дүкендер және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сату мен қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметтің түрі»;

«электрондық сауда – бұл белгілі бір шарттар сақталған кезде интернет-дүкендер және (немесе) интернет-алаң арқылы ақпараттық технологиялардың көмегімен жеке және заңды тұлғаларға тауарларды сату бойынша кәсіпкерлік қызмет түрі».

Электрондық сауданың, сондай-ақ электрондық коммерцияның ақпараттық - коммуникациялық тұрғыдан туындайтын спецификалық сипаттамалары – бұл қызметті электрондық деректермен және электрондық құжаттармен алмасу арқылы жүзеге асыру, тараптардың өзара іс-қимылының қашықтықтан жүзеге асыру сипаты - электрондық сауданы заңнамалық қамтамасыз ету және сауда қатысушыларын қалаусыз сыртқы араласулардан (алаяқтық, киберқауіпсіздік) қорғау мәселелерін өзектендіреді.

Бүгінгі таңда электрондық сауданың спецификалық сипаттамаларын заңнамалық тұрғыдан реттеудің белгілі бір тәсілдері айқындалып отыр. Олар.

1) электрондық құжаттарды танудың бір және екі режимді заңнамасы;

2) технологияларды қолдануға қатысты нақты, бейтарап және гибридті тәсілдері, бұл заңнамада электрондық сауданы жүзеге асыру үшін технологиялардың әртүрлі түрлеріне жол берілуіне байланысты.

Осы жіктеуді қолдана отырып, Қазақстанда электрондық сауданы реттеу заңнамасын талдау нәтижелері мынадай:

1) Қазақстанда электрондық құжаттарды танудың бір режимді заңнама, яғни электрондық хабарламаларда қағаз түріндегі хабарламаларға/құжаттарға қойылатын барлық заңнамалық талаптар сақталған кезде электрондық құжаттың қағаз құжатына «функционалдық баламалылығы» қағидаты танылады. Бұл жағдайда электрондық құжаттарға тән элементтерді реттейтін жеке нормалар ғана әзірленеді. Ал баламасы екі режимді тәсіл бойынша электрондық құжаттарды қолданудың барлық элементтерін реттеу үшін нормалар әзірленетін.

2) Қазақстанда технологияларды қолдануды заңнамалық тұрғыдан реттеуге қатысты нақты тәсіл қолданылады. Мәселен, электрондық қолтаңбаларды әзірлеуге және сертификаттауға қойылатын белгілі бір талаптар, сондай-ақ жеткізушілер тізбесін және оларға қойылатын талаптар (лицензия, сертификаттау қажеттілігі және т.б.) заңнамамен белгіленген. Бұл сондай-ақ Қазақстан заңнамасы электрондық құжаттың түпнұсқасы мен қағаз көшірмесін және қағаз құжаттың электрондық көшірмесін анықтауды белгілеп, электрондық және қағаз тасымалдағыштардағы құжаттардың түпнұсқасы мен көшірмесін нақты ажыратуды қамтамасыз ететіндігінде көрінеді.

Баламалы тәсілдер бойынша нақты бір белгіленген жағдайлардан басқа (бейтарап тәсіл жағдайында) және қауіпсіздік деңгейі бойынша іріктелумен (гибридті тәсіл жағдайында) технологиялардың барлық түрлерін қолдануды қарастырады.

2 ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА САЛАСЫНДАҒЫ МӘМІЛЕЛЕРДІ ЖАСАУ ЖӘНЕ ОРЫНДАУ ТЕТІГІ

2.1 Электрондық мәмілелердің құқықтық сипаты және оның субъектілері

Мәмілелер электрондық сауданың негізгі элементі болып табылады. Бірінші тарауда анықталғандай, электрондық сауданың ерекшелігі электрондық саудадағы мәмілелер қашықтан және ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы жасалатыны көрсетілді. Осы тармақ электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде жасалатын мәмілелердің құқықтық сипатын талдауға арналған.

ҚР АҚ 147-бабына сәйкес «азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері» мәмілелер деп танылады.

Бұл анықтамадан мәміленің келесі белгілерін ажыратуға болады:

1) мәміле – бұл әрқашан заңды салдарға қол жеткізуге бағытталған ерікті әрекет болып табылады;

2) мәміле – бұл заңды әрекет;

3) мәміле – азаматтық-құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына арнайы бағытталған;

4) мәміле азаматтық - құқықтық қатынастарды тудырады, себебі ол мәміле нәтижесінде туындайтын құқықтық салдарларды көздейтін заңға сәйкес жасалады.

Мәмілелер мен оның белгілерінің дәл осындай анықтамасы Қазақстан Республикасы Заңнама институтының зерттеудің аралық қорытындылары бойынша «Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасындағы шарттық міндеттемелердің өзекті мәселелері мен жетілдіру: құқықтық реттеу, теория және практика» тақырыбындағы Талдамалық есебінде берілген [82, 45 б.].

Демек, ҚР АҚ 147-бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер екендігін мойындай отырып, электрондық мәміле «мәміле» ұғымынан туындайтын ұғым болып табылатынын анықтаймыз. Мәмілелердің белгілерін толығырақ қарастырайық.

Бірінші белгі, мәміле және электрондық мәміле – бұл заңды салдарға бағытталған немесе ерекше қасиеттерге ие ерікті әрекеттер. Олар әртүрлі адамдардың көптеген әрекеттерінен тұрмайды, керісінше жеке адамның немесе адамдар тобының бірыңғай ерік-жігерін білдіреді. Кез келген ерік актісі сияқты мәміле екі элементті қамтиды:

1) мәміле жасайтын тұлғаның ішкі еркі;

2) ерік білдіру, яғни ішкі ерікті сыртқа білдіру. Осы элементтердің біреуі болмаған жағдайда, мәміле туралы заңды факт ретінде айтуға болмайды.

Ішкі ерік сырттан қабылдауға қолжетімсіз болғандықтан, азаматтық құқықта мәмілелер, ең алдымен, заңда көзделген нысандарда ерік білдіру ретінде әрекет етеді. Егер тиісті ерік білдіру болмаса немесе ол мәмілелердің

осы түрі үшін заңда көзделмеген нысанда білдірілсе, мәміле жасалған деп есептелмейді.

Ерік пен ерік білдіру – бұл тұлғаның өзі жасаған әрекетке психикалық қатынасының бір процесінің екі жағы. Әрине, ерік пен ерік білдіру бір-біріне сәйкес келуі керек. Егер ерік бір әрекетке бағытталған болса, ал ерік білдіру басқа әрекетті жасауға ниет білдірсе, бұл мәмілеге қатысушылар арасында оның жасалуына кедергі келтіретін даулар тудыруы мүмкін. Сондықтан мәміле үшін ерік пен ерік білдірудің бірлігі маңызды.

В.И. Дальдің пікірінше, «ерік – бұл адамға берілген әрекеттің озбырлығы; бостандық, әрекеттегі кеңістік; еріксіздік, зорлау, мәжбүрлеудің болмауы» [83, 70 б.].

Осылайша, әрекетті белгілі бір мотивтерден туындайтын және белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған мінез-құлық актісі ретінде қарастыруға болады. Бұл саналы мақсатқа бағытталған әрекетті ерікті акт деп атауға болады. Бұдан субъектінің әрекеті осыған байланысты белгілі бір ерікті процестерді көздейді; яғни, әрекетті жүзеге асырмас бұрын, тұлға алдын ала әртүрлі тәсілдерді, өзінің мінез-құлқының стратегиясын ойластырып, белгілі бір шешім қабылдайды және оны орындауға жетелейді. Демек, мәмілеге қатысушының әрекеті оның еркіне және ішкі нақты қалауына сәйкес келуі керек. Мәміле ерік пен ерік білдірудің бірлігін білдіреді, бұл ретте ерік білдірудің маңызды жоғары және оның құқықтық салдарын ескеру керек. Ерік білдіру – бұл мәміле жасауды анықтайтын фактор, алайда бұл «мәміле» және «ерік білдіру» ұғымдарының баламалығына негіз болмайды. Біржақты мәмілелер үшін ерік білдірудің өзі жеткілікті, өйткені бұл жағдайда біз бір тараптың ерік білдіруі туралы айтып отырмыз. Шарттың барлық тармақтары бойынша келісімге қол жеткізу мәміленің жасалғанын куәландыратын консенсуалдық шарттар үшін және екі немесе одан да көп шартқа қатысушылардың қарсы сәйкес келетін ерік білдіруі жеткілікті. Дегенмен, мәмілелер сондай-ақ нақты шарттар болып табылады, оларды жасау үшін тараптардың ерік білдірулері жеткіліксіз, сонымен қатар затты табыстау қажет (заем, сатып алу-сату, тасымалдау шарты). Тиісінше, «ерік білдіру» ұғымы мәмілеге тең келмейді. Сондықтан ҚР АҚ 147-бабында мәміле ұғымын анықтау кезінде «ерік білдіру» ұғымынан кеңірек және ерік білдіруден басқа ақша немесе заттарды беруді қамтитын «әрекет» термині қолданылады.

Мәміле жасасатын субъектілердің ерік білдіру тәсілдері мәміле нысандары деп аталады. Ерікті әртүрлі тәсілдермен білдіруге болады: ауызша, жазбаша (соның ішінде электронды түрде), конклюденттік әрекеттер немесе үнсіздік (әрекетсіздікті) арқылы т.б.

Екінші белгі: мәмілелер азаматтық-құқықтық қатынастарды тудырады, өйткені олар олардың салдары мен нәтижелерін анықтайтын құқықтық нормаларға сәйкес жасалады. Барлық электрондық транзакциялар қолданыстағы азаматтық құқықтар мен міндеттерді құру немесе өзгерту, жаңаларын тоқтату немесе құру сияқты заңды мақсаттарға жетуге бағытталуы керек.

Мәмілелер азаматтық қатынастарды тудырады, өйткені олардың заңды салдары азаматтық заңнамамен анықталады.

Үшінші белгі: мәміле заңнаманың талаптарына сәйкес сипатта болсын, азаматтық құқық нормаларына сәйкес келетін кез келген заңды әрекет ретінде анықталады. Мәміле оның мақсаты азаматтық құқық қатынастарын орнату, өзгерту немесе тоқтату болған кезде заңды болып саналады – И.Б. Новицкий бір-бірімен азаматтық қатынастарды құру, өзгерту немесе тоқтату үшін мүліктік құқыққа сәйкес әрекет ететін қабілетті адамдар арасында жасалған кезде мәмілені мойындайды [84, 160 б.]. Сонымен қатар, мұндай құқықтар мен міндеттер мәміле жасайтын тұлғалар үшін қажет екендігі айқын. Ал өзгеше жағдайларда, субъект бұл құқықтық актіні орындаудан бас тартар еді. Мәміленің өзіне тән белгісі – бұл мәмілені құқық бұзушылықтан немесе зиян келтіруден ажыратуға мүмкіндік беретін білгілі бір заңды нәтижеге қол жеткізу үшін бағытталған әрекет. Мәміленің заңдылығы оның мәміле жасасуды қалайтын тұлғалар және осы мәміле үшін заңмен белгіленген құқықтық салдарды тудыратын заңды фактінің қасиеттеріне ие екендігі білдіреді. Демек, заң талаптарына сәйкес жасалған мәміле жарамды, яғни мәміле субъектілерінің қалаған құқықтық нәтижесін тудырған заңды факт ретінде танылады.

Мәміленің төртінші белгісі – азаматтық-құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне және тоқтатылуына арнайы бағытталған, яғни мәміленің мақсатты бағыты болады. Бұл мәміле әрекет етуші тұлғаның еркі құқықтық салдардың туындауына арнайы бағытталмаған құқықтық актілерден ерекшеленеді. Еріктің нақты азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуына бағытталуы мәмілені басқа заңды фактілерден, мысалы, әкімшілік актілерден, сот шешімдерінен ажыратады, онда ерік тек азаматтық құқықтар мен міндеттерді ғана емес, сонымен бірге басқа да заңды салдарды (әкімшілік-құқықтық, азаматтық процестік) белгілеуге бағытталуы мүмкін.

Мәміле жасайтын субъектілер көздейтін мақсат әрқашан құқықтық сипатта болады – меншік құқығын, белгілі бір затты пайдалану құқығын алу және т.б. Осыған байланысты құқықтық мақсатты көздемейтін моральдық-тұрмыстық келісімдер, мысалы, кездесу туралы келісім, серуендеуге шығу және т.б. мәмілелер болып табылмайды. Мәмілелердің осы түріне тән құқықтық мақсаты, олар үшін жасалатын мәміленің негізі деп аталады.

Сонымен электрондық мәміле әдеттегі мәмілелермен бірдей белгілерге ие. Осыған сәйкес, электрондық мәмілелер – бұл азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына бағытталған азаматтық-құқықтық қатынастардың құқық субъектілерінің қатысушыларының жасайтын әрекеттері болып табылады. Алайда, электрондық азаматтық-құқықтық қатынастарды құру мүмкіндігі бар, онда оларды орнату, өзгерту және тоқтату қол жетімді электрондық азаматтық-құқықтық қатынастарды тудыру мүмкіндігі бар.

Электрондық азаматтық-құқықтық қатынастар көбінесе іс-әрекеттен туындайды, өйткені электронды кеңістік табиғат күштері сияқты сыртқы

әсерлерге тікелей тәуелді болмай, адам қызметінің барлық түрлерін біріктіруге қызмет етеді.

Физикалық кеңістіктегі азаматтық-құқықтық қатынастар мен виртуалды қатынастарға әкелетін әрекеттер арасындағы айырмашылықтар – виртуалды кеңістіктегі заңды фактілер тек транзакциялар арқылы электронды түрде жасалған әрекеттер мен заңды актілер арқылы қалай ұсынылатындығында. Осылайша, электрондық құқықтық қатынастар құқықтық кеңістіктегі белгілі бір мақсаттарды қанағаттандыратын белгілі бір құқықтық қатынастарды қалыптастыруға бағытталған құқық субъектілерінің ерікті әрекеттерінің нәтижесінде пайда болады.

Осылайша В.Килианның пікірімен келісе отырып, «электрондық мәмілелер материалдық емес игіліктер үшін мәмілелерді жүзеге асыру немесе электрондық әдісті пайдалана отырып, материалдық игіліктерді қамтамасыз ету үшін негіздер жасау мақсатында техникалық құралдарды (цифрлық байланыс желілер арқылы) пайдалана отырып, бір-бірімен байланысатын жеке және заңды тұлғалар арасындағы келісім ретінде түсініледі» [85, 22 б.].

Бұл мәселені зерттейтін кейбір авторлар «электрондық мәміле» ұғымын «интернет мәміле» ұғымымен тең санайды. Мысалы, П.Подрецкий интернетте жасалған мәмілелер деп барлық құқықтық қатынастарды түсінуге болады деп санайды, олардың маңызды элементі интернет - парақтарды байланыс құралы ретінде пайдалану және мәміле жасау үшін ерік білдіру болып табылады. Автор дұрыс атап өткендей, интернетте жасалған мәмілелер on-line шарттары деп те аталады

Тақырыпты зерттейтін кейбір авторлар «электрондық мәміле» ұғымын «интернет мәміле» ұғымына тең деп санайды. П. Подрецкий барлық құқықтық қатынастарды онлайн режимінде жасалған мәмілелер ретінде қарастыруға болады деп санайды; олардың негізгі элементі – интернет-беттер байланыс құралы және мәміле жасауға ерік білдіру құралы. Автор дұрыс атап өткендей, бұл on-line шарттары да осы атаумен белгілі болды[86].

Біздің ойымызша, мұндай мәлімдемелер теңгерімсіз және «электрондық мәміле» тұжырымдамасына сәйкес келмейді.

Себебі интернет-мәмілелер арасында on-line мәмілелерде және off-line мәмілелер де бар. On-line мәмілелерге тараптардың барлығы Интернет-ресурстарға белсенді қолжетімділігі болған кезде жасалады. Off-line мәмілелеріне бір-бірінен ерекшеленеді, өйткені қатысушы тараптар барлық интернет-ресурстарға бір уақытта қол жеткізе алмайды, бұл олардың жылдам әрекет ету немесе ақпарат алмасу мүмкіндігін шектейді.

Дәстүрлі және электронды мәміле тараптардың ерік-жігермен алмасуында, сондай-ақ мәмілелерді орындауда бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді. Тағы бір айрықша сипаттама – мәміле құрылымдау кезінде қатысушылар арасындағы байланыс; бұл белгілі бір дәрежеде қолданылатын құралдар, мәмілеге қатысушылар туралы алынған ақпарат немесе онымен байланысты болуы мүмкін тәуекелдер сияқты қашықтық факторларына қарамастан оның орындалуына қатысты.

Демек, электрондық транзакциялар интерактивтілігімен, уақтылығымен және ұсыныстар мен жарнамалардың мультимедиялық көрінісімен ерекшеленеді.

Интерактивтілік мәміле жасауға ықпал ететін парақшалар арасында ақпаратты жіберу бейнесін дараландыруда көрініс табады. Атап айтқанда, электрондық пошта арқылы егжей-тегжейлі ақпаратты жіберу жолымен пассивтіктен (интернет-парақшалар арқылы) белсенді ақпаратпен біртіндеп алмасу туралы айтып отырмыз.

Электрондық мәмілелердің тікелей жасалуы интернет жағдайында ерекше маңызға ие болады, себебі әркім уақыты мен орналасқан жеріне қарамастан, ғаламдық электрондық аударым желісіне тікелей қол жеткізе алады. Әлбетте, желі арқылы қызметтер мен тауарларды ұсыну мәмілелерді жүзеге асыру үшін шығындарын азайтады, сонымен қатар жеке байланыс қажеттілігін жояды, яғни сауданың жаһандануы артқан кезде маңызы зор.

Сатып алу-сату шартының нысанасы болып табылатын контрагентпен және тауармен жеке байланыстың болмауы фотосуреттерді, фильмдерді, жан-жақты сипаттаманы пайдалану арқылы тауарды мультимедиялық ұсынудың әртүрлі әдістерін құруды көздейді. Мұның бәрі сатушының тұтынушымен тікелей байланысының ауыстыруға арналған.

Демек, мәміле – бұл азаматтық – құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне және тоқтатылуына бағытталған заңды әрекеттерден туындайтын белгілі бір өмірлік жағдайлардың басталуын білдіретін заңды факт. Бұл әрекеттер тараптардың еркі мен ерік білдіруіне тәуелді және заң нормалары негізінде жасалатын және құқықтық салдарларды тудыратын ерікті актілер болып табылады. Заңды фактінің мәміленің негізгі белгілерінің қатарына жатқызатын С.И.Климкиннің пікірін атап өткіміз келеді. Негізгі белгілер тізімінде ҚР Талдамалық есебінде көрсетілгендердің алғашқы үшеуі де бар: ерік білдіру, заңды әрекет ету және «азаматтық – құқықтық қатынастарды құру, өзгерту және тоқтату» [87, 41 б.].

Бұл негізгі белгілер «мәміле» терминінің басқа авторларының анықтамаларында да бар. Мысалы, орыс ғалымы Ю.П.Егоров өзінің «Мәмілелердің құқықтық режимі – жеке азаматтық-құқықтық реттеу құралы ретінде» тақырыбындағы докторлық диссертациясында: «Мәмілелер – қатысушылар үшін міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін, соған сәйкес қатысушылардың еркі туындайтын құқықтық қатынастардың мазмұнын қалыптастыратын және өзгертетін немесе қалыптасқан құқықтық қатынастарды тоқтататын тұлғалардың заңды әрекеттері» деп атап өтті [88, 179 б.].

Ю.П.Егоровтың жұмысынан мәміленің жоғарыда аталған белгілеріне қосымша екі сипаттаманы қосамыз.

Біріншіден, «мәміле құқықтық құбылыс ретінде азаматтық айналымға қатысушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге ықпал етеді». Бұл «мәмілеге қатысушылардың мүліктік қанағаттануы. қалаған заңды нәтиже ретінде», қарсы қанағаттануда және мәміленің өтеулі немесе өтеусіз сипатында

көрінеді. Осылайша, мәміледе барлық тараптардың мүдделері тең дәрежеде ескерілуі керек.

Екіншіден, «мәмілені жүзеге асыру барысында іс жүзінде ол тудыратын құқықтар мен міндеттерді іске асырудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс». Бұдан әрі автор бұл мәмілені нақты жүзеге асыру үшін кейбір жағдайларда оны уәде немесе арыз түрінде, басқа жағдайларда - тараптардың келісімі түрінде, үшінші жағдайда - шарт түрінде рәсімдеу жеткілікті деп жазады. Сонымен қатар, автор мәмілелерді консенсуалды және нақты деп екі түрге бөлетіндігін көрсетеді.

Бұл ретте автор бір мәмілені кейбір жағдайларда консенсуалды (мысалы, тараптардың келісімі түрінде), ал басқа жағдайларда нақты (мысалы, сатып алу-сату шарты түрінде) ретінде рәсімдеу оның тиісті елдің заңнамасында қалай көзделгеніне және «оларды заңмен бағалауға мүмкіндік беретін қоғамдық қатынастардың нақты жағдайына байланысты» деп атап көрсетеді [88, 186-189 б.].

Ю.П.Егоровтың жұмысынан алынған екінші сипаттамаға келетін болсақ, С.И.Климкиннің азаматтық құқық бойынша оқу құралында бұл сипаттама «құқықтар мен міндеттердің пайда болу сәті» ретінде сипатталғанын атап өтеміз, яғни автор құқықтар мен міндеттер туындаған кезде мәмілелер консенсуалды және нақты болатындығын атап өтеді. Консенсуалды және нақты мәмілелер арасындағы айырмашылық нақты мәмілелер жағдайында мәміле шарттары бойынша келісімге қол жеткізуімен қатар, әрекеттің нақты орындалуы қажет [88, 42 б.].

Сонымен қатар С.И.Климкин жоғарыда келтірілген оқу құралында түсіндіргендей, мәмілелер нысанына қатысты дәстүрлі мәмілелер жазбаша немесе ауызша жасалуы мүмкін екенін анықтайды. Бұл ретте кәсіпкерлік қызметте жасалатын мәмілелер жасасу сәтінде орындалатын мәмілелерді қоспағанда, жазбаша нысанда рәсімделеді [87, 43 б.].

Ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы жасалған мәмілелерді, яғни электрондық мәмілелерді, атап айтқанда, осы диссертациялық зерттеу шеңберінде интернет желісінде айқындауға көшейік. Сонымен ресейлік ғалым А.Г.Косарев өзінің «Электрондық коммерция саласындағы мәмілелерді құқықтық реттеу мәселелері» атты зерттеу жұмысында электронды мәмілені «РФ Азаматтық кодексінің нормаларымен реттелетін азаматтық-құқықтық мәмілелер» деп түсінеді. Мұндай анықтаманы автор РФ Азаматтық кодексінің нормаларына сүйене отырып береді: мәміле қағаз тасымалдағыштың орнына электрондық құжаттар қолданылған кезде электронды түрге сәйкестендіреді. Сонымен қатар РФ АК берілген мәміле анықтамасынан туындайтын мәміле белгілерін талдай отырып, автор «электрондық мәміле» ұғымы шартты мәнге ие», яғни мәмілені электронды түрге бөлу шартты болып табылады деген қорытынды жасайды. Автор бұдан әрі электронды мәміле «екі қағиданы үйлесімді түрде біріктіреді: бір жағынан бұл электрондық құжат болып табылады, ал екінші жағынан азаматтық-құқықтық мәміле» деп қорытындылайды [89, 83-84 б.].

Айта кетейік, А.Г.Косаревтің мәмілені электрондық мәмілеге бөлу туралы тұжырымы шартты болып табылады және «электрондық мәміле» терминінің өзі мәміленің қалай жүзеге асырылғанын ғана анықтайды деген тұжырымдары басқа авторлардың тұжырымдарына сәйкес келеді [91, 44 б.]. Мысалы, А.В.Красикова [90, 21 б.], А.Ю.Рыков [91, 17 б.] және И.Р.Салиев [23, 67б.]. өздерінің диссертациялық зерттеулерінде көрсетеді.

И.А.Шашкова «Электрондық мәмілелерді азаматтық-құқықтық реттеу» атты мақаласында А.Ю.Рыков пен И.Р.Салиевтің тұжырымдарына сүйене отырып, «Интернет желісінде жасалған мәмілелер деп олардың негізгі элементі мәміле жасау мақсатында азаматтардың ерік білдіру және коммуникациялық құрал ретінде Веб-парақшаларды пайдалану болып табылатын барлық құқықтық қатынастар түсініледі. Электрондық мәмілелерді материалдық емес игіліктерге қатысты транзакциялар жасау немесе материалдық игіліктерді беру үшін электрондық негіздер құру мақсатында техникалық құралдардың көмегімен өзара байланыста болатын жеке немесе заңды тұлғалар арасындағы келісім болып табылады» [92, 210 б.]. Бұл ретте автор мәмілелердің құқықтық мәні мәмілеге қатысушылар үшін құқықтық салдар тудыру мүмкіндігімен айқындалатынын атап көрсетеді.

А.В.Красикова өзінің «Электрондық мәмілелерді азаматтық-құқықтық реттеу» атты диссертациялық жұмысында мәміле мен электрондық мәміле белгілеріне талдау жүргізеді. Атап айтқанда, ол мәміле мен электрондық мәміле белгілері бірдей деп қорытынды жасайды және келесі белгілерді бөліп көрсетеді:

- «заңды факт, әрекет нысанында»;
- «мәміле тараптарының «ерікті әрекеті бірыңғай ерік білдіру»;
- «азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуы, өзгеруі немесе тоқтатылуы түріндегі құқықтық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған» [90, 32-34 б.].

Бұл ретте автор құқықтық мақсат мәмілені жасасу үшін негіз болып табылатынын және жүзеге асырылған кезде мәміленің құқықтық нәтижесіне айналатынын нақтылайды [90, 35 б.].

Осы талдаудың нәтижелері негізінде А.В.Красикова электрондық мәмілелерге «азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына бағытталған құқық қабілеттілігі бар тұлғалар жасаған әрекеттері» ретінде өзінің анықтамасын береді. Автор әрі қарай: «Дегенмен, электронды мәміленің өзіндік «тіршілік ету ортасы» бар деп тұжырымдайды. Демек, электрондық мәмілелер электрондық азаматтық-құқықтық қатынастарды тудырады, олардың қорытындысы тек электрондық құралдар болған жағдайда ғана мүмкін болады», – деп атап өтеді [90, 37 б.].

Ж.К. Жетібаев «Электрондық мәмілелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму дәуірінде жасау және орындау ерекшеліктері» атты диссертациялық жұмысында электрондық мәмілеге мынадай анықтама ұсынады: «Электрондық мәміле - тараптардың ерікті келісіммен электрондық деректермен алмасуға негізделген ақпараттық коммуникациялық

технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық ортада жазбаша нысанда көрініс табатын, сондай-ақ азаматтық құқықтық қатынастарды туындатуға, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған жеке және заңды тұлғалардың еркін білдіретін іс-әрекет» [93, 13 б.]. Осы анықтамада жоғарыда талқыланған мәміленің заңды белгілерін қамтиды: еріктілік, тараптың еркін білдіру, азаматтық құқықтық қатынастардың туындауына, өзгеруіне және тоқтатылуына арнайы бағытталғандығы. Сондай-ақ, анықтамада электрондық сауданың ерекшеліктерінде қамтылған: электрондық құжаттар алмасуы және ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы қарым қатынас жасасуы. Осы анықтаманың мәтінен, автор электрондық мәміле ретінде тек жазбаша жасалған мәмілені танытынын атап кету керек.

Сонымен бірге, ғылыми әдебиеттерде дәстүрлі мәмілеге ұқсас жазбаша электрондық мәміле және ауызша электрондық мәміле деп анықталады. Мәселен, И.К.Мороз өзінің «Электрондық нысанда шарт жасасу мәселелері» атты мақаласында «шарттың электрондық насаны жазбаша нысан болып табылатынын» белгілейді [94, 8 б.]. Р.А.Марченко және Д.Ф.Дюндюкова «Интернет-кеңістіктегі мәміленің электрондық нысанын құқықтық реттеу» мақаласында олар ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы мәміле жасау үшін дәстүрлі тәсілмен жасалған ауызша мәміленің аналогын келтіреді. Қорыта келе, авторлар: «Электрондық кеңістікте Интернет-телефония арқылы келіссөздер жүргізу жолымен ауызша ерік білдіру арқылы мәмілелер ауызша жасалуы мүмкін. Осындай тәсілмен шарттар жасасу телефон байланысы арқылы шарттар жасауға ұқсас», - деп жазады [95, 19 б.].

Сонымен қатар, А.Г.Косарев әртүрлі құжаттардан және әртүрлі авторлардан алынған электрондық мәміле мен электрондық құжат анықтамасын талдау негізінде ол мәмілелер құжатпен де, құжатсыз да рәсімделуі мүмкін деген қорытындыға келеді.

Осыған байланысты автор «электронды түрде арнайы бағдарламалық құралдар арқылы жасалған мәмілелерді құжатсыз деп атауды ұсынады, себебі олар заңды күшке ие болады және оферта беруші акцептті арнайы электрондық ақпараттық нысанда алған сәттен бастап орындауға міндетті болады. Құжаттамалық мәмілелерге бірыңғай құжат жасау не құжаттар алмасу арқылы жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер жатады» деген қорытынды жасайды. «Мәміле мазмұнын бекіту тәсіліне» байланысты автор электрондық мәмілелерді құжаттық және құжатсыз деп бөледі [89, 30 б.].

Жоғарыда келтірілген авторлар мәмілелер де, электрондық мәмілелер де тараптар үшін белгілі бір заңды құқықтар мен міндеттерді тудырады деген ортақ пікірге келеді. Дәстүрлі мәмілелерге ұқсас электрондық мәмілелерді кейбір авторлар жазбаша және ауызша деп бөледі. Сондай-ақ, құжаттық және құжатсыз мәмілелерге де бөлу кездеседі. Электрондық мәмілелердің құжаттамалық рәсімделуіне қатысты жоғарыда аталған Р.А.Марченко мен Д.Ф.Дюндюкованың мақаласынан: «Алайда, электронды құжат осы заңды салдарды шынымен жасауға қабілетті ме деген сұрақ туындайды» деген пікірін келтірейік [95, 18 б.].

Алдыңғы тарауда біз электрондық құжаттың заңды күші бар-жоғын қарастырдық және тиісті талаптар сақталған жағдайда электрондық құжаттың заңды күші бар деген қорытындыға келдік. Мұндай халықаралық және ұлттық заңнамаларды танудың негізі «Электрондық сауда туралы» Үлгілік заңдағы тиісті талаптарды сақтай отырып, электрондық нысанда ресімделген деректер мен жазбаша нысанда ресімделген құжаттар хабарламасының функционалдық баламалылығын белгілеу болды. Осылайша, ерік білдірудің заңды күші оның электронды немесе жазбаша құжат түрінде ресімделгеніне қарамастан бірдей болады. Демек, электрондық хабарламаны немесе электрондық құжатты қолдану арқылы тиісті түрде ресімделген мәмілелер заңды күшке ие және олардың ережелерінен туындайтын салдар да заңдық күшке ие.

Енді мәмілелер нысанына қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасын қарастырайық. Жоғарыда аталғандай, ҚР АҚ 147-бабына сәйкес «Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады». ҚР АҚ 148-бабы бойынша мәмілелер мәмілеге қатысушының ерік білдіруі болып табылады. Бұл ретте заң шығарушы тек бір тараптың еркін ескеру жеткілікті мәміле жасасуға мүмкіндік береді. Мұндай мәмілелер біржақты деп аталады. Оның барлық қатысушыларының еркі ескерілетін мәмілелер қатысушылардың тараптардың санына байланысты екі немесе көпжақты деп аталады. Мұндай мәмілелер шарт деп те аталады.

Айта кету керек, заң шығарушы баптың 3-тармағында шарт жасасу кезінде мәміле барлық қатысушылардың келісілген ерік білдіруі керек екенін атап көрсетеді. Осылайша ешкім шарт жасасуға мәжбүр бола алмайды. Сондай-ақ, бұл жерде Ю.П.Егоровтың жоғарыда аталған «мәміле құқықтық құбылыс ретінде азаматтық айналымға қатысушылардың мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге ықпал етеді» деген мәміле сипаттамасын келтірген орынды. Демек, барлық қатысушылардың мүдделерін ескере отырып және тепе-теңдік, ымыраға келу арқылы келісілген ерікке қол жеткізуге болады. Бұдан шығатыны, қорытынды мәмілелер бұл, сонымен қатар шарттар мәміле тараптарының мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді.

Бұдан әрі ҚР АҚ 383-бабында шарт талаптарының заңнаманың императивті нормаларына сәйкестігі қажеттілігі белгіленеді. Оған қоса, ҚР АҚ 382-бабында тараптардың өздері шарттың талаптарын, диспозитивті нормалар мен іскерлік әдеттерді айқындау мүмкіндігі көзделген. М.К.Сүлейменов пен Ю.Г.Басин атап өткендей, ҚР АҚ 7-бабының нормалары негізінде шарттары заңнамаға қайшы келмейтін мәмілелер де заңды болып саналады [96].

ҚР АҚ «электрондық мәміле» терминіне анықтама бермейді. Сонымен бірге ҚР АҚ 4-тарауында «Мәмілелер» электрондық мәмілеге тән негізгі элементтер танылады, осылайша осы мәмілелерді заңнамалық реттеу үшін құқықтық негіз енгізіледі. Мәселен, ҚР АҚ 151-бабында мәміленің ауызша және жазбаша екі нысанын белгілей отырып, АҚ 152-бабы мәміленің электрондық нысанын жазбаша нысанға теңестіреді (осы баптың 1-1-тармағы).

Сонымен қатар сол 152-баптың 3-тармағында екіжақты жазбаша электрондық мәміле жасау үшін құжаттармен алмасу қажет екендігі белгіленген. Бұл құжаттарға жөнелтуші қол қоюы тиіс. Осы тармақта сондай-ақ, алмасу құжаттарының түрлері келтірілген, олардың көпшілігі ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы берілетін құжаттарға жатады. Мысалы:

- телефонжазба;
- телетайпжазба;
- факс;
- электрондық құжаттар;
- электрондық хабарлар.

«Субъектілерді және олардың ерік білдіруінің мазмұнын айқындайтын өзге де құжаттар» алмасу құжаттарының қаралып отырған тізбесін аяқтайды. Осылайша, заң шығарушы алмасу арқылы мәмілелер жасалатын құжаттарда мәміленің әлеуетті тарапы кім екендігі және оның еркі туралы ақпарат болуы керек деп жазады. Құжатты жөнелтушіні сәйкестендіру Электрондық сауда туралы үлгілік Заңда және Электрондық хабарламалар туралы Конвенцияда маңызды тармақ болып табылатынын атап өтеміз.

Осы диссертациялық жұмыстың алдыңғы тарауларында атап өткендей, электрондық мәмілені жасасу кезінде осындай сәйкестендіру тәсілдерінің бірі электрондық цифрлық қолтаңба болып табылады, ол ҚР АҚ мәмілені дәстүрлі жазбаша нысанда жасасу кезінде қолданылатын өз қолымен қойылған қолтаңбаға теңестірілген. Мәселен, ҚР АҚ 152-бабының 2-тармағы қолдың (осы норманың мәнмәтінінен біз өз қолымызбен қол қою туралы айтып отырмыз) және электрондық цифрлық қолтаңбаның, сондай-ақ факсимелінің баламалылығын мойындайды.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңында ЭЦҚ-ның және өз қолымен қойылған қолдың, тиісті түрде рәсімделген және ЭЦҚ-мен қойылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған қағаз құжатпен бірдей танылады (7 және 10-баптар). Сонымен қатар, осы Заңда өзі қойған қолы және электрондық цифрлық қолтаңба үшін заңдық салдары бірдей болатын шарттар белгіленген. Атап айтқанда:

- ЭЦҚ түпнұсқаулығы расталады;
- құжатқа қол қойған тұлғаның ЭЦҚ-ны заңды түрде иеленуі;
- уәкілетті заңды тұлға «ЭЦҚ жасағанда және тіркеу куәлігін бергенде».

Мұндай тұлға куәландырушы орталық болып табылады.

Одан әрі ҚР АҚ 152-бабының 1-тармағына сәйкес құжатпен рәсімделген электрондық нысандығы мәмілелер жазбаша мәмілелердің баламалары болып табылатындықтан, кәсіпкерлік қызмет шеңберінде, сондай-ақ мәмілелерді 100 айлық есептік көрсеткіштен жоғары сомаға жасалады. Бұл жұмыстың алдыңғы тармақтарынан электрондық сауда кәсіпкерлік қызметке жататындығы белгілі.

Өз кезегінде, ҚР АҚ 153-бабының 1-тармағында: «Мәміленің жай жазбаша нысанын сақтамау дау болған жағдайда тараптарды мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалғанын куәгерлік айғақтармен растау құқығынан

айырады. Алайда, тараптар мәміленің жасалғанын, мазмұнын немесе орындалғанын жазбаша немесе өзге де куәгерлік айғақтардан басқа дәлелдермен растауға құқылы», – делінген. Осы тармақтан шығатыны, мәміленің жазбаша нысаны, демек, мәміленің электрондық нысаны сотта тиісті әрекеттің жасалғанын немесе жасалмағанын дәлелдеу ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Сот даулары кезінде мәмілені жазбаша тіркеудің болмауының ықтимал салдары туралы бірнеше мысал келтірейік. Мысалы, электрондық хабарламалар немесе құжаттар алмасу болмаған жағдайда тараптардың мәміленің нысанасына қатысты өзара келісімге келгендігі туралы дәлелді базасы болмайды. Тағы да бір мысал ретінде, мәміле жазбаша нысанда рәсімделген кезде, бірақ оның ішінде белгілі бір тауарды жеткізу күнін немесе тауарды жеткізу туралы хабарлау күні мен әдісін белгілемейді. Мұндай жағдайда тауарды осы күннен кешіктіріп жеткізу немесе хабарламау, не ауызша келісілген күннен кешіктіріп хабарлау серіктеске, мысалы, басқа тарап шеккен шығындарды өтеу бойынша міндеттемелер беруге әкеп соқпайды.

Мәміленің ауызша нысаны туралы нормаларға келетін болсақ, ҚР АҚ жазбаша нысандағы жағдайдан айырмашылығы, басу арқылы құжаттық рәсімдеусіз электрондық мәмілелер жасала ма? Айталық, монитор экранындағы тиісті түймені басу арқылы мәміленің ауызша нысанда жасалатыны нақтыламайды.

Сондай-ақ, ҚР АҚ 152-бабының 3-тармағына сәйкес қол қойылған электрондық хабарламалармен алмасу арқылы жасалатын мәмілелер жазбаша мәмілеге теңестірілген электрондық мәмілеге жатқызылғанына назар аудару қажет. Алайда, осы тармақтан шығатын қорытынды: қол қойылмаған электрондық хабарламалармен алмасу арқылы жасалатын мәмілелер жазбаша мәмілелерге теңестірілген электрондық мәмілелер болып табылмайды.

Мәміленің субъектілеріне көшейік. Азаматтық құқықтың субъектілері жеке және заңды тұлғалар, мемлекет және әкімшілік-аумақтық бөліністер болып табылатыны белгілі.

Бірінші тарауда ғылыми әдебиеттерде көрсетілген электрондық сауданың негізгі түрлері, сондай-ақ оларға қатысушы тараптар келтірілген. Мәселен, әртүрлі комбинациядағы электрондық сауда бизнес бірліктер, жеке тұлғалар және мемлекеттер арасында жүзеге асырылады. Бұл ретте, бизнес процесінің кезеңіне байланысты бірдей субъект - бизнес бірлік немесе жеке тұлға немесе мемлекет - сатушы ретінде де, сатып алушы ретінде де - сатып алушы тарапы және сатушы тарапы ретінде де әрекет ете алады.

Оларға қосымша Н.Дмитрик тағы бір тарапты – сертификаттаушы провайдерді бөліп көрсетеді. Н.Дмитрик өзінің «Электрондық қолтаңбаларды қолдану мәселелерін құқықтық реттеуді интернационалдандыру» атты еңбегінде былай деп жазды: «Егер кәдімгі, «қағаз» нысанындағы құқықтық қатынас, әдетте, екі тарап контрагенттердің қызметімен байланысты болса, онда электрондық қолтаңбаны қолданған жағдайда үшінші тараптың пайда болуы қажет. Бұл бір немесе екі тараптың талабы бойынша қолды құжатқа қол

қоюшы ретінде көрсетілген тұлға жасағанын куәландыратын белгілі бір сенімді тұлға болуы керек. Басқаша айтқанда, үшінші тарап - «сертификаттаушы провайдер» техникалық мәселелерін шешуі керек» [97].

Тараптарды талдау кезінде ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолданудан тұратын электрондық мәмілелердің ерекшеліктерін А.Г.Косарев өзінің жоғарыда аталған зерттеу жұмысында да ескереді. Автор сертификатталған провайдерден басқа электрондық мәмілеге қатысатын тұлғалардың қатарына «телекоммуникация қызметтерін ұсынатын тұлға, яғни бір тараптан екінші тарапқа деректер хабарламасын беру жөніндегі делдал да кіреді», – деп тұжырымдайды [89, 41 б.].

Осылайша интернетті және басқа да ақпараттық-коммуникациялық құралдарды, сондай-ақ электрондық нысанда мәмілелер жасау кезінде өз қолымен қол қоюдың электрондық баламасын қолдануға байланысты қатысушылар саны артып келеді. Электрондық мәмілеге қатысушылар бизнес бірліктер, жеке тұлғалар, мемлекет, қол қоюшыны техникалық сәйкестендіру жүзеге асыратын тарап және интернет қызметтерін көрсететін тарап болып табылады.

ҚР АҚ мәміленің анықтамасына сәйкес бұл «азаматтар мен заңды тұлғалар арасындағы әрекеттер». Жоғарыда электрондық мәмілелер оның тараптары арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастар ретінде көрініс табатыны анықталды. Осыған байланысты ҚР АҚ көзделген азаматтық құқық субъектілерін де қарастырамыз. Олар жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ мемлекет пен әкімшілік-аумақтық бөліністерді (ҚР АҚ 2-тарауының 1-3-параграфтары), яғни азаматтық құқықтың жалпы субъектілерін айқындайды.

Бұл ретте ҚР АҚ сәйкес жеке тұлғалар біздің еліміздің де, басқа елдердің де азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар, олардың кәсіпкерлік қызметпен айналысуына (заңды қызмет түрін) немесе мұндай қызметпен айналыспауына қарамастан (12 және 19-баптар) әрекет етеді.

Заңды тұлға ҚР АҚ 33-бабының 1-тармағына сәйкес «Меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы оқшау мүлкі бар және сол мүлікпен өз міндеттемелері бойынша жауап беретін, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге ие болып, оларды жүзеге асыра алатын, сотта талапкер және жауапкер бола алатын ұйым заңды тұлға деп танылады», яғни тиісті құқықтары мен міндеттері бар өз бетінше дараланған ұйым болып табылады.

Мемлекет, оның ішінде әкімшілік аумақтық бөліністерді қоса алғанда, мемлекеттік органдар, жергілікті органдар, жекелеген жағдайларда өзге де азаматтар мен заңды тұлғалар атынан азаматтық құқықтық қатынастарға қатысады (ҚР АҚ 111 және 112-баптарының 2-тармақтары). Осылайша, заңды тұлғалар негізінен мемлекет атынан әрекет етеді. Бұл ҚР АҚ мәміленің анықтамасында тараптардың тізбесінде мемлекет неліктен жоқ екенін түсіндіруі мүмкін.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» заңының 1-бабының 59-тармақшасына сәйкес

электрондық саудаға қатысушылар ретінде «сатып алушы, сатушы және (немесе) электрондық сауда алаңы ретінде қатысатын жеке және заңды тұлғалар» айқындалғанын атап өтеміз. Бұл ретте электрондық сауда алаңы «қатысушылар арасында шарттар жасасуды қамтамасыз ететін интернет-ресурс» болып табылады. Осылайша, осы құжат мәмілеге қатысушылардың арасында байланыс қызметінің провайдерін ескереді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі «Байланыс туралы» Заңында байланыс қызметтерінің провайдері жеке немесе заңды тұлға болып табылатындығы да атап көрсетілген [98]. Осылайша, осы нормативтік – құқықтық актіге сәйкес байланыс қызметтерін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген жеке немесе заңды тұлға болуы мүмкін байланыс операторы көрсетеді (2-баптың 18)-тармақшасы). Жоғарыда келтірілген нормалардан мәміле жасау процесінде оларды жөнелтушілер мен алушылар арасында хабарламалар беру жөніндегі делдалдар жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да азаматтық-құқықтық қатынастар субъектілеріне жатады.

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына сәйкес қол қоюшыны техникалық сәйкестендіру, ЭЦҚ ашық кілтінің жарамдылығын растауды куәландырушы орталық жүзеге асырады (15 және 21 - баптар). Бұл орталық заңды тұлға болып табылады (20-бап). Осыған байланысты, Н.Дмитриктің пікірінше, электрондық мәміледе куәландырушы орталық - сертификаттаушы провайдер электрондық мәмілеге қатысушы болып, заңды тұлға ретінде де әрекет етеді.

Осылайша, заңнама да ғылыми әдебиеттерде қарастырылғаны сияқты мәмілелердің келесі субъектілерін анықтайды:

- жеке тұлғалар;
- заңды тұлғалар.

Бұл ретте субъектілердің бірінші тобына байланыс провайдерлері, заңды тұлға құрмаған кәсіпкерлер де жатады. Субъектілердің екінші тобына кәсіпкерлер – бизнес бірліктері, сертификаттаушы провайдер, байланыс провайдері және мемлекет жатады. Электрондық мәміле субъектілерінің сипаттамаларына одан әрі талдау субъектілердің осы екі тобы бойынша жүргізілетін болады.

А.П.Егоров мәмілелер субъектілеріне қойылатын негізгі талаптарға олардың анықтығы мен құқықтық қабілеттілігін жатқызады [88, 271 б.]. Ал А.В.Красикова құқық субъектілікті сөз етеді [90, 37 б.]. Анықтық талабы сондай-ақ ҚР АҚ 152-бабының 3-тармағында қарастырылған нормасынан да туындайды, онда алмасу арқылы электрондық мәміле жүзеге асырылатын құжатта мәміле субъектісін айқындайтын ақпарат болуы тиіс делінген.

Құқық қабілеттілікке қатысты ҚР АҚ 13-бабы бойынша «азаматтық құқықтарға ие болу және міндеттерді атқару қабілеті» деп түсініледі. Барлық азаматтар туғаннан қайтыс болғанға дейін құқықтық қабілетке ие.

Барлық заңды тұлғалардың құқық қабілеттелігі бар, оның мазмұны заңнама нормаларына және құрылтай құжатына байланысты өзгереді (ҚР АҚ

35-бабының 1-тармағы). Мысалы, заңда заңды тұлға айналыса алатын немесе айналыса алмайтын қызметтердің тізімі белгіленуі мүмкін. Бұл лицензия немесе басқа рұқсат құжатын алу қажет болатын қызмет тізімі болуы мүмкін. Сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтайшылары құрылтай құжатымен қызмет түрлерінің шектеулі тізбесін анықтай алады.

Егер азаматта - жеке тұлғада құқық қабілеттілігі туғаннан қайтыс болғанға дейін болса, ал заңды тұлға үшін құқық қабілеттілігінің пайда болу және тоқтату сәті әр түрлі болуы мүмкін:

- «заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі ол құрылған кезде пайда болады және оны тарату аяқталған кезде тоқтатылады»;

- «заңды тұлғаның құқық қабілеттілігі осындай рұқсатты алған кезден бастап пайда болады және ол алып қойылған, қолданыс мерзімі өткен немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылған кезде тоқтатылады» (ҚР АҚ 35-бабының 2-тармағы).

Электрондық сауда және электрондық мәміле контексінде жеке және заңды тұлғалардың тағы бір маңызды сипаттамасын атап өтейік. Құқық субъектілігі, ол мынадай элементтерден тұрады: құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі. Құқық қабілеттілігі туралы біз жоғарыда айттық. Азаматтардың әрекет қабілеттілігінің анықтамасы ҚР АҚ 17-бабында белгіленген: «Азаматтың өз әрекеттерімен азаматтық құқықтарға ие болуға және оны жүзеге асыруға, өзі үшін азаматтық міндеттер атқарып, оларды орындауға қабілеттілігі (азаматтық әрекет қабілеттілігі)» делінген.

ҚР АҚ 17-бабының 1-тармағына сәйкес әрекет қабілеттілігі «кәмелетке толғаннан кейін, яғни он сегіз жасқа толғаннан кейін толық көлемінде пайда болады. 3-тармаққа сәйкес, барлық азаматтардың әрекет қабілеттілігі тең болады». 16 жасқа жеткен және сот шешімі бойынша немесе қорғаншылық және қамқоршылық органының шешімі бойынша заңды өкілдерінің келісімімен еңбек және кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адам әрекетке толық қабілетті деп танылған кезде ерекшелік болып табылады (ҚР АҚ 22-1-бабы).

ҚР АҚ 26 және 27-баптар бойынша әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған адамдар мәмілелерді өз бетінше жасасуға құқылы емес, ал әрекетке қабілеттілігі шектеулі адамдар - тек тұрмыстық ұсақ мәмілелерді өз бетінше жасауға құқылы. Осылайша, әрекетке қабілетті адамдар 18 жастан бастап, ал жекелеген жағдайларда 16 жастан бастап азаматтық-құқықтық қатынастарды дербес іске асыра алады, соның ішінде электрондық мәмілелер жасай алады.

Бұдан әрі, заң шығарушы 18 жасқа толмаған, толық әрекетке қабілеттілігі жоқ адамдар азаматтық-құқықтық қатынастарға қашан және қалай түсе алатын жағдайларды белгілейді. Осылайша, 14-17 жас аралығындағы тұлғалар тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасай алады, ал тұрмыстық ұсақ мәмілелерге жатпайтын басқа да мәмілелерді тек «олардың заңды өкілдерінің келісімімен» және өздері жасаған мәмілелер бойынша дербес жауапты болады (ҚР АҚ 22-бабы). 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар «жасай салып орындалатын тұрмыстық ұсақ мәмілелерді» ғана жасай алады, басқа мәмілелерді «олардың

атынан заңды өкілдері жасайды» (ҚР АҚ 23-бабы). Қорыта айтқанда, толық әрекет қабілеті жоқ тұлғалар тұрмыстық ұсақ мәмілелер жасауға құқылы.

Мәміленің орындалуының негізінде қорытынды жасауға болады, 14 жасқа толмаған адамдар аталған мәмілелерді ауызша түрде жасай алады. Бұл тұжырым ҚР АҚ 152-бабының 1-тармағының 1-тармақшасынан туындайды, онда «мәмілелерді жасау кезінің өзінің орындалатындарынан басқа, кәсіпкерлік қызмет үрдісінде мәмілелер жазбаша түрде жүзеге асырылады» делінген. Сондай-ақ бұл тұжырым Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының №2 аудандық сотының судьясы Б.Сүйіндікованың мәлімдемелерімен расталады [99]. Мәселен, судья 23-баптың бөлігіндегі «Кәмелетке толмағандардың құқықтық қабілеттілігі мәселелері бойынша» өзінің түсініктемесінде «... тұрмыстық сипаты кәмелетке толмағанның жасына сәйкестігі және жасау сәтінде орындалатын мәмілелер, яғни мұндай мәмілелерді ауызша жасауы айқын» деп жазады.

Жалпы, Қазақстан Республикасының заңнамасында «тұрмыстық ұсақ мәміленің» анықтамасы жоқ. Алайда, заң әдебиеттерін, сондай-ақ практиктердің жарияланымдарын талдауда мұндай мәміле кәмелетке толмағанның өзінің тұтынушылық қажеттіліктері үшін тауарларды сатып алумен байланысты екенін көрсетеді. Сонымен С.В.Букшиннің «Тұрмыстық ұсақ мәміле: түсінігі және кәмелетке толмағандардың оны жүзеге асыруы» атты мақаласында «Тұрмыстық ұсақ мәміле - бұл азаматтың әдеттегі жеке қажеттіліктерін (тұрақты, күнделікті) қанағаттандыру мақсатында жасалатын мәміле» деген анықтама берілген [100, 104 б.]. Судья Б.Сүйіндікованың жоғарыда келтірілген түсініктемелерінде мәміле кәмелетке толмағанның жасымен байланыстырылған. Бұдан шығатыны, кәмелетке толмағанның жасына байланысты сатып алудың мөлшері немесе ақшалай сомасы тұтынылатын тауарлардың көбеюіне немесе өзгеруіне байланысты түрленуі мүмкін.

Әрі қарай, судья Б.Сүйіндікова тұрмыстық ұсақ мәміленің тағы бір белгісін атап көрсетеді, яғни «кәмелетке толмағанның және оның отбасының әлеуметтік жағдайымен, өмір сүру жағдайымен» байланысы [99]. Отбасының орташа табысына байланысты баланы қамтамасыз ету мүмкіндігі әртүрлі болуы мүмкін. Осыған байланысты кәмелетке толмағандардың қажеттіліктері әртүрлі табысы бар отбасыларда әртүрлі болуы мүмкін. Осылайша кәмелетке толмағандардың мәмілелерінің мөлшері оның отбасының мүмкіндіктерімен де анықталады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңына сәйкес, адам тек 16 жастан бастап тіркеу куәлігін ала алады (14-бап). Бұл құжат ЭЦҚ-ның заң талаптарына сәйкестігін растайды және оны куәландырушы орталық береді. Бұдан шығатын қорытынды, электрондық нысанда жазбаша мәмілелерді тек 16 жастан асқан адамдар ғана жасай алады, себебі бұл мәмілелерге ЭЦҚ қол қойылуы тиіс.

Заңды тұлғаның әрекет қабілеттілігін қарастырып өтейік. Ю.Г.Басин өзінің «Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі бойынша заңды тұлғалар. Ұғымы және жалпы сипаттамасы» атты жұмысында заңды тұлғаның әрекет қабілеттілігі деп «өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру қабілеті» деп түсіндіреді [101]. Автор әрекет қабілеттілігі оның органдарының, қатысушылары мен өкілдерінің әрекеттері арқылы жүзеге асырылады деп тұжырымдайды. ҚР АҚ 42-бабының 3-тармағына сәйкес «заңды тұлға мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп саналады». Заңды тұлғаның атынан жасалған кез келген іс-әрекеттер құрылған кезден бастап жасалуы мүмкін екенін ескере отырып, заңды тұлғаның әрекетке қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап туындайды.

Мәміленің құқықтық сипаты туралы жоғарыда жүргізілген талдау негізінде келесі қорытындыларға келдік:

- біріншіден, ҚР АҚ 147-бабына сәйкес, мәміле дегеніміз – бұл азаматтар мен заңды тұлғалардың өзіне тән белгілері бар азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері. Ал, электрондық мәмілелерге интерактивтілік, тікелей, мультимедиалық ұсыныстар мен жарнамалар сияқты белгілерді қосу қажет;

- екіншіден, ҚР азаматтық заңнамасы бойынша мәмілелер нысаны жазбаша және ауызша деп белгіленген. Мәміле конклюденттік әрекеттермен немесе үнсіздік жасалуы мүмкін. Электрондық мәмілелерге келетін болсақ, электрондық мәміле ҚР АҚ жазбаша нысанға теңестірілген мәміле нысаны ретінде көрсетілгені атап өткен жөн. Осыған байланысты, алдыңғы тарауда айтылғандай, ҚР АҚ 151-бабында ауызша және жазбаша нысандармен бірге мәміленің электрондық нысанын нақты бөліп көрсету және оның мазмұнын келесідей айқындау қажет деп есептейміз: «электрондық құжаттар және электрондық цифрлық қолтаңба қолдану арқылы электрондық хабарламалар алмасу бойынша жүзеге асырылатын ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жасалған мәміле электрондық мәміле деп аталады»;

Жалпы электрондық ақпараттық ресурстарды қорғауды құқықтық реттеуді жүзеге асыратын негізгі нормативтік құқықтық акт - «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы №418-V ҚР заңы (бұдан әрі - Ақпараттандыру туралы Заң) болып табылады. Осы актінің «Ақпараттандыру субъектілерінің құқықтары мен міндеттері» атты 3-тарауы ақпарат объектілері меншік иелерінің, иеленушілерінің және пайдаланушыларының ақпарат объектілерін қорғау жөнінде шаралар қолдану құқықтарын да, міндеттерін де белгілейді (16-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы, 17 - баптың 2-тармағының 2)тармақшасы және 18-баптың 2-тармағының 2-тармақшасы). Бұл ретте меншік иесі өзінің ақпараттандыру объектісін иелену және пайдалану құқығын берген тұлға иесі болып табылады (1-баптың 5-тармақшасы). Жоғарыда айтылғандай, коммерциялық құпияны қорғау шараларын кәсіпкердің өзі анықтайды.

Электрондық мәмілелер, өз кезегінде, осы Заңда ақпарат объектілеріне жатқызылған электрондық құжаттар мен ақпараттық-коммуникациялық құралдарды, оның ішінде Интернетті алмасу арқылы жасалады. Мәселен, Ақпараттандыру туралы Заңның 1-бабының 4-тармақшасына сәйкес «ақпараттандыру объектілері – электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтылым, интернет-ресурс және ақпараттық - коммуникациялық инфрақұрылым» және осы Заңның 1-бабының 57-тармақшасына сәйкес» электрондық ақпараттық ресурстар - электрондық жеткізгіште және ақпараттандыру объектілерінде қамтылған электрондық - цифрлық нысандағы ақпарат» болып табылады. Сөйтіп, электрондық құжаттар электрондық ақпараттық ресурстар болып табылады, ал ақпараттық-коммуникациялық құралдар ақпарат объектілері болып табылады. Ақпараттық -

коммуникациялық құралдардың меншік иесі мен иеленушісі «электрондық құжаттардың» меншік иесінің немесе иеленушісінің алдында олардың сақталу қауіпсіздігі мен қорғалуы», «өзіне тиесілі объектілерде орналастырылған ақпараттық жүйелердің қорғалуы» үшін жауапты болады (Осы Заңның 16-бабының 6-тармағы және 17 бабының 3-тармағы).

Ақпараттандыру туралы заңда ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерін қорғау бойынша неғұрлым қатаң талаптар көзделген. Мұндай объектілерге, мысалы, денсаулық сақтау, көлік, сумен жабдықтау салаларының ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы және экономиканың басқа да салалары жатады. Олардың жұмыс істеудегі іркілістері «Әлеуметтік және (немесе) техногендік сипаттағы төтенше жағдайға немесе қорғаныс, қауіпсіздік халықаралық қатынастар, экономика, шаруашылықтың жекелеген салалары үшін немесе халықтың тыныс-тіршілігі үшін елеулі теріс салдарларға әкеледі (1-баптың 24-тармақшасы).

Мұндай объектілердің иелері:

- өзінің ақпараттық қауіпсіздік орталығының болуы немесе басқа да жалдамалы жедел ақпараттың қауіпсіздік орталықтарының болуы, олар ақпараттандыру объектілерін, оның ішінде электрондық құжаттар мен ақпараттық - коммуникациялық құралдарды қорғауды жүзеге асырады;

- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мониторингі жүйесі қызметкерлеріне қызмет көрсететін субъектілердің коммерциялық ақпаратын жария етпеу және осы орталықты белгіленген мерзімде және тәртіппен орын алған ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы хабардар ету міндеті заң жүзінде жүктелген ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығының жүйесімен интеграциялануы тиіс.

- «электрондық ақпараттық ресурстардың резервтік көшірмелерін электрондық ақпараттық ресурстарды сақтаудың бірыңғай ұлттық резервтік платформасы» беруге тиіс (1-баптың 30-4) тармақшасы, 7-4 баптың 2-тармағы және 17-баптың 2-1 -тармағы).

ЕО-ның коммерциялық құпия туралы директивасында коммерциялық құпияны заңнамалық қорғау деп оған заңсыз кіруге жол бермеуді белгілейді. Мұндай заңсыз әрекеттерге, мысалы, коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты бар электрондық файлдарды көшіру немесе осы құпия иесінің келісімінсіз коммерциялық құпияны жария етпеу жөніндегі шарттық міндеттемені бұзу жатады (4-баптың 2 және 3-тармақтары). Осыған ұқсас, қаралатын директива сот процесі кезінде де және одан кейін де коммерциялық құпияның сақталуын көздейді (9-баптың 1-тармағы). Осылайша, тараптардың бірінің немесе соттың бастамасы бойынша процеске қатысушыларға талаптың мәні болып табылатын коммерциялық құпияны пайдалануға және жария етуге тыйым салынады. Ерекшелігі – бұл құпияның мұндай құпияға жатпайтындығы немесе уақыт өте келе ол көпшілікке қолжетімді болатындығы туралы сот шешімі болған жағдайда мұндай тыйымды алып тастауды заңнамалық реттеу көзделген.

Қазақстан заңнамасында коммерциялық құпияны қорғау шараларын кәсіпкердің өзі жүзеге асыратыны белгіленген (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабының 1-тармағы). Кәсіпкер қорғаныс шараларын қолдана алады:

- оның тізімін;

- оған еркін қол жеткізе алатын, сондай-ақ олардан жарияламау туралы қолхат алатын тұлғаларды анықтау;

- оны сақтау және пайдалану шарттары мен тәртібі, сондай-ақ осы Шарттар мен тәртіптің сақталуын бақылау (осы баптың 2-6 тармақтары).

Ақпарат, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құралдар объектілерін қорғау үшін меншік иесі электрондық құжаттардың - электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесімен немесе иеленушісімен бірлесіп, оның объектісін пайдалану және ресурстарға қол жеткізу тәртібін айқындайды (осы Заңның 16-бабының 5-тармағы), сондай-ақ электрондық құжаттарды-электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесімен:

- электрондық құжаттарды «өңдеу, қорғау және оларға қол жеткізу режимі мен ережелерін»;

- ақпараттық-коммуникациялық құралдарды «қорғау және оларға қол жеткізу тәртібі мен ережелерін»

- «электрондық құжаттарды сақтау, көшіру және тарату кезінде оларға билік ету шарттарын айқындау»;

- ақпараттық-коммуникациялық құралдарды «иелену және пайдалану шарттарын» (қарастырылып отырған заңның 16-бабы 1-тармағының 2-5-тармақшалары) анықтай алады.

Ақпараттық-коммуникациялық құралдарының иесі төмендегілерден анықтай алады:

- осы объектінің меншік иесі айқындаған шарттарға сәйкес үшінші тұлғалардың ақпараттық-коммуникациялық құралдарға қол жеткізу және пайдалану шарттары;

- ақпараттық жүйеде электрондық құжаттарды өңдеу шарттары (осы Заңның 17-бабының 1-тармағы).

ҚР АҚ Ерекше бөлімінде қорғау шараларын қолданбаған жағдайда, кәсіпкер коммерциялық құпияны қорғау құқығына ие бола алмайтыны анықталды. Жалпы, мұндай құқық егер ақпаратты коммерциялық құпияға жатқызудың жоғарыда аталған барлық үш белгісі (коммерциялық құндылықтың болуы осыған байланысты үшінші тұлғаларға белгісіз болса, қолжетімділіктің болмауы, оның иесі қорғау шараларын қолданса) сақталса ғана қолданылады. Олардың біреуін орындамау коммерциялық құпияны қорғау құқығынан айырылуға әкеп соғады (1017-баптың 1 және 4-тармақтары).

Алайда, егер коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты басқа тұлға дербес және заңды түрде алса, онда мұндай іс-әрекет коммерциялық құпияны бұзу болып саналмайды, ал аталған тұлға осы ақпаратты пайдалана алады және ҚР АҚ Ерекше бөлімінің 1018-бабының 4-тармағына сәйкес «оның (коммерциялық құпияны иеленушінің) алдында мұндай пайдалану үшін жауап

бермейді». Бұл нормалар ЕО-да қолданылатын нормаларға ұқсас екенін атап өтеміз.

Жоғарыда аталған ЕО директивасына сәйкес, кәсіпкер оны құпияда сақтау үшін тиісті шаралар қабылдаған жағдайда ғана коммерциялық құпияны қорғауға құқылы (2-баптың 1 (с) тармағы). Мұндай шараларға төмендегілер жатқызылуы мүмкін:

- коммерциялық ақпаратты өңдеуге арналған арнайы процедуралар, оның ішінде технологиялық қорғау шаралары;

- шарттық шаралар (мысалы, ақпаратты жарияламау туралы ережелерді шартқа енгізу).

Заңнамалық қорғау коммерциялық ақпаратқа заңсыз қол жеткізуге жол бермеу болып табылады. Алайда, ЕО-ның коммерциялық құпия туралы директивасында егер коммерциялық құпияның иесі оны құпия сақтау үшін тиісті шаралар қолданбаса, заңсыз қолжетімділік пен пайдалану болмайтындығы анықталды. Бұдан басқа, егер коммерциялық құпияға жатқызылған ақпаратты бір мезгілде жатқызылған ақпаратты бір мезгілде және басқа кәсіпкер немесе өзге әзірлеуші дербес әзірлесе, коммерциялық құпияға заңсыз қол жеткізу немесе пайдалану орын алған болып есептелмейді. Сондай-ақ, егер коммерциялық құпияға қол жеткізу көпшілікке ашық болса, оны пайдалану заңсыз болып саналмайды.

Қазақстан заңнамасында коммерциялық құпияны қорғаудың келесі шаралары белгіленген:

- заңсыз ақпарат алған немесе ұсынған тұлғаның зардап шеккен тарапқа келтірген зиянын өтеуі (ҚР АҚ 126-бабының 2-тармағы, ҚР Кәсіпкерлік кодесінің 12-бабының 1-тармағы және ҚР АҚ Ерекше бөлігінің 1018-бабының 1 және 2-тармақтары);

- кәсіпкерлік қызметте коммерциялық құпияны оның иесінің келісімінсіз пайдалануға тыйым салу (Кәсіпкерлік кодекстің 177-бабының 1 және 2-тармақтары және 189-бабы);

- егер ірі көлемде залал келтірмесе, коммерциялық құпияға қолжетімділігі бар тұлғалардың сол құпияны жария еткені үшін айыппұл (ӘҚБтК-нің 240-бабы) салынады[121];

1) коммерциялық құпияны заңсыз жинағаны үшін, оның ішінде «байланыс құралдарында ұстап алу, компьютерлік жүйеге немесе желіге заңсыз кіру, арнайы техникалық құралдарды пайдалану арқылы» осы мониторингті жүзеге асыратын тұлғалардың одан әрі жария етуі/пайдалануы үшін деңгейлес мониторинг барысында;

2) жұмысты жүзеге асыру шеңберінде алынған коммерциялық құпияны кәсіпкер үшін ірі залал келтірген оның иесінің келісімінсіз жеке мақсатта жария еткені/пайдаланғаны үшін (ҚР Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) 223-бабының 1 және 2-тармақтары) айыппұл немесе түзеу/қоғамдық жұмысқа тарту не бас бостандығын шектеу/айыру [122].

Кәсіпкерлік Кодексінің 223-бабында коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты оның иесінің келісімінсіз пайдалану жосықсыз

бәсекелестікке жатқызылады. Өз кезегінде, «артықшылықтар алуға бағытталған кез келген әрекеттер жосықсыз бәсекелестік болып табылады» (осы Кодекстің 177-бабының 1-тармағы). Жосықсыз бәсекеге тыйым салынады:

- коммерциялық құпияны иеленушінің коммерциялық болып табылатын ақпаратты заңсыз пайланушыдан «оны пайдалануды дереу тоқтатуды» талап етуге құқылы (ҚР АҚ Ерекше бөлімінің 1018-бабының 3-тармағы).

- егер ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланушы тұлға оны таратуға құқығы жоқ тұлғадан алса, ол туралы ақпаратты алушы білмесе және білуге тиіс болмаса (адал ниетті алушы), ашылмаған ақпараттың заңды иесі адал ниетті алушы оны пайдалану заңсыз екенін білмесе, оны айрықша тегін лицензия талаптарымен одан әрі пайдалануға рұқсат беруі мүмкін. Осылайша, заңнамада коммерциялық ақпаратты құрайтын ақпаратты сатып алған адал ниетті сатып алушыларды қорғау қарастырылған.

ЕО-ның коммерциялық құпия туралы директивасында келесі құқықтық қорғау шаралары қарастырылған:

- коммерциялық құпияны ашуға және пайдалануға тыйым салу;
- контрафактілік тауарларды өндіруге және сатуға, сондай-ақ пайдалануға тыйым салу;
- контрафактілік тауарларды кері қайтарып алу, алу және жою;
- жіберіп алған пайданы ақшалай өтемақы түрінде өтеу (12-баптың 1,2-тармақтары және 14 - баптың 2-тармағы).

Алайда, сот алдында:

- ақпараттық коммерциялық құпия болып табылатынын;
- иелену құқығын;
- коммерциялық құпия туралы заңның бұзылуын (жария ету, заңсыз қол жеткізу және т.б.) өтініш берушіге жүктеледі (ЕО коммерциялық құпия туралы директивасының 11-бабының 1-тармағы).

Айта кетейік, Қазақстанда нарықта контрафактілік тауарды алып қою және оған жол бермеудің басқа да шаралары қарастырылған. Бұл нормалар ҚР ҚК-нің 198 - бабымен «Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу» және «Тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, фирмалық атауды, географиялық нұсқаманы және тауар шығарылған жердің атауын заңсыз пайдалану» 222 бабымен реттеледі. Алайда, онда коммерциялық құпияны қозғамай, тіркелген зияткерлік меншік туралы айтылады. Кәсіпкерлік қызметтегі, оның ішінде электрондық саудадағы коммерциялық құпияны қорғаудың маңыздылығын ескере отырып, коммерциялық құпия ақпараттың бір түрі екенін мойындау керек, ол өз кезегінде азаматтық құқық объектісі ретінде танылады [123, 79б.].

ҚР АҚ 126-бапта коммерциялық құпияның анықтамасы берілген, онда азаматтық заңнамада үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты және потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат қорғалады делінген.

М.К. Сүлейменов пен Ю.Г.Басиннің пікірінше, осы анықтамадан келесі белгілерді анықтауға болады:

- ақпараттың үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе ықтимал коммерциялық құндылығы бар;

- үшінші тұлғаларға заңды негізде ақпаратқа қолжетімділігі жоқ;

- ақпарат иесі оның құпиялылығын сақтау үшін шаралар қабылдайды [96].

Адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін контрафактілік тауарларды болдырмау үшін ҚР «Коммерциялық құпия туралы» Заңын қабылдау қажет.

Екінші тарау бойынша тұжырымдар:

Осы тарауда Қазақстанда электрондық сауда саласындағы мәмілелерді жасау мен орындаудың заңнамалық тетіктері туралы жүргізілген талдау негізінде мынадай қорытынды жасауға тырысамыз.

Біріншіден, мәмілелердің оның ішінде электрондық мәміленің құқықтық табиғатын зерттей отырып, электрондық мәміле дәстүрлі мәміле сияқты жеке және заңды тұлғаның заңды ерікті әрекеттерінде көрінетін, азаматтық құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне және тоқтатылуына бағытталған және белгілі бір заңды салдарды тудыратын заңды факт болып табылады. Осылайша, электрондық мәміленің мәні әдеттегідей құқықтық салдардың басталуында жатыр. Сонымен қатар, электрондық мәміле белгілеріне дәстүрлі мәміле белгілерінен басқа: интерактивтілік, жеделдік, ұсыныстар мен жарнаманың мультимедиялық сипаты сияқты ерекше белгілерді қосу қажет екенін мойындау қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде; сондай-ақ электрондық мәміле электрондық сауданың жүзеге асыру тәсілі болып табылатынын ескере отыра, ҚР АҚ мәміленің ауызша мен жазбаша нысандарымен қатар электрондық нысанын жеке көрсету ұсынылады. Осы терминнің мазмұнын былайша айқындау қажет деп санаймыз: «Электрондық мәміле - электронды құжатты және/немесе электронды хабарламаны ақпаратты электрондық тасымалдаушының көмегімен алмасу арқылы жасалатын мәміленің нысаны.»

Екіншіден, ҚР Азаматтық кодексінде электрондық мәміле субъектілері болып бірдей құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігі бар дәстүрлі мәміленің субъектілерін көрсетеді. Алайда, ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдануға байланысты жалпы электрондық сауданың және атап айтқанда электрондық мәміленің ерекше сипаттамаларын ескере отырып, электрондық мәмілеге қатысушылар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді дәстүрлі сатып алушы мен сатушыдан басқа, сондай-ақ:

- ЭЦҚ түпнұсқалығын куәландыратын сертификаттаушы провайдердің;

- мәміленің қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуде рөлі маңызды болып табылатын электрондық хабарламалардың алмасуын қамтамасыз ететін байланыс қызметтерінің провайдері болып табылады деп есептейміз.

Үшіншіден, ҚР АҚ нормаларынан электрондық мәмілелерді жасасу тәсілдері мыналар болып табылады: бір электрондық құжатты жасау, электрондық құжаттармен алмасу, офертаға жауап ретінде іс-қимыл түріндегі

акцепт. Бұл ретте мәміленің бірінші кезеңі - оферта, яғни қол қойылған электрондық құжат - шарт жасасу туралы ұсыныс, ал екінші кезеңі - акцепт, яғни екінші тараптың осы ұсынысты қабылдауы.

Жарнама қол қойылған құжат болып табылмайтындығына байланысты жарнаманы офертадан ажырату қажет деп санаймыз: оферта - бұл белгісіз адамдар тобына жасалған ұсыныс, ал жарнама - тек ұсынысқа шақыру болып табылады.

Бұдан басқа, ҚР Азаматтық кодексінде және Сауда қызметін реттеу туралы ҚР Заңында акцепт нысанына нақты нұсқау жоқ. Осыған байланысты, ҚР Сауда қызметін реттеу туралы Заңының 29-бабының 1-тармағына мынадай мазмұндағы толықтыруды енгізу ұсынылады: «Офертаны электрондық нысанда алған сатып алушы электрондық нысанда электрондық мәміле жасасу туралы өзінің келісімін беруі тиіс, бұл офертаға акцепт болып табылады».

Төртіншіден, осы тарауда жүргізілген талдау негізінде шартты нотариаттық куәландыру үшін тараптар нотариустың қатысуымен оған қол қоюының заңнамалық талабы туралы және заңнамада нотариустың қашықтықта жасалатын электрондық мәмілені куәландыру тетігінің жоқтығы туралы, сондай-ақ мұндай мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы норманың жоқтығы туралы қорытынды жасалады. Осыған байланысты Нотариат туралы заңда 44-1-баптың екінші абзацы мынадай мазмұндағы нормамен толықтыру ұсынылады: «Мәміле тараптары мен нотариус келіскен жағдайда, электрондық мәміле жасау кезінде нотариустың қатысуы бейнебайланыс арқылы қамтамасыз етілуі мүмкін».

Бесіншіден, электрондық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін тауарларды болдырмау үшін Қазақстан Республикасының «Коммерциялық құпия туралы» заңын қабылдау қажет.

3 ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДАНЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

3.1 Электрондық шарттардың жарамдылығы және жарамсыздығы

Алдыңғы тарауда электрондық шарттарды жасау механизмдері, оның ішінде осы процесте сыртқы қажетсіз кедергілерден сақтануға қатысты ақпараттық қауіпсіздік мәселелері қарастырылған болатын. Бұл ретте жасалатын шарттардың жарамдылығы мен жарамсыздығы мәселелерінің жалпы алғанда шарттарды да, атап айтқанда, электрондық шарттарды да құқықтық реттеуде де зор маңызға ие.

Ю.П.Егоров осы мәмілелердің құқықтық режимінің құрамдас бөлігі ретінде мәмілелердің жарамдылығы мен жарамсыздығы туралы нормалардың маңыздылығын атап өтіп, жарамдылық нормаларына қатысты бұл маңыздылық «заң шығарушының заңдағы субъектілердің мүдделерінің тепе-теңдігін барынша қамтамасыз ететін құқықтық құрылымдарды құруға деген ұмтылысымен түсіндіреді», мұндай нормалардың болмауы әрекеттің тұтастай алғанда мәміле ретінде немесе белгілі бір түрдегі мәміле ретінде саралануы тұрғысынан құқықты қолдануды қиындатады, бұл да өз кезегінде құқық қолдану тәжірибесінде мәмілелердің әр түрінің құқықтық болмысының ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік бермейді. Автордың пікірінше, мәмілелердің жарамсыздығы туралы нормалардың маңыздылығы – олардың, «мәміле құбылысын танудың немесе оған мұндай заңды күш бермеудің құқықтық шекарасы» болып табылады [88, 475 б.]. Мәмілелердің, атап айтқанда, шарттардың жарамдылығы мен жарамсыздығы туралы нормалардың жалпы сипаттамасы олар белгілі бір азаматтық-құқықтық әрекеттің мәміле/шарт болып табылатындығын немесе мәміле /шарт болып табылмайтындығын анықтауға мүмкіндік береді.

Ф.С.Хейфец өзінің «Ресей азаматтық құқығы бойынша мәмілелердің жарамсыздығы» атты еңбегінде, шартты мәміменің бір түрі ретіндегі «төрт элементтің бірлігімен» сипатталады деп атап өтіп және осы элементтерге қойылатын негізгі талаптарды келтіреді:

- мазмұны: мазмұнның құқықтық актілерге сәйкестігі;
- субъектілері: мәміле субъектілерінің құқық субъектілігі, оның ішінде құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттелігі;
- субъективтік жағы: бұрмалаусыз берілген ерік бостандығы;
- нысаны: нысанның заң немесе келісім талаптарына сәйкестігі және «көрсетілген барлық төрт шарттың жиынтығы ғана мәміленің жарамдылығын қамтамасыз етеді және олардың еркі қол жеткізуге бағытталған құқықтық нәтижелерге әкеледі» деп мәлімдейді [124, 48-49 б.].

Айта кетейік, Ю.П.Егоров өзінің докторлық диссертациясында «мазмұн» элементінің аясында шарттың елеулі шарттары мен мақсатты бағытталуын да қарастырады. Автор «мақсат мазмұнды таңдау арқылы нақтыланады деп тұжырымдайды. Мазмұнға қойылатын нақты талаптарды сақтау нәтижесі

мәміле мақсатының нақты орындалатынын көрсетеді» деп белгілейді. Бұл ретте, мазмұнның заңнама талаптарына сәйкестігі «қандай жағдайда болмасын, келісуге жататын мәміленің елеулі шарттарының заң талаптарына қайшы келмеуі болып табылады». Сонымен қатар автор, егер мәміленің елеусіз шарттары заң талаптарына сәйкес келмейтін жағдайында, олар одан алынып тасталатынын түсіндіреді: «Дәл осы себепті, мәміленің басқа бөліктерінің жарамдылығы жағдайында оның бір бөлігінің жарамсыздығын көрсететін РФ АҚ 180-бабының құрылымы осынысымен құнды» дейді [88, 239-240 б.].

Әрі қарай Ю.П.Егоров «мәмілесінің елеулі белгілерінің бірінің болмауы, қалаған құқықтық салдардың туындамауына әкеліп соғатын құбылысты мәміле ретінде қарастыруды жоққа шығарады. Мұндай жағдайда құқықтық салдарлар тұтастай құқықтық құбылыс ретіндегі мәмілемен емес, оның кейбір белгілерін қамтитын әрекетпен байланысты болады», - деп көрсетеді [88, 303 б.].

Сондай-ақ, ресейлік ғалымдар мәмілені/шартты жарамды деп жіктеудің негізгі белгісі ретінде оның заңнамада көзделген талаптарға сәйкестігін ұсынады [125, 287 б.]. Бұдан басқа, жарамсыз мәмілелерді/шарттарды жоғарыда аталған мәміленің негізгі элементтерінің қайсысының (мазмұны, нысаны, субъектісі және оның ерік білдіру бостандығы) бұзылуы заңнамаға сәйкес болмауына немесе орындалмағанына байланысты 4 топқа жіктеу ұсынылады [125, 297 б.].

Қазақстандық ғалымдар М.К.Сулейменов пен Ю.Г.Басин де жарамсыз мәмілелерді/шарттарды 4 негіз бойынша бөліп қарастырады. Бұған келесі талаптардың бұзылуы жатады:

- мәміле нысаны бойынша;
- оның шарттарының заңдылығы туралы, яғни мазмұнының заңдылығы туралы;
- мәмілеге қатысушылардың мәміле қабілеттілігі туралы;
- олардың ерік білдіруінің бостандығы және бара барлығы туралы» [96].

Жарамсыз мәмілелердің/шарттардың бірінші тобына авторлар заңдарға немесе тараптардың келісіміне сәйкес нысанына қойылатын талаптарды бұзу олардың жарамсыздығына әкеп соқтыратындарды жатқызады. Сонымен, авторлар ҚР АҚ нормаларына түсініктеме бере отырып, «Заңнан екі жауап шығады: бірі жалпы ереже ретінде, екіншісі жалпы ережеден тыс қолданылады. Жалпы ереже: мәміленің жазбаша нысанының бұзылуы оның жарамсыздығына әкеліп соқтырмайды бірақ оның бар екенін және оның шарттарын дәлелдеуде едәуір қиындықтар тудырады. Ережеден тыс тұстар да бар. Мысалы, егер заңмен немесе тараптардың келісімімен жазбаша нысанның талабына нысанды бұзу мәміленің жарамсыздығына әкеліп соғатыны туралы сөз тіркесі қосылса, ол нысанды бұзған кезде ешқандай заңды күшке ие болмайды. Бұл жағдайда, демек, мәмілеге қойылатын міндетті талаптарды бұзудың жалпы салдары қолданылады – оның жарамсыздығы» [96].

Авторлар бірқатар жарамсыз мәмілелерді келтіреді. Мұндай мәмілелердің мысалдарының ішінде авторлар ҚР АҚ 337-бабын келтіреді. Осы баптың 2-тармағында: «Кепілпұл туралы келісім кепілпұлдың сомасына қарамастан

жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Жазбаша нысанды сақтамау кепілпұл туралы келісімнің маңызсыздығына алып келеді». Сондай-ақ, жарамсыз шарттар тізімінде авторлар нотариалды куәландыру және мемлекеттік тіркеу талаптарын бұза отырып жасалған шарттарды қарастырады.

Жарамсыз мәмілелердің/шарттардың екінші тобына авторлар мазмұны «ашық заңға қарсы» болып табылатындарды жатқызады. Бұл қылмыс жасауды, заңның императивті ережелерін орындаудан жалтаруды, жеке тұлғаларға айналымнан алынған заттарды сатуды және т.б. көздейтін мәміле шарттары болуы мүмкін. Одан әрі авторлар заңнамада шарттың белгілі бір түрі туралы нормалардың болмауы оның жарамсыздығы үшін негіз болып табылмайтындығын нақтылайды. «Мазмұны заңға тыйым салуды бұзатын мәміле жарамсыз деп танылуы тиіс. Құқықтық тәртіп пен адамгершілік негіздеріне көрінеу қайшы келетін мәмілелер заңға қайшы мәмілелерге теңестіріледі. Мысалы, баланы сату туралы мәміле» деп көрсетеді [96].

Жарамсыз мәмілелердің/шарттардың үшінші тобына авторлар ҚР АҚ көзделген жағдайларды қоспағанда, әрекетке қабілетсіз азаматтар, яғни заң бойынша мәміле жасай алмайтын, сәйкесінше, мәмілеге қабілеттілігі жоқ азаматтар жасаған мәмілелерді жатқызады. Осылайша, авторлар «азаматтың заңды күшке ие болатын мәмілелерді жасауға заңды жүзінде танылған мүмкіндігі мәмілеге қабілеттілігі болып табылады» деп жазады [96].

Жарамсыз мәмілелердің/шарттардың төртінші тобына авторлар тараптың/тараптардың шынайы еркіне сәйкес келмейтін мәмілелерді шарттарды жатқызады, мұндай сәйкессіздік саналы түрде немесе саналы емес түрде болуына байланысты емес. Осылайша, мысалы, мұндай сәйкессіздіктің саналы түрде орын алуына авторлар «мәміле жасайтын тараптың шынайы еркі мен мәміледе көрініс табатын сыртқы ерік білдіруі арасындағы сәйкессіздік жағдайлары, ал екінші тарап сәйкессіздікке қасақана кінәлі болып табылады. Мәміле жасауға итермелеудің құралы ретіндегі алдау дегеніміз оның қатысушысында мәміленің сипаты, оның субъектілері, пәні және өзге де шарттары бойынша дұрыс емес түсінігінің болуы» [96].

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама нормаларында да осы іспеттес көзқарас орын алған. ҚР АҚ 157-бабының 2-тармағына сәйкес жоғарыда аталған төрт элементтің кез келгеніне (мазмұны, нысаны, субъектісі және оның ерік білдіру бостандығы) қойылатын талаптарды бұзу шарттың жарамсыздығына әкеп соғады. Бұл жарамсыздық «оның жарамсыздығына байланысты және жасалған кезінен бастап жарамсыз болған мәмілелерді қоспағанда, егер осы Кодексте, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе немесе мәміленің мәнінен немесе мазмұнынан өзгеше түрде туындамаса, жарамсыз мәміле заңдық салдарларға алып келмейді» (157-1-бабының 2-тармағы).

Сонымен бірге ҚР АҚ 161-бабына сәйкес шарттың елеулі емес талаптарының жарамсыздығы бүкіл шарттың жарамсыздығына әкеп соқпайды. Осылай аталған бұл бап бойынша: «Егер мәмілені оның жарамсыз бөлігін енгізбей-ақ жасауға болар еді деп ойлау мүмкін болса, мәміленің бір бөлігінің

жарамсыздығы оның басқа бөліктерінің жарамсыз болуына әкеліп соқтырмайды», - деп көрсетілген.

Заң шығарушы жарамсыз шарттарды Ресей заңнамасына ұқсас екі түрге бөледі:

- маңызсыз;

- дауланатын (ҚР АҚ 157-бап).

ҚР АҚ 157-бабының 1-тармағы олардың арасындағы айырмашылықтарды белгілейді. Мәселен, «осындай деп тануына (маңызсыз мәміле) қарамастан, заңнамалық актілерде тікелей көзделген негіздер бойынша» шарттар маңызсыз деп танылады. Ал, жарамсыздығы заңнамалық актілерде тікелей көзделмеген, бірақ оның нормалары негізінде сот жарамсыз деп тануы мүмкін шарттар дауланатын мәмілеге жатады.

Ғылыми заң әдебиеттерінде маңызсыз және дауланатын мәмілелер арасындағы келесі айырмашылықтар келтірілген. Г.Ф.Шершеневич «Азаматтық құқық курсы» еңбегінде абсолютті жарамсыз сияқты қасиеті бар маңызсыз мәміле кезінде «ол тараптар ешқандай заңды акт жасамағандай, заң бойынша ешқандай заңды салдар туындатпайды», ал автор қасиеттерін салыстырмалы жарамсыздық деп те атайтын дауланатын мәміле де заңды салдарлар бар, бірақ мәміле «мүдделі тұлғаның талабы немесе қарсылығы бойынша» бұл салдарлардан айырылуы мүмкін, яғни сот тәртібімен даулануы мүмкін [126, 168-169 б.].

Осыған ұқсас пікірлерді Қазақстан Республикасының Заңнама Институтының сараптамалық есебінің екінші тарауында авторлар да атап өтеді. Олар қарастырылып отырған мәміле соттың оны жарамсыз деп тануы заңды күшіне енгеннен кейін ғана жарамсыз деп саналуы керек деп санайды; кез-келген кішігірім мәміле оны соттың мойындауына қарамастан жарамсыз болып қалады; кішігірім мәмілелер оны жасасудан бастап барлық қатысушылар үшін айтарлықтай әсер етпейді және мүмкін емес [82, 58 б.].

В.И.Синайский өзінің «Орыс азаматтық құқығы (Ресей цивилистикалық классикасы)» атты кітабында маңызсыз және дауланатын мәмілені қарастырылып отырған мәміленің жеке немесе жария түрде қандай мүддесі бұзылғандығы бойынша ажыратады. Сонымен автор маңызсыз мәміле кезінде «оның жарамсыздығы барлық тұлғаларға қатысты орын алады», ал дауланатын мәміле кезінде «мәміленің жарамсыздығы тек белгілі бір тұлғаларға қатысты ғана болады» деп жазады [127, 166-167 б.].

М.К.Сүлейменов пен Ю.Г.Басин В.И.Синайскийдің пікірмен келеседі және оқу құралында маңызсыз және дауланатын мәмілелер арасындағы айырмашылық «мәміле жасау кезінде кімнің мүдделері (жеке немесе жария) бұзылғандығында, және сәйкесінше тиісті талаппен сотқа жүгінуге кімнің құқығының болуында» деп тұжырым жасайды [96].

Жарамсыз мәмілелерді маңызсыз және дауланатын деп бөлу Қазақстан Республикасының заңнамасында 2017 жылдан бастап орын алған. Бұрын мәміленің жарамсыздығы тек сот арқылы танылатын. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін әзірлеуге қатысқан М.К.Сүлейменов пен

Ю.Г.Басин, мұны мұндай бөлу тек ҚР АҚ нормаларында белгіленген мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар тұлғаны анықтау үшін ғана қажет екендігімен түсіндіреді [96].

Кейінірек М.К.Сүлейменов 2003 жылғы «Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша азаматтық құқықтарды қорғау» атты мақаласында қарастырылып отырған заңнама нормасын жетілдіру қажеттілігін таниды: «кез-келген мәміле, айқын заңсыз болса да, құқықтық тәртіп пен адамгершілік негіздеріне көрінеу қайшы болса да, тек сот шешімімен ғана жарамсыз деп танылуы мүмкін. Демек, егер талап қою мерзімі өтіп кетсе де, тіпті мұндай мәмілелерді де жарамсыз деп тануға болмайды. ҚР АҚ шұғыл түрде маңызсыз және дауланатын мәмілелер ұғымдарын енгізу қажет» деп көрсетеді [128, 28 б.].

Айта кететін жайт, ғылыми әдебиеттерде жарамсыз мәмілелерді маңызсыз және дауланатын мәмілелерге бөлу мәселесі пікірталас тудыратынын атап өткен жөн. Мысалы, жарамсыз мәмілелерді маңызсыз және дауланатын мәмілелерге бөлудің дұрыстығын Е.В.Нестеров [129] және А.Г.Диденко [130] сияқты қазақстандық ғалымдар қолдайды.

Мұндай тұжырымдармен, жарамсыз мәмілелерді оларды жетілдірудегі түбегейлі өзгеріс ретінде маңызсыз және дауланатын деп бөлуді заңнамада бекіту туралы өз ұсыныстарын көрсеткен ҚР ЗИ Сараптамалық есебінің авторлары болып табылатындар да, сонымен қатар ҚР АҚ жоғарыда айтылған мәмілелердің маңызсыздығы туралы нормаларды енгізуді көздейтін өзгерістердің әзірлеушілер де келіседі [82, 58 б.].

Алайда 10 жылдан астам уақыт өткеннен кейін М.К.Сүлейменов «Қазақстан заңнамасындағы маңызсыз мәміле санатын нормативтік бекіту: уақыт талабы ма немесе басқалардың қателіктерін қайталау ма?» деген мақаласында өзінің пікірін ресейдің заңнамалық және сот тәжірибесіне сүйене отырып, жарамсыз мәмілелерді маңызсыз және дауланатын деп бөлудің қажеттілігі жоқ деген бастапқы пікірді тағы да ұстанады. Осылайша, автор Ресейде мұндай бөлуді Қазақстаннан бұрын енгізсе де, ғалымдар мен ресейлік судьялар сот тәжірибесінде жарамсыз мәмілелерді маңызсыз және дауланатын деп бөлудің бірқатар проблемаларын кезіктіргенін атап өтеді. Қарастырылып отырған ғылыми мақалада автор азаматтық құқықта «жарамсыз мәміле» ұғымымен қатар қолданылған «жасалмаған мәміле» және «жасалмаған шарт» ұғымдарының сот практикасында кеңінен қолданылғанын көрсетеді. Ғалым «орындалмаған мәміле» мен «маңызсыз мәмілені» сәйкес ұғымдар ретінде таниды және маңызсыз мәмілені орындалмаған мәміленің бір түрі ретінде қарастыруды ұсынады және сонымен бірге барлық жарамсыз мәмілелер дауланатын мәміле болады және барлық маңызсыз мәмілелер орындалмаған мәмілелер болады деп санайды [131].

Айта кетейік, мысалы, К.М.Илиясова өзінің «Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасындағы «жарамсыз» және «жасалмаған» мәмілелер ұғымдарының арақатынасы туралы» атты мақаласында маңызсыз мәміле мен жасалмаған мәміле бірдей емес, себебі мұндай мәмілелердің салдары әртүрлі деп мәлімдейді. Автор былай деп жазады: «жасалмаған мәміле жасалған

мәміле болып табылмайды және жасалған мәміле үшін көзделген құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды маңызсыз мәміле – жасалған мәміле және белгілі бір жағдайларда оның бағытына байланысты белгілі бір құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін» [132].

Бірақ ғалымдардың пайымдауларына қарамастан, 2016 жылдың 7 шелдесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Мәмілелердің жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Нормативтік Қаулысы қабылданды, онда егер мәміле заңда белгіленген негіздер бойынша оны сот осылай деп тануына байланысты (дауланатын мәміле) немесе оның жарамсыздығы заңда тікелей көрсетуге байланысты мұндай тануға қарамастан (маңызсыз мәміле) жарамсыз болуы мүмкін екендігі нақты көрсетілген [133]. Кейінірек, 2017 жылы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде маңызсыз және дауланатын мәмілелер туралы 157-баппен толықтырылды.

ҚР АҚ 157-бабына қайта оралсақ, қандай келісім шарттар заң шығарушымен жарамсыз деп танылатынын; қандай мәмілелер маңызсыз және қандай мәмілелер дауланатын деп танылатындарын қарастырайық. Төменде келтірілген кестелерде мәмілелерді аталған топтарға жатқызу негіздері келтірілген (кесте 3 және 4). Бұл ретте, ҚР АҚ берілген маңызсыз және дауланатын мәмілелер/шарттар анықтамасына сәйкес, маңызсыз мәмілелер кестесіне заңнамада тікелей маңызсыз мәмілеге жатқызылғандары келтірілген, ал қалған жарамсыз мәмілелер – дауланатын мәмілелер кестесіне енгізілген. Бұл сонымен қатар ҚР АҚ 158-бабының 1-тармағының нормасына сәйкес келеді, ол бойынша: «Мазмұны заңнама талаптарына сәйкес келмейтін мәміле, сондай-ақ құқықтық тәртіп негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсатпен жасалған мәміле, егер осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, дауланатын мәміле болып табылады». Демек, шарттың маңыздылығын тікелей көрсетпейтін заңнама нормаларын бұзған жағдайда шарт дауланатын болып табылады.

Сонымен қатар республиканың өзге заңнамалық актілерінде жарамсыз мәмілелер/шарттар туралы нормаларының болуына қарамастан, бұл тармақта біз бірінші кезекте ҚР АҚ 4-тарауына енгенгізілген «Мәмілелер» нормаларын қарастырамыз. Өзге актілердің нормалары негізінен электрондық шарттар мен электрондық сауданың ерекшеліктерін сипаттайды.

3-кестеден көріп отырғанымыздай, ҚР АҚ нормаларынан шартты маңызсыз, яғни тараптар үшін заңды салдары жоқ деп жіктеудің 9 негізі туындайды. Оның үстіне, егер оларды шартты элементтеріне (нысаны, мазмұны, субъектісі және ерік білдіру бостандығы) қатысты жоғарыда аталған негіздер бойынша жіктейтін болсақ, онда:

- олардың төртеуін заңнамада мазмұнға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін;
- қалған екеуі субъектілерге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін;
- үшеуі нысанға қойылатын талаптарға сәйкес келмейді деп жіктеуге болады.

Мысалы, қызметтер көрсетілетін шарттар лицензиялауды талап етеді; сондықтан, егер мұндай шарттар онсыз жасалса, олардың мазмұны қызметті жүзеге асыру шарттарына қатысты заңнамаға сәйкес келмейді деп танылады. Біз бұл жерде тараптардың кез келгені бұл фактіні білді ме деген мәселені талқыламаймыз. Мұндай жағдайларда маңыздысы нәрсе-келісімшарттың барлығын жарамсыз деп жариялау.

Маңызсыз мәмілелер мәміле мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес жалған және қулықпен жасалған мәміле болып бөлінеді. Жалған мәмілелер - бұл көзбояу үшін жасалатын мәмілелер, бүркемеленген (қулықпен) мәмілелер басқа мәмілені жасыру үшін жасалған мәмілелер. Жалған мәміледе, мысалы, борышқор өзінің мүлкінен айырылғысы келмей, оны туыстарының атына қайта ресімдейді, бұл ретте сыйға тарту шартын жасайды, бірақ жылжымайтын мүлікті нақты беру орын алмайды және борышқор сол пәтерде тұруды жалғастырады, ол бойынша барлық шығындарын өтеп отырады. Қулықпен жасалған мәміле кезінде жылжымайтын мүлік сыйға тарту шарты бойынша ақысыз беріледі, бірақ іс жүзінде сатушы сатып алушыдан ақша алады немесе шартта аз сома көрсетіледі, ал шын мәнінде үлкен сома төленеді. Бұл жағдайда қулықпен жасалған мәміле маңызсыз болады, ал ол бүркемеленген мәміле жарамды болады.

Субъект бөлігіндегі талаптарға сәйкес келмейтін негіздер бойынша маңызсыз мәмілеге 14 жасқа толмаған тұлғамен шарт жасасуы жатады. Алдыңғы тарауда мұндай тұлға тұрмыстық ұсақ мәмілелерді қоспағанда, өз бетінше шарт жасай алмайтындығы қарастырылған болатын. М.К.Сүлейменов пен Ю.Г.Басин мұндай жағдайларда шарттың кәмелетке толған және әрекетке қабілетті тұлға болып табылатын екінші тарап кінәлі деп танылатынын және шартқа байланысты кәмелетке толмаған тұлғаның шығындарын өтеу бойынша қосымша шығыстарды көтеретінін, ал оның ешқандай шығыстарын кәмелетке толмаған тарап та, оның ата-анасы да өтемейтінін атап өтеді. Бұл ретте, заңнама бойынша бұл кінәні дәлелдеу қажет етілмейді, керісінше кәмелетке толған тарап өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті, ол шарттың екінші тарапының кәмелетке толмағандығын білмегенін не білуі тиіс болмағанын [98].

Сондай-ақ, бұл мысалда, егер шарт оның тарапы, яғни 14 жасқа толмаған тұлға үшін тиімді болған жағдайда, оның заңды өкілінің талабы бойынша шартты сот шешімімен жарамды деп танылуы мүмкін (ҚР АҚ 159-бабының 12-тармағы). М.К.Сүлейменов РФ АҚ ұқсас нормасына талдау жасай отырып келесіні байқайды: «Әрекетке қабілетсіз қамқоршының (РФ АҚ 171-бабының 2-тармағы), жасөспірімнің ата-анасының, асырап алушысының немесе қамқоршысының (РФ АҚ 171-бабының 2-тармағы) талабы бойынша жарамды деп танылуы мүмкін мәмілелерді маңызсыз деп тану ақылға қонымсыз. Әдебиеттерде маңызсыз мәмілені мұндай «растау» мәміленің маңыздылығы ұғымымен сәйкес келмейтіні дұрыс айтылған» [131].

Нысанға қойылатын талаптардың бұзылуына байланысты шартты маңызсыз шартқа жатқызу негіздері тобынан нотариустың мәмілені/шартты куәландыру туралы талаптардың бұзылуын қарастырайық.

ҚР АҚ мұндай бұзушылық шарттың маңыздылығына алып келетіндігі тікелей көрсетілген. Мәселен, ҚР АҚ 154-бабының 1-тармағының 2-абзацында: «осы баптың 2-тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық куәландыру туралы талаптарды сақтамау мәміленің маңызсыздығына алып келеді» делінген. Көрсетілген 2-тармақ осы баптың 1-тармағына сәйкес маңызсыз мәмілені сот жарамды деп тануы мүмкін.

Айта кету керек, ҚР АҚ нотариалдық куәландыруға қарағанда, шартты міндетті мемлекеттік тіркеуге қойылатын талаптарды бұзуды маңызсыз да, дауланатын да келісім шарттарға жатқызбайды. Мәселен, ҚР АҚ 155-бабының 1-тармағында: «міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге тиіс мәмілелер тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі» делінген. Осы баптың 2-тармағына сәйкес: «Егер тараптардың бірі мәмілені мемлекеттік тіркеуден жалтарса, сот екінші тараптың талап етуімен мәміле бойынша құқықтарды тіркеу туралы шешім шығаруға құқылы». Мұндай жағдайда мәміле сот шешіміне сәйкес тіркеледі» делінген.

Кесте 3.

Маңызсыз мәмілелер

№	Шартты маңызсыз қатарына жатқызу негіздер	заңнамалық норма	қоспағанда	Шарттың бұзылған элементі
1	2	3	4	5
1	«қылмыстық мақсатқа жеткізуге бағытталған, оның құқыққа қайшылығы сот үкімімен (қаулысымен) белгіленген мәміле»	ҚР АҚ 158-б. 2-т.		Мазмұны
2	қажетті рұқсатты алмай не рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін жасалған мәміле	ҚР АҚ 159-б. 1-т.		Мазмұны
3	тараптың бірі – 14 жасқа толмаған адам	ҚР АҚ 159-б. 3-т және 12-т. ҚР АҚ 23-б. 1-т және 2-т	1) егер олар осы тұлғалардың пайдасына жасалған болса; 2) оның атынан заңды өкіл жасасқан; 3) тұрмыстық ұсақ мәмілелер	Субъект

Кестенің жалғасы

4	Тараптардың бірінің әрекет қабілеттілігі жоқ (есуастық немесе ақыл-есі кем болуы салдарынан)	ҚР АҚ 159-б. 5-т және 12-т.	егер шарт осы тұлғалардың пайдасына жасалған болса.	Субъект
5	«ҚР заңдарында немесе тараптардың келісімінде тікелей көрсетілген жағдайларда электрондық нысаны (құжат түрінде) сақталмаған кезде	ҚР АҚ 153-б. 2-т.		Нысаны
6	Электрондық нысан сақталмаған кезде сыртқы экономикалық мәміле (құжатпен ресімделген)	ҚР АҚ 153-б, 3-т.		Нысаны
7	Мәмілені/шартты «нотариаттық куәландыру туралы талаптарды сақтамау»	ҚР АҚ 154-б, 1	Егер шартты тараптардың кем дегенде біреуінде орындалса, «мазмұны бойынша заңнамаға қайшы келмейді және үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзбайды»	Нысаны
8	Жалған	ҚР АҚ 160-б. 1-т.		Мазмұны
9	Құлықпен	ҚР АҚ 160-б, 2-т.		Мазмұны
<i>Ескертпе: автор құрастырған.</i>				

Қорытындылай келе, ҚР АҚ 155-бабында көрсетілген норма бұзылған жағдайда мәміленің маңызсыздығы тікелей көрсетілмеген және мұндай шарттың жарамсыздығына сот арқылы дауласу мүмкін екендігі айтылмаған. Сонымен қатар, М.К.Сүлейменовтің жасалған шарттарды «азаматтық құқықтың дербес санатына» ретінде бөліп қараудың жақтаушылардың жұмыстарын және қазақстандық сот тәжірибесін талдау негізінде жасалған тұжырымдарға сәйкес, жасалмаған шарттар жарамсыз шарттарға тең келмейді, өйткені жарамсыз шарттардан айырмашылығы олар жасалған заңды факт болып табылмайды [128]. Осыған байланысты, қарастырылып отырған кестеде ҚР АҚ мәмілені/шартты міндетті мемлекеттік тіркеу туралы талаптарын бұзу жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылмайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жасалатын электрондық келісімшарттарға қатысты нақты ерекшеліктер нысанына қойылатын талаптардың бұзылуына байланысты жарамсыз келісімшарттардың соңғысына енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Алдыңғы тарауларда шарттың электрондық нысаны келесі жолмен жасалуы мүмкін екенін атап кеткен болатынбыз:

- бір құжатты рәсімдеу - тараптармен қол қойылатын шарттың жасалуы;
- Электрондық цифрлық қолтаңба немесе факсимельді пайдалана отырып, жөнелтуші қол қойған құжаттармен алмасу;
- оферта шарттарын орындау бойынша әрекеттерді жүзеге асыру.

Бұл ретте жөнелтушіні сәйкестендіру маңызды, ол да ЭЦҚ қолдану арқылы жүзеге асырылады (ҚР АҚ 152-бабының 3-тармағының 2-абзацы).

Өз кезегінде, «Электрондық құжат және Электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңға сәйкес куәландырылатын сияқты ЭЦҚ-ға қойылатын талаптар, сондай-ақ Электрондық цифрлық қолтаңба үшін өз қолымен қол қою үшін көзделген салдарларға тең заңдық салдарларды тану үшін төмендегі шарттар белгіленген (1 және 10-баптары):

- Электрондық цифрлық қолтаңба түпнұсқалығын растау;
- құжатқа қол қойған тұлғаның Электрондық цифрлық қолтаңба заңды түрде иелік етуі;
- Электрондық цифрлық қолтаңба құру және куәландырушы орталықтың тіркеу куәлігін беруі.

Алдыңғы тараудың тұжырымдарынан электрондық құжатқа не өз атынан жеке тұлға, не заңды тұлғаның басшысы немесе оған уәкілеттік берілген тұлғамен қол қоюы тиіс (Электрондық құжат және Электрондық цифрлық қолтаңба туралы Заңның 1-бабының 6)-тармақшасы және 10-бабының 3-тармағы). Заңды тұлғаның Электрондық цифрлық қолтаңба басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның жеке қолтаңбасы және заңды тұлға мөрі орнына жүреді.

Осылайша, біз осы жерде қарастырылған шарттардың электрондық нысанына қойылған заңнама талаптары сақталмаған жағдайда, мұндай шарттарды маңызсыз шарттарға жатқызу қажет деп санаймыз.

Ю.П.Егоров: «заңға сәйкес мәміленің жазбаша нысанды сақтамау, оның жарамсыздығына әкеледі. Шын мәнінде, әңгіме мәміленің маңызсыздығы туралы болып отыр, себебі бұл жағдайда заң шығарушының жай жазбаша нысанды сақтамауы заңның талаптарына, демек, жария мүддеге қайшы келетін мән-жайлар ретінде қарастырылады», – деп жазды [87, 2576.]. Ю.П.Егоровтың бұл пікіріне ұқсас, жоғарыда қарастырылған электрондық шарттар нысанына қатысты заңнамада белгіленген қосымша талаптарды сақтамау осы талаптар мен жария мүдделерге қайшы келеді.

Келесі 4-кестеде дауланатын шарттар және шартты дауланатын шарттарға жатқызудың 9 негізі келтірілген. Олардың ішінде:

- екеуін біз заңнаманың оның мазмұнына қатысты қоятын талаптарына сәйкес келмейтін шарттарға жатқыздық;
- төртеуін біз оның субъектісіне заңнама талаптарына сәйкес келмейтін шарттарға жатқыздық;
- үшеуін біз ерік білдіру бостандығы заңнама талаптарына сәйкес келмейтін шарттарға жатқыздық.

Мысалдарды қарастырайық. Бірінші жағдай – ерік білдіру бостандығы бөлігінде шарттың дауланатындығы. Мысал ретінде, мұндай дауласу шарт тараптарының бірі шарт нысанасының сапасына қатысты қателесу фактісіне негізделген, бұл «оны мақсатына сай пайдалануды айтарлықтай төмендететін» жағдайды қарайық, (ҚР АҚ 159-бабының 8-тармағы).

Бұл мысалға қатысты М.К.Сүлейменов пен Ю.Г.Басин «жаңылысу» терминін «тұлғаның өзі жасаған мәміленің сипаты мен элементтері туралы дұрыс емес, қате түсінігі» деп анықтайды және тек елеулі жаңылысу ғана шартты жарамсыз деп тануға негіз бар екенін атап көрсетеді.

Бұл ретте, авторлар атап өткендей, «жаңылысудың мәні объективті сипатта болуы және мәміле туралы түсініктің бұрмалануына әкеп соқтыруы тиіс, онсыз шаруашылық айналымның қарапайым қатысушысы мұндай мәмілені жасамас еді. Маңыздысы жаңылысудың негізгі көзі емес, оның сипаты мен ауырлық дәрежесінде [131].

Сонымен, біздің қарастырып отырған жағдайда ерік білдіру бостандығына қойылатын талаптардың бұзылуы шарттың мәні туралы елеулі қате түсінікке ие тұлға оны сатып алынатын затты қолдануға болмайтын белгілі бір мақсаттар үшін сатып алатындығына негізделген.

Екінші жағдай - шарттың мазмұнға қатысты дауланатын мәміле. Мысалы ретінде, мұндай дауласатын шартта жосықсыз бәсекелестік туралы ережелер бар екендігіне негізделген жағдайды қарастырайық. Белгілі болғандай, жосықсыз бәсекелестікке Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған (Кәсіпкерлік кодекстің 177-бабының 1-тармағы). Осыған байланысты Кәсіпкерлік кодекстің осы нормасын бұзу орын алады - шарттың мазмұны кәсіпкерлік саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес келмейді.

Үшінші жағдай - шарттың субъект бөлігінде дауланатын мәміле. Мысал ретінде, мұндай дауланатын мәмілелер шарт тараптарының бірі - әрекетке қабілетті тұлға шарт жасасу кезінде оған «өз іс-әрекеттерінің мәнін түсінуге немесе оларды басқаруға» мүмкіндік бермейтін жағдайда болуына негізделген жағдайды қарастырайық (ҚР АҚ 159-бабының 7-тармағы). Бұл, мысалы, шарт жасасқан адам депрессияға ұшыраған кезде орын алуы мүмкін, бұл жасалған шарттың осы тұлғаның шынайы еркіне сәйкес келмеуіне әкеледі.

Аталған тұлғаларға қатысты М.К.Сүлейменов пен Ю.Г.Басин былай деп жазады: «Бұл әрекет қабілеттілігінен айырылмаған және шектелмеген, бірақ мәміле жасасу сәтінде олар өз әрекеттерін түсінбеген немесе оларды басқара алмаған кезде осындай интеллектуалды және ерікті жағдайда болған азаматтар туралы болып отыр. Мысалы, уақытша психикалық тұтылуды тудырған азаматтың ауруы қатты психикалық сілкініс, мас күйі және т.б.» [96].

Электрондық шарттарды жасасу кезінде субъектілерге қойылатын заңнама талаптарының сақталуы белгілі бір қиындықты білдіретінін атап өту қажет. Бұл олардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудан және арақашықтықта шарттар жасасудан тұратын ерекшелігіне байланысты.

Кесте 4. Дауланатын шарттар

№	Шартты дауланатын шартқа жатқызу үшін негіздер	ҚР АҚ нормасы	Қоспағанда	Шарттың бұзылған элементі
1	Адал бәсекелестік немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзу	159-б. 2-т.		Мазмұны
2	Мәмілеге заңды өкілдерінің келісімі жоқ 14-18 жастағы адам тарап болып табылады	159-б. 4-т; 17-б. 2-т; 22-1-б.	1) некеде тұрған; 2) эмансипацияланған тұлға	Субъект
3	Егер оның мәміле жасау сәтінде психикасының бұзылуы жағдайында болғаны дәлелденсе «нәтижесінде әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылған тұлға тарап болып табылады.	159-б. 5 және 10-т.	Егер олар осы тұлғаның пайдасына жасалса	Субъект
